

Бекітемін:

Ақкөгершін балабақшасының

Басшысы:  Г.Нарбек



Ақкөгершін бөбекжай балабақшасы МКҚК-ны

Логопедтің ұйымдастырылған іс-әрекетінің жоспары.

Логопед: Оразбаева Динара Мүсілімқызы

2022-2023 оқу жылы.

## Тақырыбы: Көгөністер

Өтілетін мерзімі: 01-02.09.2022ж

**Ұйымдастырылған іс –әрекеттің мақсаты:** Балаларды көгөністердің атаулары және олардың сыртқы белгілерін таныстыруды, осы тақырып бойынша сөздікті нақтылау және кеңейтуді жалғастыру. Күрделі сөйлемнің ішінде сын есімдер мен зат есімдерді үйлестіру, зат есімдердің көпше түрін құрау білігін қалыптастыру біліктерін қалыптастыру. Зейін, еске сақтау, ыждағаттылық, қимыл-қозғалыс үйлесімін дамыту. Қоршаған ортаға қызығушылыққа, табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс:** «Қызылша, бұршақ, шалғам, сарымсақ, бұрыш, баклажан, аскөк, ақжелкен, көгөністер» сөздерін айтқызу арқылы балалардың сөйлеу тілін жетілдіру.

**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР:** Себеттегі табиғи көгөністер, көгөністердің суреттері. Үлестірмелі материалдар. Көгөністердің суреттері.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

- Балалар, бүгін біз ертегіге саяхатқа барамыз. Ертегінің ішіне түрлі түсті жапырақтары бар жолмен жүріп жетеміз.
- Балалар, біздің жолымыздағы жапырақтардың түсі неге әртүрлі? Олар неге қызыл, қоңыр және сары түсті? Күз сөзін орыс тілінде қалай айтамыз? Балалар мұқият тыңдайды. Күз мезгілінің белгілерін естеріне түсіреді.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

- Қарандаршы, балалар, біз қай аңға қонаққа келдік?
- Бұл қоянның аты Тишка. Көктемде Тишка бақшаға көгөністер отырғызды. Жаз бойы ол өсімдіктерге күтім жасап, бақшаны суғарып жүрді. Тишканың бақшасындағы барлық өсімдіктер өніп-өсті.
- Суретке қарандар да, Тишканың бақшасында не өскенін тауып көріңдер.
- Мұның бәрін бір сөзбен қалай атауға болады?
- Көгөністер сөзін орыс тілінде қалай атауға болады?
- Егін жинайтын уақыт келді. Жүйектерге қарандаршы, балалар, кейбір көгөністер жердің бетінде, ал басқалары жердің астында өседі. Біз кейбір

көгөністерді қазып немесе жұлып аламыз, ал басқаларын үзіп немесе қиып аламыз.

Педагог балалардан көгөністерді екі қатарға тізіп қоюды сұрайды. Жоғарғы қатарға жердің бетінде өсетін көгөністерді, ал төменгі қатарға жердің астында өсетін көгөністерді қойып, оларды қалай жинайтынын айтуды ұсынады.

Көгөністердің орыс тіліндегі атауларын нақтылайды.

- Міне, біз Тишкаға егін жинауға көмектесіп болдық. Тишка барлық көгөністерді қоймаға жинап қойды. Қойманың іші қараңғы, онда ештеңе көрінбейді. Тишка түскі ас дайындағысы келді. Ол қоймадан ештеңе таба алмай тұр.

Педагог балаларға қойманың кіреберісінен көгөністерді алып, себетке жинап, өзінің әрекеттері туралы айтып беруді ұсынады. Мысалы:

- Мен қиярды салып қойдым. Ол сопақ, жасыл, қатты.

- Маржан не істеді?

- Алмас не істеді?

Содан кейін екі бала туралы бірге айтуды ұсынады.

Алмас себетке қызыл қызанақты салды, Маржан жасыл қиярды салды.

Педагог балаларға көгөністердің орыс және ағылшын тілдеріндегі атауларын айтады.

## 2.2. Сергіту сәті «Бау-бақша».

Бау-бақшаға барайық,

Жүзім теріп алайық,

Себетке біз салайық

Бау-бақшаға барайық,

Алма теріп алайық,

Ең үлкенін, дәмдісін,

Анамызға сыйлайық!

- Міне, балалар, енді Тишкада қыс бойы жететін азық қоры бар.

Педагог балаларға «Біреу - көп» дидактикалық ойынын ойнауды ұсынады.

Қызанақ - қызанақтар, бұрыш - бұрыштар, қияр - қиярлар және тағы басқа.

- Тишка көгөністерден не пісіре алады?

Балалар көгөніс атауларының жеке және көпше түрін айтады.

### 3. ҚОРЫТЫНДЫ

Тишка балаларға астықты жинауға көмектескендері үшін алғыс айтады және

«Мұқият бол» дидактикалық ойынын ойнауды ұсынады. Балалардың алдына 4

суреттің карточкасы шығарылып, оның 3-інің атауы ғана аталады.

Балалар атауы аталмай қалған көгөністерді атайды. Балалар Тишкаға алғыс

айтады.

#### **Күтілетін нәтиже.**

Көгөністердің атауларын білу.

Көгөністердің сыртқы белгілері туралы түсініктері болуы.

Күрделі сөйлемнің ішінде сын есімдер мен зат есімдерді үйлестіруді, зат

есімдердің көпше түрін құрауды білу.

## **Тақырыбы: Көгөністер жалғасы.**

**Өтілетін мерзімі:05-06-07.09.2022ж**

**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МАҚСАТЫ:** Балаларды көгөністердің атаулары және олардың сыртқы белгілерін, «көгөністер» жалпылауыш сөзімен таныстыруды жалғастыру. Балаларға сөйлем құрауды, сөзжасам дағдысын қалыптастыруды үйрету. Зейін, еске сақтау, табандылық, қимыл-қозғалысты үйлестіруді дамыту. Қоршаған ортаға қызығушылықты, табиғатқа сүйіспеншілікті арттыру.

### **СӨЗДІК ЖҰМЫС**

Қызылша, бұрыш, шалғам, сарымсақ, бұрыш, баклажан (баялды), аскөк, ақжелкен, көгөністер.

### **ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**

#### **1. Көрнекілік материалдар.**

Себеттегі табиғи көгөністер, көгөністердің суреттері.

#### **2. Үлестірмелі материалдар.Қорап.**

## **ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ БАРЫСЫ**

### **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

#### **1.1.**

- Балалар, «Пых» ертегісіндегі оқиға жылдың қай мезгілінде болды? Жазда.

Жарайсыңдар!

- Оқиғаның жазда болғанын қалай білдіңдер?

- Қазір жылдың қай мезгілі?

- Бақшада тағы не өседі?

- Картоп, қызылша, сәбіз, пияздың орыс тіліндегі атаулары қалай болады?

- Бақшаның жүйектерінде өсетін заттарды бір сөзбен қалай атауға болады?

- Бүгін біз ертегі арқылы саяхатқа шығамыз. Біз ертегіге түрлі түсті жапырақтары бар жолмен жетеміз. Күздің белгілерін естеріне түсіреді.

- Біздің жолымызда жатқан жапырақтардың түстері неге қызыл, қоңыр және сары түсті?

### **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

#### **2.1.**

- Балалар, бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетінде көгөністер туралы сөйлесеміз.

- Бүгін не туралы сөйлесеміз?

Балалар сұраққа жауап береді.

#### **2.2. «Сипап сезу арқылы анықта» дидактикалық ойыны.**

Балаларға қорапты (муфтаны) көрсетіп, оны көгөністер салынған қойма деп елестетуді ұсынамын. Қойма іші қараңғы, оған салынған көгөністерді сипап сезу

арқылы ғана анықтауға болады.

Балаларға олардың қандай белгілері бойынша, көгөністі дұрыс тапқандарын айту ұсынылады.

**2.3.** Балаларға бірнеше көгөністі салыстыруды ұсынамын (суреттер бойынша). Сөйлем құрастыру.

Қызанақ дөңгелек, сәбіз ...

Шалғам кішкентай, ал шалқан ...

Қияр жасыл, қызылша ...

Асқабақ үлкен, ал бұршақ ... және тағыбасқа.

- Бақшада әртүрлі көгөністер өседі. Үлкен және кішкентай. (Ірі және ұсақ.)

**2.4. Сергіту сәті «Қияр».**

Мен қиярмын, қиярмын

Жаттығуға даярмын.

Қолдарымды көтеріп,

Қиярдай болып өсермін.

Балалар тақпақ мәтініне сәйкес қимылдар жасайды.

**2.5.** «Үлкен - кішкентай» дидактикалық ойыны.

Менде үлкен қияр бар, ал сенде ... (қияр бар)

Менде үлкен қызанақ бар, ал сенде ... (қызанақ бар).

Ойын осылай жалғаса береді.

Қызанақты орыс және ағылшын тілдерінде атайды.

**2.6.**

- Біз бақшадан көп көгөніс жинадық.

Олардан не дайындауға болады?

Балаларға «Не дайындаймыз?» ойынын ойнауды ұсыну.

- Картоптан картоп езбесін (пюре) дайындаймыз.

Сәбізден шырын дайындаймыз. Қандай шырын? ... (Сәбіз шырыны.)

Қызылшадан салат. Қандай салат ... (Қызылша салаты.)

Бұршақтан сорпа. Қандай сорпа? ... (Бұршақ сорпасын.)

Асқабақтан құймақ. Қандай құймақ? ... (Асқабақ құймағын.)

### **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

Педагог:

- Балалар, бүгін не туралы әңгімелестік?

Педагог балаларға «Мұқият бол» дидактикалық ойынын ойнауды ұсынады.

Балалардың алдына 4 суреттің карточкасы шығарылып, оның 3-інің атауы ғана аталады.

Балалар атауы аталмай қалған көгөністерді айту керек.

## Тақырыбы: Нан.

Өтілетін мерзімі: 08-09.09.2022ж

**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МАҚСАТЫ:** Балаларға ертедегі уақытта егінді қалай өсіргенін таныстыру; нан көптеген адамдардың қажырлы еңбегінің нәтижесімен келетінін балалардың санасына жеткізу. Антоним сөздерді қолдануды, етістіктерге жіктік жалғауының жалғануын үйрету. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Нанды құрметтеуге тәрбиелеу.

### СӨЗДІК ЖҰМЫС

Масақ, астық, соқа, кесу (ору): жер жырту, бастыру (үгіту), електен өткізу, илеу, пісіру, орақ, бау, ұрғы.

### ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

#### 1. Көрнекілік материалдар.

Бидай масағының суреттері, ұн, қара және ақ нан.

#### 2. Үлестірмелі материалдар.

Бұрынғы уақытта егістіктің қалай орылғаны туралы суреттер.

## ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ БАРЫСЫ

### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

#### 1.1. «Масақ» ертегісінің мазмұны бойынша әңгімелесу.

Педагог:

- Балалар, «Масақ» ертегісі неден басталады?
- Масақ қайда өсті?
- Оны кім отырғызды? (бұл туралы ертегіде айтылмайды)

### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

#### 2.1.

- Балалар, бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетінде масақты кім еккенін және нан қайдан келетінін білеміз.
- Нан сөзін орыс тілінде қалай айтамыз?
- Біздің Қазақстанның жері кең байтақ. Негізінен, жерміздің көп бөлігі жазық дала. Далада нан өсіре алмайсың. Даладағы жер тастай қатты. Жерді жырту керек. Бұрын трактор болмаған кезде адамдар жылқыны соқаға жегіп алып, жердің бетін бірнеше рет жыртатын. Соқа - жер жырту үшін қолданылатын ауылшаруашылық құралы. Жыртылған жер жұмсақ және құнарлы болады.

Жұмбақты шешу.

Бір ағашта қырық бұтақ,

Қырық бұтақта қырық ұя,

Қырық ұяда қырық жұмыртқа,

Қырық жұмыртқада қырық балапан. (Бидайдың масағы.)

- Бұл жұмбақ не туралы?

- Егін егуге болады. Бұл шаруға дайындалып шыққан. Егін егетін адам егіс даласына иығына бидай толы себетін іліп шығатын. Міне, егінші егістікте бидайды солдан оңға қарай сеуіп келеді.

Балаларға өздерін егінші деп елестетуді сұраймын.

- Сендер қалай ойлайсындар, балалар, егін егетін кезде күн райы қандай болу керек?  
(Желсіз. Ашық.)

- Өсімдік тер қандай күн райында жақсы өсіп-өнеді? (Күн жылы болып, жаңбыр мол жауғанда.)

Адамдар жақсы күн райына үміттеніп, ән шырқайды.

Жаңғырсын

Баулар бір,

Жау, жаңбыр,

Жау, жаңбыр!

Төгілсін

Таудан нұр,

Жау, жаңбыр,

Жау, жаңбыр!

Салсын құс

Сайран бір

Жау, жаңбыр,

Жау, жаңбыр!

Самғасын

Таңда жыр,

Қауласын

Бауда гүл,

Жау, жаңбыр,

Жау, жаңбыр!

## **2.2. «Үлгі бойынша өзгерт» дидактикалық ойыны.**

Екті-екті, басты-басты (үгітті-үгітті), суғарды-суғарды, жинау-жинау, иледі-иледі және тағы басқа.

Егістіктерге жіктік жалғауын дұрыс жалғау арқылы мысалдар келтіру.

Мен егін ектім.

Сен егін ектің.

Сіз егін ектіңіз.

Ол егін екті.

Мен жер жырттым.

Сен жер жырттың.

Сіз жер жырттыңыз.

Ол жер жыртты.

## **2.3. Сергіту сәті «Бидай».**

Балаларға өздерін бидай дәні деп елестетуді сұрау. Күн жердің бетін қыздырды, жаңбыр жауып өтті. Жердің бетіне алғашқы өскіндер өніп шықты.

Енді екі жапырақ күнге жетті.

Жайқалады ақ бидай,

Басын иіп аққудай.



Трактор мен комбайн,  
Жүргізуге мен дайын.

**2.4.** - Міне, балалар, егін жайқалып өсті. Бидай пісіп тұр. Керемет!

- Бидайды жинайтын уақыт келді. Бидай масақтарын орақ немесе шалғымен орып (кесіп, қиып) алып, бау қылып жинаған. Біздің қораз тауып алған бидай масағы сол кезде жоғалып қалған болу керек.

- Бұдан әрі масақты не істегені естеріңде ме? (Үгітті.)

Ол ұрғыны алды (бұл ағаш тұтқаға ілулі тұрған ағаш таяқша). Қораз бидай масағын ұрғымен ұрғылап, бидай дәндерін ажыратып алды. Қораз дәндерді бөлек жинап, елеп алды. Өйткені, онда масақ пен басқа да ұсақ-түйек қабықтар болады.

- Қораз тазартылған бидайды қайда апарды?

- Ол жерде бидайдан ұн тартылды.

Педагог балаларды ұнды қарастыруды ұсынады.

- Кейін не болды?

- Қораз қамыр иледі. Қамырдан бәліш жасап, оны пешке қойды.

**2.5. «Керісінше айт» дидактикалық ойынын ұсынады.**

Бәліштер әртүрлі болады.

Ақ - қара, жұмсақ - қатты, жеңіл - ауыр, ылғалды - құрғақ және тағы басқа.

Балалар қарама-қарсы мағынадағы сөздерді табады.

### **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

- Балалар, біз бүгін не туралы сөйлестік? Нан туралы.

Балаларға ақ және қара нанды қарастырып, дәмін татып көруді ұсынады.

Балалар ақ және қара нанның бір түйірінен алып, дәмін татып көреді.

### **Күтілетін нәтиже.**

Нан - көптеген адамдардың қажырлы еңбегінің нәтижесінде келетінін білу.

Ертеректе нанды қалай өсіргені туралы түсініктері болуы.

Антоним сөздерді қолдануды, етістікке жіктік жалғауын дұрыс жалғауды білу.

## Тақырыбы: Нан жалғасы.

Өтілетін мерзімі: 19-20.09.2022ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МАҚСАТЫ

Балаларға сюжетті суреттер бойынша ертегіні мазмұндауды үйрету; нан өнімдерін атауға жаттықтыру; жақсы көру, еркелету, кішірейту мағынасын беретін жұрнақтарды қосу арқылы сөздерді өзгертуді жаттықтыру (сөзді өзгерту). Зейін, ойлауды, байланыстыра сөйлеуді дамыту. Балаларды еңбексүйгіштікке және өзгенің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

### СӨЗДІК ЖҰМЫС

Трактор, тракторшы, комбайн, комбайншы.

### ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

#### 1. Көрнекілік материалдар.

Трактор, тракторшы, комбайн, жүк мәшинесі, ұн зауыты және наубайхананың суреттері.

#### 2. Үлестірмелі материалдар.

Ұннан жасалған өнімдердің суреттері, тұздалған қамыр, төсем парақтары.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

**1.1.** - Балалар, алдыңғы ұйымдастырылған іс-әрекетінде не туралы әңгімелестік? Кімнің есінде бар?

- Дұрыс айтасындар нан туралы айтқанбыз. Енді сол іс – әрекетімізді ары қарай толық жалғастыратын боламыз.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**2.1.** - Біз ертеде далада егіс даласын қалай жыртқанын және бидайды қалай еккені туралы әңгімелестік. Бүгін, балалар, қазіргі уақытта нанды қалай өсіретінін білеміз.

- Қазіргі уақытта адамдарға нан өсіруге күшті мәшинелер көмектеседі.

- Көктемде егістікте не болды?

- Бұрынғы кезде жерді немен жыртқан?

- Ал, қазір егіс даласын қалай жыртады?

- Далада трактор кетіп барады. Тракторды тракторшы айдайды.

- Жердің топырағы борпылдақ, жұмсақ болып қалды.

- Әрі қарай не болды?

- Енді, балалар, егін егуге болады. Тракторға сепкіні тіркейді.

- Бұрын бидайды қалай еккен? Көрсетіндерші?

- Міне, бидай сарғайып пісіп тұр. Әрі қарай не істейміз? Егіншілер егін орағын бастайды. Егістікке комбайн келеді. Комбайнды комбайнер айдайды.

Комбайн өте қызықты техника құралы, ол бірден бірнеше қызмет атқарады: бидайды орып (кесіп, қиып), оны бастырады, астықты жүк көлігінің шанағына төгеді, сабанды шемелеп жинайды.

- Ертереке нан қалай жиналды? Көрсетіңдерші?

- Дайын астық қайда тасымалданады? Дайын астық ұн тарту зауытына жеткізіледі.

- Ұн дайын, әрі қарай не болады?

- Диірменде ұнтақталып тартылған ұнды наубайханаға апарды. Наубайханада ұннан нан піседі. Ұннан тағы не піседі?

## **2.2. Сергіту сәті «Бидай».**

Педагог балаларға өздерін бидай дәні болып елестетуді ұсынады.

- Күн нұры жердің бетін қатты қыздырды. Жауын жауып өтті. Жердің бетіне алғашқы өскіндер өніп шықты.

- Міне, екі жапырақ күнге қарай ұмтылып өсті.

Балалар жүресінен отырып, тізелерін қапсыра құшақтайды. Жұдырыққа түйілген алақандар жоғарыға қарай көтерілді. Алақан ашық, қол шынтақтан бұгулі.

## **2.3. «Нан қандай?» дидактикалық ойыны.**

Педагог кез келген нан өнімі туралы тақырыптағы сөйлемді тарқатып айтуды сұрайды.

Мысалы: «Ақ тоқаш. Тәтті, жұп-жұмсақ тоқаш.»

## **2.4. Нан өнімдері бейнеленген суретті қарастыру.**

- Балалар, сендерге қандай нан өнімдері таныс? Қайсы таныс емес?

- Нан өнімінің қайсының пішіні тік бұрышты? Шаршы пішіндес қайсы? Дөңгелек пішіндісі қайсы?

Балалар суреттерді қарастырып, олардың пішіндерін анықтайды.

**2.5.** - Балалар, осы нан өнімдерінен кімге дәм татқызғыларың келеді? Нан өнімінің қайсын ұсынасыңдар? Осы тақырыпта сөйлем құрастырыңдар. Мысалы: «Мен Арманға тоқаштан ауыз тигіземін. Мен Мерейге тәтті бәліштен дәм татқызамын».

Назар аударыңдар, сөздің дұрыс айтылуы: тоқаштан, тәтті бәліштен.

- Біз бүгін де ойық нанды мүсіндейміз.

Иленген қамырды көрсетеді.

Әр балаға қамырдың бір бөлігін ұсынады.

Балалар қамырдан ойық нан, тоқаштар, тәтті бәліштер жасайды.

## **3. ҚОРЫТЫНДЫ ( Сұрақ- жауап)**

- Балалар, бүгін не туралы әңгімелестік?

- Нан туралы!

Балаларға өлеңді мәнерлеп оқып беремін. Балалар өлеңді тыңдайды.

**Күләш Ахметова «Нан мен күн».**

Ақ күлшеге қол созады балбөбек,  
Алтыннан да, гауһардан да ол бөлек,  
Ақ аспандай дастарханды ашады  
Күн сияқты қып-қызыл нан дөңгелек!

**Күтілетін нәтиже.**

Дастархандағы нан көп адамның қажырлы еңбегінің арқасында келетінін білу.  
Қазіргі уақытта нанды қалай өсіретін білу.  
Бірыңғай мүшелерден сөйлем құрауды білу.

## Тақырыбы: Жыл құстары

Өтілетін күні: 21-22-23.09.2022ж

**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МАҚСАТЫ:** Құстардың негізгі атаулары туралы білімді бекіту; құстардың дене мүшелері, олардың денесінің сырты немен қапталғаны, құстардың қалай қозғалатыны туралы, қалай қоректенетіні, тірі ағзалар туралы түсініктерін қалыптастыру. «Жыл құстары» жалпы атауын қалыптастыру. Жанама септіктерде сын есім мен зат есімді үйлестіруді; зат есімдердің көпше түрін жасауды; етістіктерге қосымшаларды жалғауды (жұрнақ пен жалғау); сұрақ қоюды, «Бұл не?», «Бұл кім?» сұрауларын орнымен қолдануды үйрету. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Құстарға сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

### СӨЗДІК ЖҰМЫС

Тырна, көкек, қарлығаш, ұзақ, тізбектелу, үйір, сына.

### ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

#### 1. Көрнекілік материалдар.

Жыл құстары бейнеленген суреттер.

#### 2. Үлестірмелі материалдар.

Ұшақтың, зымыранның, дериваблдің суреті.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

**1.1.** Педагог күз мезгілінің, күздің соңғы күндерінің белгілерін атаған балаларға отыруды ұсынады.

**«Ұшады-ұшпайды» дидактикалық ойыны.**

Ұшатын және ұшпайтын заттарды атайды.

Ұшатын құстың немесе заттың атауы аталса, балалар екі қолды жоғары көтереді.

Ұшпайтын заттың атауы аталса, балалар қолдарын көтермейді.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

##### 2.1. Жыл құстарының суреттері көрсетіледі.

- Күзде кейбір құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Ондай құстарды қалай атаймыз?

- Қалай ойлайсындар, балалар, құстар жылы жаққа неге ұшып кетеді?

- Балалар, қандай жыл құстарын білесіңдер?

Балаларға кез келген құстың дене мүшелерін атауды ұсынамын.

- Барлық құстардың осындай дене мүшелері бар ма? Бар. Осындай ортақ белгілері оларды ұқсас етеді.

- Балалар, құстардың қандай ерекшеліктері бар?

Балаларға үлкен (ірі) және кішкентай (ұсақ) құстардың жер бетінде қалай қозғалатынын (секіру, жүру), қанаттарының түсін, ұя салатын жерлерін еске түсіруді көрсетемін.

Құстардың қалай қоректенетінін еске түсіруді сұрайды.

- Құстар жануарлар сияқты, дауыс шығара алады.

- Қарлығаш шиқ-шиқ етеді (шиқылдайды).

- Қарлығаш не істейді?

- Ақтұмсық қарға қарқ-қарқ етеді (қарқылдайды).

- Көкек не істейді?

- Көкек кө-көк (көкөктейді).

- Тырна не істейді?

- Тырна тырау-тырау (тыраулайды).

Мұқият тыңдап, еске сақтауды ұсынады:

- Қаздар, үйректер мен аққулар тізбектеліп ұшып кетеді.

Қарлығаштар, ақтұмсық қарғалар, қараторғайлар – үйірімен ұшады.

Тырналар сына құрып ұшады.

Көкектер жалғыздан-жалғыз ұшады.

## **2.2. «Біреу - көп» ойыны.**

Бір қарлығаш - көп қарлығаштар.

Бір қараторғай - көп қараторғайлар

Бір ақтұмсық қарға - көп ақтұмсық қарғалар.

Бір көкек - көп көкектер.

Балалар құс атауларының көпше түрін айтады.

## **2.3. Сергіту сәті «Құстар».**

Құстар болып ұшамыз. (қанат жайып ұшу)

Құстарға жем шашамыз (саусақтармен жем себу)

Құстарға ұқсап жем жейміз (бастарын жоғары-төмен көтеру)

Құстарға ұқсап су ішеміз (басты шалқайта көтеру)

Құстар болып ұшамыз (қолды жайып ұшу)

Балалар мәтінге сай қимылдар көрсетеді.

**2.4.** - Балалар, қалай ойлайсыңдар? Құстар тірі ме?

- Жанды немесе жансыз заттарды қалай білеміз? (Жанды тіршілік қоректенеді, өседі, көбейеді.)

- Сендер қалай ойлайсыңдар, балалар, құстар ғана ұша ма?

Суреттер: ұшақ, тікұшақ, дирижабль, зымыран.

- Мына заттар тірі ме?

- Балалар, қазақ тілінде адамға ғана «Кім?» сұрағы қойылады. Жануарларға, құстарға, жәндіктерге және заттарға «Не?» сұрағын қоямыз. Орыс тілінде адамға да, жануарлар мен құстарға да «Кім?» сұрағы қойылады. Заттарға «Не?» сұрағы қойылады.

Балаларға тақтадағы суреттерге «Кім?» немесе «Не?» деген сұрақ қоямын.

**2.5.** Балаларға етістіктерге қосымшаларды (жұрнақ пен жалғау) жалғау арқылы жаңа

мағынаға ие сөздерді құрауды және берілген сөзді жанама септікте өзгертуді ұсынамын

Мысалы: ұш - ұшақ, ұшқыш, ұшпақ, ұшар, ұшпақ (жаңа мағынаға ие сөздер).

Ән - әнші (жаңа сөз). Әнге, әнді, әнмен, әнде.

Құс - құсшы (жаңа сөз). Құсқа, құспен, құсты, құсқа.

Тырна - тырнауыш (жаңа сөз). Тырнаға, тырналар, тырнамен.

Қаз - қа... (қазық). Қа...

Үй - үй... (үйрек). Үй....

Тор - ... (торғай). Тор...

## **2.6. «Қандай сөз басқалардан ерекшеленеді» ойыны.**

Ұзақ, ұзақ, тұзақ, ұзақ.

Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш, Қарашаш (есім).

Сайрауық, сайрауық, батпырауық, сайрауық.

Қараторғай, қараторғай, суықторғай.

Балалар сөздерді мұқият тындайды. Артық сөзді анықтайды.

## **3. ҚОРЫТЫНДЫ: «Құстар қанат қағады» саусаққа арналған жаттығу.**

- Балалар, барлығымыз қолымызды үшбұрыштап жоғары ұстаймыз.

Біз құстарға ұя саламыз, құс ұядан басын шығарып жан-жағына қарайды. (қосылған алақандарын жан-жаққа бұрады)

Құстың ұшқысы келді (алақандарын ашады, алақандарын қимылдатады),

Ұша алмады, құс ұшу үшін қанаттарын жаттықтырды.

Алақанымызды өзімізге қаратып жайып, ашып-жұмайық,

Бір, екі, үш! Кері қарай санаймыз. Үш, екі, бір!

Енді, бас бармағымызды қозғалтайық.

Алақанымызды өзімізге қаратып жайып, екі басбармақты айқастырамыз.

Алақанымызды құс қанатын қаққан секілді қозғалыстар жасаймыз. (бірнеше рет қайталау)

Құстар ұшып барады,

Көкте қанат қағады.

Барлық құстар қосылып,

Шик-шик ән салады.

Құс ұшып келіп ұясына қайта қонды. (саусақтарын үшбұрыштап жоғары ұстайды)

## **Күтілетін нәтиже.**

Жыл құстарының жеке атауларын, «жыл құстары» жалпы атауын білу.

Олардың сыртқы түрі, қылықтары, тіршілік етуін туралы түсініктері болуы.

Сұрақ қоюды, «Бұл не?», «Бұл кім?» сұрауларын дұрыс анықтай алады; жанама

септіктерде сын есімді зат есіммен үйлестіре алады; зат есімнің көпше түрін жасай алады; қосымшаларды (жұрнақ пен жалғау) жалғауды біледі.

## Тақырыбы: Жыл құстары жалғасы

Өтілетін күні: 26-27.09.2022ж

**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МАҚСАТЫ:** Көрнекі модель ретінде түсі бірдей геометриялық фигураларды қолданып, мәтінді байланыстыра мазмұндауды үйрету; жыл құстары туралы білімді бекіту; оқылған шығарманың мазмұны бойынша толық және мәнерлі жауаптар құруды үйрету; сөздерге еркелету мағынасын беру білігін бекіту; антонимдерді таңдауға жаттықтыру; балалардың ойлауы мен қиялын, эмоционалдық ықыластылықты, геометриялық фигураларды таңдауда еске сақтау қабілетін дамыту; құстарға сүйіспеншілік пен қамқорлық танытуға тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Құстың тұмсығы, қауырсын, кішкентай құс.

### ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

#### 1. Көрнекілік материалдар.

Түстері бірдей геометриялық фигуралар.

#### 2. Үлестірмелі материалдар.

Қалташалы кенеп.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

##### 1.1. «Еркелетіп ата» дидактикалық ойыны.

Қарға - ... (қарғам), қанат - ... (қанатым), көгершін - ... (көгершінім), балапан - ... (балапаным).

Балалар сөздерге еркелету мағынасын беріп айтады.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

##### 2.1. Басқаларға кедергі жасамай, мұқият тыңдарсың, жұмбақтың жауабын өзін табарсың.

Ұзақ тектес құс,

Шіркей жеп.

Ауыл маңынан

Ұзап кетпес құс. (Қараторғай.)

Екі айыр құйрығы,

Қияқ мұрт қанаты,

Ұшқырлардың жүйрігі. (Қарлығаш.)

Балаларға жыл құстарының суреттерін көрсетемін.

- Бұл қандай құстар?

- Оларды неге осылай атайды?

- Құстардың қайсы алғашқы болып ұшып келеді?

##### 2.2. «Керісінше айт» дидактикалық ойыны.

Биікте ұшады - ...

Жылдам ұшады - ...



Ұшып кету- ...

Жылы жел - ...

Ұядан ұшу - ...

Көлге жақындап ұшу - ...

Балалар мағынасы қарама-қарсы сөздерді таңдайды.

### **2.3. «Қарлығаш» әңгімесі.**

Әңгіме бойынша сұрақтар.

- Қарлығашқа не болды?

- Қарлығаш қай жерде болды?

- Қарлығашқа достары қалай көмектесті?

Балаларға әңгімені тағы оқып беріп, қалташалы кенепке әңгімедегі кейіпкерлерді бейнелейтін, түстері бірдей геометриялық фигураларды шығарады. Балалар әңгімені мұқият тыңдайды және кейіпкерлерді білдіретін геометриялық фигураларды қарастырады..

### **2.4. Сергіту сәті «Қарлығаш».**

Қарлығаш боп ұшайық.

Торғай болып қонайық.

Сауысқан боп секіріп,

Тоқылдақ боп шоқиық.

Қане, қанат жазайық.

Қарлығаш боп ұшайық!

Ұшып-ұшып алайық,

Орнымызға қонайық.

Балалар өлең мәтініне сәйкес қимылдар жасайды.

### **2.5. Әңгімені қайталап оқу (қайта баяндауға арналған).**

Қажет болғанда логопед балаларға нұсқаушы сұрақтарды қоя алады. Балалар ертегіні мұқият тыңдайды.

Олар кейіпкерлерді бейнелейтін геометриялық фигураларға сүйене отырып, оқиғаны өз бетінше баяндайды.

## **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

Логопед балаларға өз әңгімелерін талқылауды ұсынады. Балалар алған әсерлерімен бөліседі. Кімнің әңгімесі ұнағанын және оны неге ұнатқандарын айтады.

Талдау барысында әңгімеленген оқиғаның толықтығы, мазмұнының берілу реттілігі, мәтінге мағыналық сәйкестігі сияқты қасиеттері атап өтіледі.

**Күтілетін нәтиже.** Жыл құстарын білу. Құстардың сыртқы кейпі, қылықтары, тіршілік етуі туралы түсініктері болуы.

Сөздерге еркелету, жақсы көру, кішірейту мағынасын беруді біледі; антонимдерді таңдауды; оқылған шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға мәнерлі түрде толық жауап беруді, көрнекілік нұсқа ретінде түстері бірдей геометриялық фигураларды пайдаланып мәтінді байланыстыра мазмұндай алады.

## Логопедия: Жемістер

Өтілетін күні: 28-29-30.09.2022ж

**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МАҚСАТЫ:** Сөйлеу тілінде жемістердің негізгі атауларын, олардың өсетін жері, олардан не дайындауға болатынын бекіту. Жемістерде дәрумендердің көп болатынын таныстыру. Зат есімді сын есімге айналдыруды (алма - алмадай бет, алмалы бақ); зат есімнің көпше түрін жасауды (алма - алмалар). Зейін, еске сақтау, ойлау, бастапқы коммуникативті біліктерді қалыптастыру, сұрақтарды қоюды үйрету, бір-бірімен сөйлесуге ынтасын дамыту. Қоршаған ортаға қызығушылықты, табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Бірыңғай мүшелерден сөйлем құрауды үйрету.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Жемістер, кемік, кептіру, сығу; пассив: дәрумендер; алма, қара өрік, алмұрт, апельсин, лимон

### ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

#### 1. Көрнекілік материалдар.

Табиғи жемістер.

#### 2. Үлестірмелі материалдар.

Жемістер мен бақтың суреттері.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

**1.1.** - Балалар, жылдың қандай мезгілдерін білесіңдер? Жыл мезгілдерін ретімен атайтын бала орындыққа отырады. Менің үстелімде жатқан заттарды ата. Осы заттар туралы басқаша қалай айтуға болады?

- Бұл не?

- Көгөністер мен жемістерді қалай атасам, сондай ретпен орналастырыңдар.

- Банан, алма, лимон, алмұрт.

Балалар жемістерді салады.

Алмұрт, банан, апельсин, лимон.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

##### 2.1. Балаларға бақшаның суретін көрсетемін

- Жемістер қайда өседі?

- Балалар, бүгін жемістер туралы әңгімелесеміз.

- Бүгін не туралы айтамыз?

- Қазір жылдың қай мезгілі?

- Адамдар күзгі бақта не істейді?

##### 2.2. «Сөйлемді аяқта» дидактикалық ойын.

Мен Алма жедім, ал сендер барлық ... (алмаларды) жедіңдер. Мен алмұрт жедім, ал сендер барлық ...(алмұрттарды) жедіңдер.

- Табақта не жоқ?

- Менің үстелімде бір қызыл алма жатыр. Алма ағашында ... (қызыл алмалар) өседі. Менің үстелімде бір тәтті алмұрт бар, ал бақта ... (тәтті алмұрттар) өседі.  
Сөздік: піскен өрік, сары банан, қышқыл лимон, шырынды апельсин.

### **2.3. Топта Карлсон пайда болады.**

- Карлсон нені жақсы көреді?

- Карлсон жемістерді жақсы көреді, бірақ олардың қандай екенін айта алмайды. Карлсонға жемістер туралы айтуға көмектесуді ұсынады.

Мысалы: алма дөңгелек, қызыл, хош иісті, тәтті.

### **2.4. Сергіту сәті «Алма қайда өседі?»**

Алма суда өседі (жерді аяқтарымен топылдатады).

Алмұрт қайда өседі?

Алмұрт бақта өседі (қол шапалақтайды).

Жүзім қайда өседі?

Жағажайда өседі (жерді аяқтарымен топылдатады).

Қызанақ қайда өседі?

Қызанақ жерде өседі (қол шапалақтайды).

Сәбіз қайда өседі?

Сәбіз талда өседі (жерді аяқтарымен топылдатады).

Өлең мәтініне сәйкес қимылдар жасайды.

### **2.5. Жемістерден көптеген дәмді және пайдалы тағамдарды дайындауға болады.**

- Жемістер мен олардың өнімдері адамға не үшін пайдалы?

- Дұрыс айтасындар, балалар, оларда дәрумендер көп.

- Жемістерді қыста қалай сақтауға болады?

Оларды кептіруге болады, олардан шырынды сығып алуға болады.

«Бақтың түрін тап» дидактикалық ойынын ұсынады.

Алма ғана өсетін бақ - ...(алмалы бақ)

Шие ғана өсетін бақ - ....(шиелі бақ)

### **2.6. «Саусақпен айналдыра сызамыз» жаттығуы.**

Балалар сурет сызбасын саусақпен сызып, сөйлемді қайталайды.

Жемістер мен көгөністердің заттық суреттерін саусақпен айналдыра сызу.

- Алманың суретін алып, саусақпен айналдыра сызамыз.

- Лимонның суретін алып, саусақпен айналдыра сызамыз. (Балалармен бірге қайталау.)

## **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

Логопед:

- Балалар, бүгін не туралы сөйлестік? Жемістер туралы. Жарайсындар!

### **«Күн-түн» дидактикалық ойыны.**

Мақсаты: зейін мен еске сақтауды дамыту.

Балаларға бірнеше жемістер көрсетіледі. Балаларға көздерін жұмып, қайтадан ашуды ұсынамын. Осы кезде көрсеткен заттардың (жемістер) біреуін алып тастайды. Балалар көздерін ашады. Қай заттың жетіспей тұрғанын айтады.

### **Күтілетін нәтиже.**

Жемістердің атауларын білу. Жемістердің өсетін жері, олардан не дайындауға болатыны туралы түсініктері болуы. Зат есімнен сын есімді жасауды (алма - алмадай бет, алмалы бақ); зат есімнің көпше түрін жасауды (алма - алмалар), сұрақ қоюды, сөйлемге бірыңғай мүшелерді қосу арқылы тарқатуды білу.

## Тақырыбы: Жемістер жалғасы

Өтілетін күні: 03-04.10.2022ж

**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МАҚСАТЫ:** Сөйлеу тілінде жемістердің негізгі атауларын, олардың қай жерде өсетінін бекіту. Сөйлемді бірыңғай мүшелермен тарқатуды, зат есімдерден сын есімге айналдыруды үйрету (алма ғана өсетін бақ – алмалы бақ, алмаға ұқсаған – алмадай бет, алма тосабы, алма шырыны, жеміс салаты). Қолдың ұсақ моторикасын, бастапқы коммуникативті дағдыларды, сұрақ қоюды, бір-бірімен сөйлесуге ынтасын дамыту. Қоршаған әлемге қызығушылықты, табиғатқа сүйіспеншілікті, өзара көмек сезімін тәрбиелеу.

### **СӨЗДІК ЖҰМЫС**

Жуу, тазалау, кесу (турау), араластыру, толтыру.

**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР: 1. Көрнекілік материалдар:** Табиғи жемістер.

**2. Үлестірмелі материалдар;** Кесетін тақтайшалар, пышақтар, алжапқыштар.

## ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ БАРЫСЫ

### **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

#### **1.1. Логопед:**

- Менің үстелімде жатқан заттарды атайтын бала орындыққа отырады. Лимон, банан, алма, алмұрт, апельсин, қара өрік (алхоры).

- Бұл заттарды туралы басқаша қалай айтуға болады? Мынау не?

- Алма, алмұрт сөздері орыс тілінде қалай айтылады?

### **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

#### **2.1. Бақтың суретін көрсетеді.**

- Жемістер қайда өседі?

- Бүгін жемістер туралы әңгімелесуді жалғастырамыз.

- Қазір жылдың қай мезгілі?

#### **2.2. Топта Карлсон пайда болады.**

- Карлсон нені жақсы көреді?

#### **«Сөйлемді аяқта» дидактикалық ойыны.**

- Тосапты неден қайнатуға болады?

Алмадан жасалған тосап -...(алма тосабы)

Шырыннан жасалған тосап -...(алма шырыны)

- көк өріктен -....

- алмұрттан -... және т. б.

Алма ғана өсетін бақ? ... (алмалы бақ)

Шие ғана өсетін бақ? ... (шиелі бақ)

**2.3.** Карлсонға дәмді жеміс салатын дайындауды ұсынады.

Логопед:

- Біз салат жасардың алдында не істеуіміз керек?
- Жемістерді не істеу керек?

Алжапқыш киюді және жемістерді пышақпен кесуді (турауды) ұсынады.

- Сен нені кесіп (турап) жатырсың?
- Сенде қандай бөліктер пайда болып жатыр?
- Самат нені кеседі?
- Камилла нені кесіп (турап) жатыр, сұрап көрші?
- Барлығың жеміс-жидекті кесіп (турап) болдыңдар ма?
- Біз енді не істейміз?
- Салат жасау үшін жемістерді араластырып, оған йогурт қосу керек.

**2.4. Сергіту сәті «Алма».**

Алма ағашы өседі, (балалар ақырындап орнынан тұрады)

Тіпті биік деседі! (балалар қолдарын көкке созып, аяғының ұшымен тұрады)

Содан кейін гүлдейді. (балалар саусақтарының арасын ашып, оңды-солды шайқала бастайды)

Өлең мәтініне сәйкес қимылдар жасайды.

**2.5.** Кешкі ас кезінде салаттың дәмін татып көруді және оны тәрбиеші мен көмекшісіне ұсынуларына болады.

Балалар тәрбиешіге мен оның көмекшісіне дәмін татуды ұсынады.

**3. ҚОРЫТЫНДЫ**

Логопед:

- Біз бүгін не туралы айттық? Жемістер туралы. Тамаша!
- Сендерге салат жасау ұнады ма?
- Балабақшада бізге салатты кім жасайды. Аспаз жасайды. Жарайсыңдар!

**Күтілетін нәтиже.**

Жемістердің атауын білу. Жемістердің өсетін жерлерін, олардан не дайындауға болатыны туралы түсініктері болуы. Сөйлемді бірыңғай мүшелермен тарқатуды, зат есімдерден сын есімдерді құрауды білу (алма ғана өсетін бақ – алмалы бақ, алмаға ұқсаған – алмадай бет, алма тосабы, алма шырыны, жеміс салаты).

## Тақырыбы: Көліктер

Өтілетін күні: 05-06-07.10.2022ж

**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МАҚСАТЫ:** Балалардың ұғымындағы көлік түрлері туралы түсініктерін, көліктің барлық түрлерін жіктеу білігін бекіту. Етістіктерге қосымшаларды жалғап қолдануды (жұрнақ пен жалғау); қарапайым сөздік аналогияларды пайдалануға жаттықтыру. Есту зейінін, еске сақтауды, ойлауды дамыту. Білімқұмарлық қасиетін тәрбиелеу.

### СӨЗДІК ЖҰМЫС

Су көлігі, әуе көлігі, жер үсті көлігі, жүк көлігі, жеңіл көлік.

**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР:1. Көрнекілік материалдар;** Көлік түрлері бейнеленген суреттер (жер үсті, жер асты, су, әуе), Айболиттің бейнесі салынған суреттер.

**2. Үлестірмелі материалдар;** Хат салынған хатқалта (конверт), жұмбақтары бар хатқалта, әр балаға көлік түрлері бейнеленген қиылған суреттер.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

**1.1.** Қай бала өзінің сүйікті ойыншығы туралы «менің», «менікі» сөзін дұрыс қосып айтатын болса, сол балаға орындыққа отыруға мүмкіндік беріледі.

Балалар өздерінің сүйікті ойыншықтарын атайды. (Менің қонжығым. Менің қуыршағым. Қонжық менікі. Қуыршақ менікі.)

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**2.1.** Балаларға Айболит дәрігерден хат алғанын хабарлаймын. Хатты ашып оқимын.

- Балалар, Айболит бір қиындыққа тап болғанын, өзіне біздің көмегіміз керектігін айтып жатыр. Ол Африкадағы ауырып қалған жануарларға баруға жолға шығыпты. Бірақ оған зұлым Бармалей қарақшы кедергі келтіріпті, енді Айболит ауырып қалған жануарларға жете алмай тұр екен.

- Балалар, дәрігер Айболитке көмектесейік пе?

Ол кесілген суреттерді бүктеп, онда не суреттелгенін атауды ұсынады.

- Қане, балалар, Айболит дәрігерге көмектесейік.

- Айболитке теңізді жүзіп өту керек болса, ол саяхатқа қандай көлікпен шыға алады? Балаларға қиылған суреттерді біріктіріп, онда ненің суреті салынғанын айтуды сұраймын.

- Бұның бәрін бір сөзбен қалай атауға болады?

Балаларға бұның су көлігі екенін түсіндіру.

- Онымен қалай жүреді?

- Дұрыс, енді қайыққа отырып, осы теңізді жүзіп өтейік.

Жел теңізді толқытты,

Жел қайықты шайқады,  
Қолға алдық ескекті,  
Жағаға жылдам есеміз,  
Жағаға қайық тоқтады,  
Жағаға тез шығамыз.  
Балалар жағадан жұмбақтары бар хатты табады.  
Жұмбақ.

Арқасында ауыл жүр,  
Ала тайым шауып жүр. (Автобус)

Өздігінен жүрмейді, жарыспайды,  
Кісі мінсе жарыстан қалыспайды.  
Аяғы екеу болғанмен ізі жалғыз,  
Сағатта талай жерді қарыштайды. (Велосипед.)

Бір-біріне қарап үйлер тіркесіп,  
Қара тұлпар жүр әрі-бері көшіп. (Пойыз.)

- Бұның бәрін бір сөзбен қалай атауға болады?

Бұның бәрі жердің үстімен жүретін көлік түрлері екенін түсіндіреді.

- Бірақ, біз алға жылжу үшін Бармалей дайындаған тапсырманы орындауымыз керек.

## **2.2. «Сөйлемді аяқта» ойыны.**

Бір машина гаражға кірді, ал екіншісі ... (шықты).

Қыз автобуска кірді, ал бала автобустан ... (шықты).

Алия үйге келді, Марат үйден ... (кетті).

Қыздар балабақшадан қашып кетті, ал ұлдар балабақшаға ... (жүгіріп кірді).

Кейбір балалар мұз айдынынан кетіп қалды, ал басқалары мұз айдынына ... (келді).

## **2.3. Педагог балаларға биік таудың етегінде тұрған Айболиттің суретін көрсетеді.**

- Балалар, Айболит тауды қалай асып өтеді?

- Біз таудан қалай асып өте аламыз?

- Сендер қандай әуе көлігін білесіңдер?

Таудан асып өтер алдында, «Кім, қандай көлікті басқарады?» ойынын ойнайық.

Ұшақ пен тікұшақ сөздерін орыс тілінде атауды сұрайды.

## **2.4. Педагог:**

- Балалар, Бармалей бізге тағы бір тапсырма дайындады.

Өртүрлі көлік түрлерінің суреттері көрсетіледі.



- Естеріңде ме, балалар, біз көлікті қандай түрлерге бөле аламыз?

Педагог балаларға көлікті әртүрлі жолақтарға орналастыруды ұсынады: жоғарғы - әуе көлігі, ортаңғы - жер үсті көлігі, төменгі - су көлігі

### **2.5. Сергіту сәті «Көлік».**

Көлік кетіп барады,

Жан-жағына қарады.

Бағдаршамда қызыл жанғанда,

Көлік тоқтап қалады.

Қане, қанат жазайық.

Ұшақ болып ұшайық.

Ұшып ұшып алайық.

Орнымызға қонайық.

### **2.6. «Сөзді сәйкестендір» ойыны.**

Теңіз - кеме, аспан - ...(ұшақ/тікұшақ).

Пойыз - машинист, автобус - ... (шофер/жүргізуші).

Мотоцикл - екі, троллейбус - ... (төрт).

Ұшақ - әуежай, кеме ... (порт).

Автомобиль - жол, пойыз - ... (рельстер).

## **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

### **«Ұшады, жүзеді, жүреді» ойыны.**

Балалар көлік түрінің атауын атайды. Балалар аталған көліктің қалай қозғалатынын тауып айтады. Балалар осы немесе басқа көліктің қалай қозғалатынын айтады.

**Күтілетін нәтиже.** Көліктерді біледі. Көлік түрлері туралы түсініктері болуы.

Етістіктерге қосымшаларды (жұрнақ пен жалғау) дұрыс жалғауды, қарапайым сөздік аналогияларды қолдануды білу.

## **Тақырыбы: Көліктер жалғасы.**

Өтілетін күні: 10-11.09.2022ж

**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МАҚСАТЫ:** Балаларды көлікпен таныстыруды жалғастыру; көліктің барлық түрлерін жіктеу білігін бекіту. Зат есімдер мен сын есімдердің септік формаларын жекеше түрде қолдануды, етістіктерге қосымшалар (жұрнақ пен жалғау) жалғауды үйрету. Есту зейінін, еске сақтауды, ойлауды дамыту. Білімқұмарлық қасиетін тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Су көлігі, әуе көлігі, жер үсті көлігі, жүк көлігі, жеңіл көлік.

**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР** 1. **Көрнекілік материалдар;** Көлік түрлері бейнеленген суреттер (жер үсті көлігі, су көлігі, әуе көлігі).

2. **Үлестірмелі материалдар;** Хат салынған хатқалта (конверт).

## **ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ БАРЫСЫ**

### **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**1.1.** Балаларға бір-бір суреттен алып, онда ненің суреті салынғанын айтуды сұрап, суретті дұрыс атаған балаларға орындықтарға отыруға рұқсат беремін. Балалар бір-бір суреттен таңдап алады. Суретте қандай көлік бейнеленгенін айтады.

### **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**2.1.** Балаларға Дымбілместің суретін көрсетемін. Балаларға оны таныстырамын. Дымбілмес саяхатқа шыққысы келеді. Логопед балалардан Дымбілмеске саяхатқа немен шығу керектігін айтып жіберулерін сұрайды.

- Қалай ойлайсыңдар, балалар, біз бүгін не туралы сөйлесеміз?

- Бұның бәрін бір сөзбен қалай атауға болады?

Суретті тақтаға қоюды және онда бейнеленген көліктің бөлшектерін атауды ұсынады.

- Ұшақтың қанаттары, тұмсығы, құйрығы, қозғалтқышы және тағы басқасы бар.

#### **2.2. Жұмбақ.**

Тізбектелген көк үйлер,

Көшіп жүр ғой көп үйлер. (Пойыз.)

- Бұл бір пойыз, ал станцияда көп (пойыздар) ... бар.

Көлік атауының жекеше және көпше түрін атауды сұрайды (ұшақ -көп - ұшақтар, жүк көлігі - көп - жүк көліктері және тағы басқа).

#### **2.3. «Көлік түрін анықта» ойыны.**

- Көлікті қандай түрлерге бөлуге болады?

Ол көлікті әр түрлі жолақтарға орналастыруды ұсынады: жоғарғы – әуе көлігі, ортаңғы – жер үсті көлігі, төменгі – су көлігі.

**2.4.** Сұраққа сөз тіркестерімен жауап беруді ұсынады:

Бұл не? ... (жеңіл автокөлік)

Не жоқ? ... (жеңіл автокөлік)

Мен неге жақындаймын? ... (жеңіл автокөлікке)

Нені бақылаймын?..(жеңіл автокөлікті)

Мен не туралы сөйлесемін? ... (жеңіл автокөлік туралы)

**2.5.** «Жүр, жүз, ұш» дидактикалық ойыны.

Сөздік: ұшақ, пароход, велосипед, жылқы, түйе, машина, пони, тікұшақ, қайық, шаңғышы, конькиші, троллейбус, такси, трамвай, әуе шары, пойыз және тағы басқа. Балалар қолдарына жалаушаларды алады. Көлік түрі аталатын болса, олар сары жалаушаны көтереді және барлығы хормен «жүр, ұш, жүз» деп айтады. Сөз көлік түріне қатысты болмаса, қызыл жалаушаны көтеріп, хормен «тоқта» сөзін айтады.

**2.6.** Сергіту сәті. «Көліктер».

Пойыз: «Ду-ду! Ду-ду!

Мен жүремін,

Мен жүремін!» - деп шулайды,

Ал вагондар зулайды.

Тақ-тақ-тақ! Тақ-тақ-тақ!

Тақ-тақ-тақ! Тақ-тақ-тақ!

Ұшақ болып, балалар,

Ұшамыз биікке, биікке.

Жоғары қарай тартыламыз,

Енді жерге қонамыз,

Қолымызды төмен түсіреміз.

Балалар бірінің артына бірі пойыз сияқты тұрады. Жұдырықтарын айналдыра қозғайды. Алқандарымен шапалақтайды. Аяқтарының ұшына тұрып, қолдарын жоғары көтереді.

**2.7.** Дымбілмес қандай көлікпен саяхаттағанын айтады, бірақ қате айтады.

Балаларға Дымбілместің қателерін түзетіп, сөйлемді дұрыс айтуды ұсынамын.

«Дұрыс айт» ойыны.

Көлік (жүру). Троллейбус (бару).

Ұшақ (ұшу). Автобус (дыбыстық белгі (сигнал)).

Кеме (жүзу). Трамвай (қоңырау).

Пойыз (гуілдеу).

Автобус аялдамаға (кетті).

Бала қайықта жағаға (жүзді).

Ұшақ қонды, ұшақтан ұшқыш (кірді).

Кемежайға пароход (жүзді).

Жолаушы автобуска (шықты).  
Платформаға пойыз (кетіп қалды).

### **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

**«Ұшады, жүзеді, жүреді» ойыны.**

Балаларға көлік түрінің атауын айтып, аталған көліктің қалай қозғалатынын тауып айтады. Балалар осы немесе басқа көліктің қалай қозғалатынын айтады.

**Күтілетін нәтиже:** Көліктерді біледі. Көлік түрлері туралы түсініктері болуы. Зат есімдер мен сын есімдердің септік формаларын жекеше түрде қолдануды, етістіктерге қосымшаларды (жұрнақ пен жалғау) дұрыс жалғауды білу.

## Тақырыбы: Жабайы жануарлар

Өтілетін күні: 12-13-14.10.2022ж

**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МАҚСАТЫ:** Балалардың ұғымында жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, әдеттері туралы түсініктерін нақтылау. Сан есімдерді зат есімдермен үйлестіруді; етістіктерге қосымшаларды (жұрнақ пен жалғау) қосып қолдануды үйрету. Жай сөйлемдерді құрау білігін бекіту. Сөйлеммен жауап беруіне түрткі болу. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Жануарларға сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Балалардың ұғымындағы жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту және кеңейту. Зат есімдер мен сын есімдердің септік формаларын жекеше түрінде қолдануды, етістіктерге қосымшалар (жұрнақ пен жалғау) жалғауды, етістіктің өткен шақ формасын нақты қолдануды қалыптастыру.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Үлпілдеген, жирен, жабайы, ебедейсіз, маймақ; түлкінің іні, тиіннің қуысы, қасқырдың апаны, аюдың апаны, кірпінің іні, қоянның іні; ін, қуыс, апан сөздерін айтқызу арқылы балалардың сөйлеу тілін жетілдіру.

### ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

#### 1. Көрнекілік материалдар.

Жабайы жануарлардың суреттері, тұрғын үйдің қасындағы жануарлардың суреттері, ойыншық қоян.

#### 2. Үлестірмелі материалдар.

2 және 5 сандары бар карточкалар, «Қай аң нені жейді?» ойынына керек-жарақтар, хатқалтаға салынған хат.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Балаларға жануарлардың сипаттамасын таңдауды ұсынамын.

- Аю (қандай?) - ... қоңыр, маймақ, ебедейсіз, ірі, үлкен, қорбаң ....

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Балаларға хатты көрсетемін. Орман бағбаны балаларға тағы да хат пен суреттер салып жіберген екен. Ол бір жағдайды ғана қатаң ескертіпті, жұмбақтарды шешкен соң ғана, суреттерді көруге болады. Балаларға жұмбақ жасырамын.

Сайқымазақ қулығы бар,

Барған жерде ұрлығы бар.

Бұл қандай аң?

Ұғып ал. (Түлкі.)

Бұтақтарға секіріп,

Әр жерден қылт етеді.

Кейде жаңғақ кеміріп,

Жоғарылап кетеді. (Тиін.)

Үсті толы ине,  
Бірақ та, іс тігіп,  
Қадамайды түйме. **(Кірпі.)**

Орманнан, жалпақ даладан  
Бал іздеп бір аң жортады.  
Кіп-кішкентай арадан  
Үп-үлкен боп қорқады. **(Аю.)**

Қаңғырамын үйім жоқ,  
Ауылдардың қойы көп.  
Ұрлық, зорлық кәсібім,  
Тамақтанар нәсібім. **(Қасқыр.)**

Балаларға жабайы жануарлардың суреттері көрсетіледі.  
- Бұлардың барлығын бір сөзбен қалай атауға болады?  
- Біз оларды жабайы аңдар деп неге атаймыз?  
- Бүгінгі ұйымдастырылған іс әрекетінде нелер туралы айтамыз?  
Балаларға жануарлардың әрқайсы туралы сөйлем құруды ұсынамын.  
Үйінің қасында орналасқан жануардың суретін көрсетеді.

## **2.2.**

Логопед:

- Балалар, орманда қанша жануар бар деп ойлайсыңдар?

**«Дұрыс айт» дидактикалық ойынын ұсынады.**

Екі тиін болған, ал қазір бес ... (тиін).

Екі түлкі болған, ал қазір бес ... (түлкі).

Екі қоян болған, ал қазір бес ... (қоян)

Екі қасқыр болған, ал қазір бес ... (қасқыр)

Екі аю болған, ал қазір бес ... (аю)

Бес тиін болған, ал қазір екі ... (тиін) және тағы басқа.

Балалар сан жазылған карточканы қарап, жануарлардың санын атайды.

## **2.3. Сергіту сәті «Қасқыр».**

Қасқыр ағашты жарды,

Түлкі кілемді қақты.

Елік тамақты пісірді,

Қоян тамды жапты.

Кірпі көйлекті тоқыды,

Тиын сабақты оқыды.

Өлең мәтініне сәйкес қимылдар жасайды.

**2.4.** Балаларға жануарларға құйрықтарын табуға көмектесуді ұсынады.

**«Қай аңның құйрығы?» ойыны.**

Түлкі... құйры... - түлкінің құйрығы.

Қоян... құйры... - қоянның құйрығы.

Аю... құйры... - аюдың құйрығы.

Тиін... құйры... - тиіннің құйрығы.

Қасқыр... құйры... - қасқырдың құйрығы.

**2.5.** Қоян балаларға алғыс айтады және «Сөйлемді аяқта» ойынын ойнауды ұсынады.

Апанында өмір сүретін ...

Инде өмір сүретін ...

Қуыста тұратын ...

Өзінің апанында тұратын ...

Логопед балаларға сөйлемдерді мұқият тыңдап, артық сөзді атауды ұсынады.

Қасқыр, түлкі, ит, аю.

Бұлан, қасқыр, қоян, мысық.

Тиін, кірпі, қарға, түлкі.

**2.6.** «Қай аң немен қоректенеді?» дидактикалық ойын.

Балалар жануарға арналған қорек түрі салынған карточкаларды таңдайды.

### **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

**Саусақ жаттығуы «Қоян».**

Қоян өмір сүріпті (алақандарын соғады)

Ұзын құлақ (үш саусақты жұдырыққа түйіпті)

Қоян тоңып қалыпты (екі қолдың саусақтарын қысады және босатады)

Қолдары баста (алақандарын бір-біріне үйкелейді)

Мұрны қатып қалыпты (екі қолдың саусақтарын қысады және босатады)

Құйрығы қатып қалды (құйымшақты сипайды)

Балалардың үйіне (екі қолдың саусақтарын қысады және босатады)

Жылынуға кетті (алақандарын бір-біріне үйкелейді)

Сол жақта жылы және тыныш (алақандарын соғады)

Жұптасқан сөзді таңдауды ұсынады. Олар жануардың үйін атайды.

Сарай - қуыс, аю - ..., түлкі - ..., кірпі - ..., қасқыр -..., қоян - ... .

**Күтілетін нәтиже.** Жабайы жануарларды білу. Олардың сыртқы кейпі мен мекен ету ортасы туралы түсініктері болуы. Сан есімдерді зат есімдермен үйлестіруді, етістіктерге қосымшаларды (жұрнақ пен жалғау) дұрыс қосып қолдануды, жай сөйлемдерді құрастыруды білу; септік формасында тұрған зат есімдер мен сын есімдердің көпше түрлерін қолдануды, етістіктің өткен шағын туралы түсініктері болуы.

## **Тақырыбы: Жабайы жануарлар жалғасы.**

Өтілетін күні: 17-18.10.2022ж

### **ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МАҚСАТЫ**

Әңгіме кейіпкерлерінің бейнелерін көрнекілік сурет ретінде пайдаланып, балаларға байланыстыра сөйлеуді үйрету. Жабайы жануарлар туралы білімдерін, синоним сөздерді табу білігін бекіту. Оқылған шығарма мазмұны бойынша толық және мәнерлі жауап құрастыра білуді үйрету. Балалардың ойлау мен қиял, эмоционалдық ықыластық, шығарма кейіпкерлерінің бейнелерін көрнекілік модель түрінде таңдау барысында еске сақтауды дамыту. Жануарларға сүйіспеншілік және қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

### **СӨЗДІК ЖҰМЫС**

Қытырлады, алдауына түсті, зыта жөнелді, тайып тұрды, қорқақ.

### **ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**

#### **1. Көрнекілік материалдар.**

Әңгіме кейіпкерлерінің бейнесі, фланелеграф немесе қалташалы кенеп.

#### **2. Үлестірмелі материалдар.**

Әңгіме мәтіні.

### **ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ БАРЫСЫ**

#### **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

##### **1.1. «Күлімдеу» шеңбері.**

Топтың ішіне қуаныш орнату үшін, балаларға бір-біріне қарап күлімдеулерін сұраймын. Шеңбер бойымен тұрған балалар бір-біріне қарап күлімсірейді.

#### **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**2.1.** - Балалар, бүгін біздің қонақтарымыз бар. Жұмбақтардың шешуін дұрыс тапсаңдар, бізге қандай қонақтар келгенін білесіңдер.

Үстінен тоны түспеген,

Сонда да араз қыспенен. (Аю.)

Сылдырдан қорқады,

Шошынып жортады. (Қоян.)

- Бұлан, аю және қоян қайда тұрады?

- Айтыңдаршы, балалар, қайсы қорқақ? Бұлан ба, аю ма, қоян ба?

- Қоянның қорқақтығын басқаша қалай айтуға болады. Мағынасы жағынан қорқақ сөзіне жақын сөздерді атаңдар.

Мына төмендегі сөздердің мағынасын балалар қаншалықты түсінетінін анықтайды: қытырлады, алдауына түсті, зыта жөнелді, тайып тұрды, қорқақ.

Осы сөздерге синонимдерді таңдау керек.



## 2.2. Балаларға Н. Сладковтың «Аю өз-өзін қалай қорқытты?»

әңгімесінің кейіпкерлерін тақтаға шығара отырып, балаларға әңгімені тыңдауды ұсынамын.

Аю қараңғы орманға кірді, оның ауыр табанының астында ағаштың шіріген қабығы қыртылдап жатты. Ағаштың басында отырған тиін шыққан дыбыстан қорқып кетіп, қолына ұстаған бүршікті жерге түсіріп алды. Ол бүршік жерде отырған қоянның маңдайына сарт етіп соғылды. Қоян шошығаннан қалың орманға зыта жөнелді. Қоян құрдың ұяда жатқан балапандарының ұясын бұзып-жарып өтті. Балапандар қатты қорқып қалды. Бұтаның арасындағы жорғаторғайды да үркітіп жіберді. Қарғаның көзіне түсіп қалды, ол болса бүкіл орманды басына көтере қарқылдай бастады. Бұландардың құлағы түрік қой, қарғаның шуылдаған дыбысын естіп, орманға аңшылардың келіп қалғанына жорыды. Бұландар бұталарды жапыра басып, бар күшімен жүгіре жөнелді. Батпақта отырған тырналарды үркіттіп алды, тырналар тыраулай ұшты. Балшықшы құстар орманды айнала ұшты, мұңлы үн қатты.

Аю тоқтап тұрып, тың тыңдады. Аю ойлайды: «Орманда бір жамандық болып жатыр-ау, сауысқан мен жорғаторғайдан маза кетті, бұландар бұтаны жапырып кетті, батпақтағы құстар үрейлене шырылдап жатыр, артқы жақта біреу топылдап келеді. Бұл жерден аманымда кеткенім дұрыс қой!»

Аю арс ете қалды, құлағын тығындап алды да, орнынан тайып тұрды. Шіркін-ай, артқы жақта бағана басына тиіннің бүршігі құлап кеткен қоян топылдап отырғанын аю білгенде ғой! Осылайша, аю өз-өзін қорқытты, өз-өзін қалың орманнан қуып шықты.

Әңгіме мазмұны бойынша сұрақ-жауап.

- Аю орманнан неге қашып кетті?
- Бұландар неге қорықты?
- Қарғалар неге қорықты?
- Қоян неге қорқып кетті?
- Тиін неге қорықты?

Суреттерді қарастыруды, оларды әңгіменің ретімен орналастыруды ұсынады. (Балалар суреттерді әңгіме тізбегі бойынша орналастырады. Мысалы: алдымен аю, содан кейін бұтақ, тиін, жаңғақ және тағы басқа).

## 2.3. «Қасқыр» саусақ жаттығуы.

Қасқыр, қасқыр, қашып кет,

Алты қырдан асып кет. (сұқ саусақты бүгіп, қасқырдың тұмсығын, бас бармақпен құлағын, кішкентай саусақмен аузын келтір)

Ешкі жібін үзеді,

Қазір сені сүзеді. (саусақтарды бүгіп ешкінің мүйізін жасау)

## 2.4. Әңгімені тағы бір рет әңгімелеп беру үшін қайталап тыңдауды ұсынады.

Әңгіме кейіпкерлерінің суретті бейнелеріне сүйене отырып, барлығы бірге оқиғаны қайталайды.

Қажет болған жағдайда, логопед балаларға нұсқаушы сұрақтар қоя алады. Әңгімені мұқият тыңдайды. Балалар кейіпкерлердің бейнелеріне сүйене отырып, оқиғаны өз бетінше баяндайды.

**2.5.** Қоянға сұрақтарға жауап беруді ұсынады.

- Не?... (қызыл сары тиін)
- Не жоқ?... (қызыл сары тиін)
- Неге тамақ беремін?... (қызыл сары тиінге)
- Нені көремін?... (қызыл сары тиінді)
- Не қуанды? ... (қызыл сары тиін)
- Мен не туралы айтып отырмын?... (қызыл сары тиін туралы) және және тағы басқа сұрақтар.

### **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

Балалардың әңгімелерін талдау және талқылау. Ең жақсы оқиға таңдалады.

#### **Күтілетін нәтиже.**

Жабайы жануарларды білу. Әңгімені суреттерге сүйеніп мазмұндау туралы түсініктері болуы. Шығарма кейіпкерлерінің бейнелерін көрнекілік модель түрінде қолданып, әңгіме мәтінін мазмұндауды, антоним сөздерді таңдауды білу.

## Тақырыбы: Нан (Ертегілер әлемінде)

Өтілетін күні: 19-20-21.10.2022ж

**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МАҚСАТЫ:** Балаларға ертегіні сюжетті суреттер сериясы бойынша мазмұндауды үйрету; нан өнімдерінің атауын дұрыс атауды; зат есімдерге жақсы көру, еркелету және кішірейту мағынасын беруді (сөз түрлендіру) үйрету. Зейін, ойлау, байланыстыра сөйлеуді дамыту.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС;** Екті (отырғызды), тартты, суырып алды.

### ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

#### 1. Көрнекілік материалдар.

«Масақ» сюжетті суреттер сериясы.

#### 2. Үлестірмелі материалдар.

«Нан өнімдері» тақырыптық суреттері, тышқан ойыншығы.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

**1.1.** - Балалар, бүгін бізге қонақтар келді. Олармен амандасып алайық.

- Енді, балалар, тапсырманы тыңдаңдар. Нан өнімдерін атаңдар. Кім дұрыс атайды, сол бала отырады. Балалар ертегі кейіпкерлерімен амандасады, суретті таңдайды, оны тақтаға қойып, нан өнімдерін атайды. Отырады.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**2.1.** - Балалар, бүгінгі оқу қызметінде нан туралы айтамыз және ертегіні мазмұндауды үйренеміз.

- Бүгінгі оқу қызметінде не туралы сөйлесеміз?

- Балалар, нан дастарханға қандай еңбекпен келетінін бәріміз білеміз. Бұл өте ұзақ, әрі көптеген адамдардың еңбегін қажет ететін іс!

**2.2. Украин халқының «Масақ» атты ертегісін тыңдауды ұсынады.**

(сюжетті суреттерді тақтадан көрсетіп, ертегіні айтып отырамын.)Ертегі мазмұны бойынша әңгімелесу және сөздік жұмыс.

- Сендерге ертегі ұнады ма?

- Ертегі қалай аталады?

- Ертегі не туралы?

- Ертегідегі барлық сөздер сендерге түсінікті ме?

- Балапан қораз бидайды ұнтақтады дегенді қалай түсінесіңдер?

- Қамыр илеу дегеніміз не?

- Балапан қораз жұмыс істеген кезде тышқандар не істеді?

- Балапан қораз қандай жұмыс істеді?

- Бәліштер дайын болған кезде тышқандар не істеді?

- Балапан қораз тышқандарға бәліштен жегізді ме? Неге?

- Бұл ертегі бізге нені үйретеді?

### **2.3. Сергіту сәті «Егін».**

Жайқалады ақ бидай  
Ырғалады желменнен.  
Трактор мен комбайн  
Егінді оруға дайын.  
Желкілдеген желменнен,  
Жел егінді тербеген.  
Өсірді оны дихандар,  
Тамшылаған терменен.

### **2.4. Мәтінді қайталап оқу (мазмұндауға негізделген).**

Балалардың сюжетті суреттерге сүйеніп, мәтінді мазмұндап айтуы.

Логопед қажетіне қарай нұсқаушы сұрақтарды қояды.

Верть атты тышқан ойыншық пайда болады.

Ол балаларға тышқанның неге соншалықты көңілсіз екенін сұрауға кеңес береді.

Балапан қораз досымыз

Дәмді бәліш пісірді

Ал, біз оған көмектеспей,

Жұмыстан қаштық.

Қазір жалқаулығымыз үшін қатты ұялып тұрмыз.

Тышқанға кеңес беруді ұсынады.

- Адамдар нанды өте жоғары бағалайды, «Ас атасы - нан» мақалы осының дәлелі.

### **2.5. «Еркелетіп ата» ойынын ұсынады.**

Тоқаш - тоқашым. Нан - наным.

Бәліш-бәлішім

Нан өнімдерін сүйіспеншілікпен атайды.

### **2.6. «Масақ» ертегісі.**

Ертеде екі тышқан және әдемі дауысты балапан қораз өмір сүріпті. Екі тышқанның біреуінің аты Круть, екіншісі Верть екен. Екі тышқан күніге ойнауды, билеуді, өлең айтуды ғана біліпті.

Ал қораз таң атысымен барлығын әсем дауысымен оятып, бірден жұмысқа кіріседі екен. Сөйтіп, бір күні аула сыпырып жүргенде бидайдың масағын тауып алады.

Қораз Круть пен Вертьті шақырып алып, былай дейді: «Қараңдаршы, мен не тауып алдым.

Тышқандар тез жүгіріп келіп:

- Ооо, оны үгіту керек!

Қораз:

- Оны кім үгітеді?

Круть:

- Мен емес, - деді.

Верть:

- Менде емес! - деп айқайлайды.

Қораз:

- Жарайды, онда мен үгітейін, - дейді.

Сөйтіп, қораз жұмысқа кірісті. Ал тышқандар болса, ойнап, би-билеп жүре берді.

Біраздаң соң қораз жұмысын бітіріп, екі тышқанды шақырады.

Қораз:

- Круть, Верть, мен қанша дән үгіткеніме қараңдаршы.

Тышқандар жүгіріп келіп, екеуі бірге шиқылдайды.

Қораз:

- Круть, Верть, енді дәнді дирменге салып ұн тарту керек, - дейді.

- Оны диірменге кім апарады?

Круть:

- Мен емес.

Верть:

- Мен емес, - дейді.

Қораз:

- Жарайды. Дәнді мен дирменге апарып тартайын, - дейді де қапшықты иығына салып алып кетеді.

Тышқандар секіріп ойнап кетеді.

Қораз тышқандарды шақырып:

- Мен ұн әкелдім, - дейді.

Тышқандар:

- Ай, жарайсың, Қораз!

Қораз:

- Енді осы ұнды илеп, пешке салып бәліш пісіру керек. Қамырды кім илейді? - дейді.

Тышқандар баяғы жауаптарын тағы айтады.

Тышқандар:

- Мен емес, менде емес, - дейді.

Қораз:

- Қайтадан өзім жасайтын сияқтымын.

Сөйтіп, қораз ұннан қамыр илейді. Отынды жарып, пешті жақты. Пешті қыздырып, оған бәлішті салды. Ал тышқандар бұл кезде өлең айтып, би-билеп жүрді. Бәліш те пісті. Қораз бәлішті үстел үстіне қойды, ал тышқандар болса бірден үстел басына жетіп келді.

Круть:

- Ой, менің қарным ашты!

Верть:

- Ох, менің жегім келіп тұр.

Сөйтіп, екі тышқан үстелге отырып алды.

Сонда Қораз:

- Тоқтай тұрыңдар, тоқтай тұрыңдар! Алдымен, масақты кім тапқанын айтыңдаршы?

Тышқандар:

- Сен таптың ...

Қораз:

- Масақты кім үгітті?

Тышқандар:

- Сен үгіттің ...

Қораз:

- Диірменге дәнді кім тартты?

Тышқандар:

- Сен ..., - деп ақырын айтты.

Қораз:

- Қамырды кім иледі? Отынды кім әкелді? Пешті кім жақты? Бәлішті кім пісірді?

Тышқандар:

- Бәрінде сен, бәрінде сен істедің, - деп ақырын айтты.

Қораз:

- Ал сендер не істедіңдер?

Тышқандар не айтарын білмеді. Сонымен, Круть пен Верть үстелдің басынан тұрып кетті. Ал қораз болса, оларды ұстамады.

Себебі, мұндай жалқауларға бәліш берудің қажеті жоқ деп түсінді.

### **3. ҚОРЫТЫНДЫ:**

- Балалар, бүгін не істедіңдер? «Масақ» ертегісін мазмұндадық.

Балаларға бір-бірінің мазмұндауын бағалауды ұсынады.

- Ертегіні бәрінен жақсы кім мазмұндап берді?

Балалар бір-бірінің мазмұндауын талдайды.

### **Күтілетін нәтиже.**

Нанды қадірлеу керектігін білу.

Нан өнімдері туралы түсініктері болуы.

Ертегіні сюжетті суреттер арқылы байланыстыра мазмұндауды; зат есімдерге жақсы көру, еркелету және кішірейту мағынасын беруді (сөз түрлендіру) біледі.

**Тақырыбы: Жыл құстары. Түсі бірдей геометриялық фигуралардан тұратын модельге сүйеніп, «Қарлығаш» әңгімесін мазұндау.**

Өтілетін күні: 26-27-28.10.2022ж

**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МАҚСАТЫ:** Көрнекі модель ретінде түсі бірдей геометриялық фигураларды қолданып, мәтінді байланыстыра мазмұндауды үйрету; жыл құстары туралы білімді бекіту; оқылған шығарманың мазмұны бойынша толық және мәнерлі жауаптар құруды үйрету; сөздерге еркелету, кішірейту мағынасын беру білігін бекіту; антонимдерді таңдауға жаттықтыру; балалардың ойлауы мен қиялын, эмоционалдық ықыластылықты, геометриялық фигураларды таңдауда еске сақтау қабілетін дамыту; құстарға сүйіспеншілік пен қамқорлық танытуға тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Тұмсық, қауырсын, кішкентай құс.

**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР**

**1. Көрнекілік материалдар.**

Түсі бірдей геометриялық фигуралар.

**2. Үлестірмелі материалдар.**

Қалташалы кенеп.

**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ БАРЫСЫ**

**1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**1.1. «Еркелетіп ата» дидактикалық ойыны.**

Құс - құсым, қарға - ... (қарғам), қанат - ... (қанатым), көгершін - ... (көгершінім), балапан - ... (балапаным).

Балалар сөздерге еркелету мағынасын беріп айтады.

**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**2.1. Басқаларға кедергі жасамай, мұқият тыңдарсың, жұмбақтың жауабын өзің табарсың.**

Тұмсығымен шымшып,  
Құрт тереді ... (Шымшық.)

Екі айыр құйрығы,  
Қияқ мұрт қанаты,  
Ұшқырлардың жүйрігі. (Қарлығаш.)

Жыл құстарының суреттерін көрсетеді.

- Бұл қандай құстар?
- Оларды неге осылай атайды?
- Ең алғашқы болып қай құстар қайтып келеді?

**2.2. «Керісінше айт» дидактикалық ойыны.**

Жоғары ұшады - ...  
Жылдам ұшады - ...  
Ұшып кету - ...

Жылы жел - ...

Ұядан ұшу - ...

Көлге жақындап ұшу - ...

Балалар мағынасы қарама-қарсы сөздерді таңдайды.

### **2.3. «Қарлығаш» әңгімесін тыңдауды ұсынады.**

Әңгіме бойынша сұрақтар:

- Қарлығашқа не болды?

- Қарлығаш қайда болды?

- Қарлығашқа достары қалай көмектесті?

Әңгімені тағы оқып, қалташалы кенепке әңгімедегі кейіпкерлерді бейнелейтін, түстері бірдей геометриялық фигураларды шығарамын. Балалар әңгімені мұқият тыңдайды және кейіпкерлерді білдіретін геометриялық фигураларды құрастырады.

### **2.4. Сергіту сәті «Қарлығаштар».**

Қанат жаям жалма-жан,

Талпынғандай ұшуға.

Иіліп келіп, қол созам.

Аяғымның ұшына.

Өлең мәтініне сәйкес қимылдар жасайды.

### **2.5. Әңгімені қайталап оқу (қайта баяндауға арналған).**

Қажет болғанда логопед балаларға нұсқаушы сұрақтарды қоя алады. Балалар ертегіні мұқият тыңдайды.

Олар кейіпкерлерді бейнелейтін геометриялық фигураларға сүйене отырып, оқиғаны өз бетінше баяндайды.

## **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

Балаларға бір-бірінің әңгімелерін талқылауды ұсынады.

Талдау барысында мазмұндалған әңгіменің мынадай қасиеттеріне мән беріледі: әңгіменің толықтығы, мазмұнды берудің реттілігі, мағынаның мәтінге сәйкестігі.

Балалар өз әсерлерімен бөліседі. Барлығының арасында кімнің мазмұндауы көбірек ұнағанын айтады. Себебін түсіндіреді.

### **Күтілетін нәтиже.**

Жыл құстарын білу.

Жыл құстарының сыртқы бейнесі, қылықтары, тіршілік етуі туралы түсініктері болуы. Сөздерді еркелету, кішірейту мағынасында қолдануды; антоним сөздерді таңдауды; оқылған шығарманың мазмұны бойынша толық және мәнерлі жауап беруді, көрнекі модель ретінде алынған түсі бірдей геометриялық фигураларды қолданып, мәтінді байланыстыра мазмұндауды білу.



## Тақырыбы: Менің қалам. Біздің көше

Өтілетін күні: 31.10-01.11.2022ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Туған қаласы, оның көрікті жерлері туралы білімді бекіту; сюжетті суретке сүйене отырып, шағын әңгімелер айтуды үйрену; сөздерге қосымшаларды (жұрнақ пен жалғау) жалғау арқылы сөзжасам жаттығуларын орындау. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту; бастапқы қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. Туған қалаға сүйіспеншілік пен патриоттық сезімді тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Қиылыс, жаяу жүргінші жолы, жүріс бөлігі.

**1. Көрнекілік материалдар:** Қала көшелері бейнеленген суреттер.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

**1.1.** Балаларға өздерінің тұрғылықты мекенжайын айтуды сұраймын.  
Балалар үй мекенжайын айтады.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**2.1.** - Балалар, көшелер, субұрқақтар, жолдар қайда бар?

- Балалар, бүгін біздің қаламыз туралы айтамыз.

- Біз тұратын қала қалай аталады?

Тақтаға қала көшелері бейнеленген суреттерді шығарамын.

- Біздің қалада не бар? (Үйлер, алаңдар, көшелер, мектептер, театрлар, дүкендер және тағы басқа.)

Балалардан дүкен, аялдама, мектеп, емхана сөздерін орыс тілінде атауды ұсынамын.

Балаларға Дымбілместің суретін көрсетемін. Дымбілмес автобуспен жол жүру ережелерін білмейтіндіктен, дүкенге бара алмай тұрғанын айтады.

Дымбілмеске көмектесу керектігін балаларға түсіндіреді.

Дымбілмеске қоғамдық көлікте өзін қалай ұстау керектігін айтуды ұсынады.

- Алдымен, біз аялдамаға барамыз ...(жақындаймыз). Автобуска ... (кіреміз).

- Автобуста кімге орын беру керек?

Автобустан қалаған аялдамада ... (шығамыз).

**2.2.** Балалар мен Дымбілмеске «Ең қысқа сөз» дидактикалық ойынын ұсынамын

Мекенжай, көше, даңғыл, саябақ.

Қалалық, тас, тар, көп қабатты.

**2.3.** «Көшедегі балалар» атты әңгімені тыңдауды ұсынады.

Балалар әңгімені тыңдайды.

Балалар кең көшенің бойымен мектепке бара жатыр. Олар жолдың жиегімен жүріп

барады. Көшенің оң жағында азық-түлік дүкені тұр. Онда азық-түлік сатады. Дүкеннің қасында кинотеатр бар. Бұл жерде фильмдер көреді. Кинотеатрдың қасында аурухана орналасқан. Онда адамдарды емдейді. Мына жерде жол қиылысы бар. Жол қиылысында бағдаршам тұр. Қызыл түс жанды. Балалар көліктердің өтіп кетуін күтіп тұр.

Әңгіме бойынша сұхбаттасу. Балалар сұрақтарға жауап береді.

- Балалар қайда бара жатыр?
- Олар қай жерде жүріп барады?
- Көшенің оң жағында не бар?
- Дүкен мен кинотеатр маңында не бар?
- Қиылыста не бар?

#### **2.4. Сергіту сәті.**

**Т. Тұяқбаев «Машина» әні.**

«Бип-бип, бип!» - дейді.

«Жолдан былай кет!» - дейді.

Күшікті басуға, басуға

Болмайды, болмайды машина!

«Бип-бип, бип!» - дейді.

«Жол шетінде күт,» - дейді.

Көшеде жүруге асыға

Болмайды, болмайды машина!

Өлең мәтініне сәйкес қимылдар жасайды.

#### **2.5. Әңгімені мазмұндау үшін қайталап оқу.**

Балаларға суретке сүйене отырып, әңгімені өз бетінше мазмұндап беруді ұсынады.

Балалар әңгімені сюжетті сурет бойынша мазмұндайды.

### **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

Балаларға саусақ гимнастикасын орындауды және Дымбілмеспен қоштасуды ұсынамын.

Біз қаланы аралаймыз

Біз көп нәрсені көреміз,

Бағдаршамдар мен көліктер

Жәрмеңкелер мен дүкендер

Алаңдар, көшелер, көпірлер,

Ағаштар мен бұталар.

Балалар саусақ гимнастикасын жасайды және Дымбілмеспен қоштасады.

**Күтілетін нәтиже.**

Өз қаласын білу.

Өз қаласының көрнекті жерлері туралы түсініктері болуы.

Сюжетті суретке сүйене отырып, шағын әңгімелерді мазмұндауды, қосымшалардың көмегімен сөздерді құрауды білу.

## **Тақырыбы: Менің Қазақстаным**

Өтілетін күні : 02-03-04.11.2022ж

### **ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ**

Балаларды Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мейрамымен таныстыру; Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерімен (Елтаңба, Ту, Әнұран) таныстыру. Балаларға үлкен кісінің айтатын сөзін аяғына дейін тыңдауды үйрету. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Отансүйгіштік сезімін тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:**Елтаңба, ту, әнұран, тәуелсіздік, батыр.

#### **1. Көрнекілік материалдар.**

Қазақ халқының ұлттық киімін киген қуыршақ.

#### **2. Үлестірмелі материалдар.**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы мен Туының бейнесі, киіз үйдің макеті.

### **ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ**

#### **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

##### **1.1. Жылулық шеңбері.**

Балаларға шеңбер бойымен қол ұстасып тұрып, бір-біріне жақсы сөздерді айтуды ұсынамын.

#### **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

##### **2.1. Балаларға қонаққа Дана келді.**

Балалармен әңгімелесіп.

- Балалар, сендер өз ауылдарың қалай аталатынын білесіңдер ме?

- Қарақұм ауылы. - Ал сендер тұратын Республика қалай аталады?

- Жақында біздің Республикамыз өзінің Тәуелсіздік күнін атап өтеді.

- Бұл қандай мереке екенін білгілерің келе ме?

- Қазақстан Республикамыз - тәуелсіз мемлекет. Біздің мемлекеттік рәміздеріміз бар.

Олар: ту, әнұран, елтаңба. Біздің ата-бабаларымыз, әкелеріміз бен ағаларымыз барлық уақытта Тәуелсіздік үшін аянбай еңбектенді. Біздің еліміздің әр азаматы өз ойын ашық айтуға, сүйікті ісімен айналысуға, білім алуға, жер байлықтарын пайдалануға құқығы бар.

Құқықтар мен қоса, әр 16 жасқа толған азаматтың міндеттері де бар. Әр адам өзі атқаратын іске жауапкершілікте болады. Әрқайсымыз еліміздің табиғатына қамқорлықпен қарауға, туған жерді сүйуге, мемлекеттік тілді құрметтеуге міндеттіміз.

Балалар, біз Қазақстанда тұратын барлық ұлттардың тілі, дәстүрі мен мәдениетін сыйлаймыз. Достық пен ынтымақ жоғары бағаланатын құндылық. Біз осы қасиетімізді берік ұстауымыз керек.

Балалар, біз Қазақстанда тұратын барлық ұлттардың тілі, дәстүрі мен мәдениетін сыйлаймыз. Достық пен ынтымақ жоғары бағаланатын құндылық. Біз осы қасиетімізді берік ұстауымыз керек.

##### **2.2. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі.**

- Балалар, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері деген не?

Қазақстан Республикасы рәміздерінің бейнесіне қарауды ұсынады және олар туралы әңгімелейді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындау.

### **2.3. Динамикалық үзіліс.**

«Қаражорға» биі.

Балаларға «Қаражорға» биін билетемін.

- Балалар, қазір бәріміз «Қаражорға» биін билеп, денемізді демалдырып алайық.

Балалар ортаға шығып, көңілді би билейді.

### **2.4. Дана балаларға өлеңді тыңдауды ұсынады.**

Киіз үй

Киіз үйге кіргенде,

Бәрі басын иеді.

Оның сыры білгенге,

Шаңырақ қой киелі.

Кереге, уық ғажап тым,

Кестелі ою өң береді.

Киіз үйі қазақтың,

Жер шарындай дөңгелек.

Түлеткен сан ұл-қызды,

Киіз үйім – дастаным.

Ай менен Күн, жұлдызды,

Шаңырақ қой аспаным.

Логопед:

- Ал сендер киіз үй деген не екенін білесіңдер ме?

Киіз үйдің макетін қарастыруды ұсынады. Оның безендірілуі туралы айтады.

### **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

Қоштасу шеңбері.

Данаға жылы сөздер мен тілектер айтып, тағы да қонаққа келуін айтуды балаларға тапсырамын. Балалар Данаға жылы сөздер айтады және балабақшаға қонаққа келіп тұруға шақырады.

### **Күтілетін нәтиже.**

Қазақстан Республикасын білу.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мейрамы туралы түсініктері болуы.

Үлкен кісінің айтатын сөзін аяғына дейін тыңдай алу.

## Тақырыбы: Ойыншықтар

Өтілетін күні: 07-08-09.11.2022ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Сөйлеу тілінде ойыншықтардың және олар жасалған материалдардың атауларын бекіту; қатыстық сын есімдерді құрауды, сөздерге еркелету және кішірейту мағынасын беріп айтуды, зат есімдердің көпше түрін жасау біліктерін бекіту. Ұқыптылық пен үнемшілдікке тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Машина, пирамида, матрешка, құрастырушы, мозаика, дабыл (барабан), салу (үй салу), жинау, әшекейлеу (безендіру) және тағы басқа.

1. Көрнекілік материалдар: Карлсон. Ойыншықтар: доп, кішкентай шар, аю, қуыршақ, көлік, матрешка, қуыршақтар, көліктер, көлемі үлкен және кішкентай аюлар.
2. Үлестірмелі материалдар: Карлсон. Ойыншықтар: қағаз ұшақ, шыны шар, ағаш текше, резеңке доп, темір көлік, пластмасса пирамида, парақшалар, қарындаштар, көлемі үлкен және кішкентай суреттер.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Өздерінің сүйікті ойыншықтарын атаған балаларға отыруға болатынын айтамын. Балаларға саусақ гимнастикасын орындауды ұсынамын.

Дейді Күлтай:

- Қуыршақтар,

Ойыншықтар, тұршы қатар:

Екі аю мен Буратино, -

Әрі көңілді Чипполлино!

Көжек пенен пілім де!

Көмектесіп Күлтайға,

Бәрін, қане, қосып шық,

Нешеу екен ойыншық?

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Топта Карлсон пайда болады, ол балалардан топтағы ойыншықтар туралы айтуды сұрайды.

Логопед әңгіменің басын бастайды: «Біздің топта ойыншықтар көп. Бізде ... бар (Логопед балаларға топтағы ойыншықтарды тізіп айтуды сұрайды.)

Логопед балаларды ойын ойнауға шақырады.

«Бір - көп» дидактикалық ойыны.

Доп - доптар, піл - пілдер.

Көлік - көліктер, қуыршақ-қуыршақтар.

Үйрек - үйректер, аю - аюлар.

Қоян - қояндар, текшелер - текшелер.

Матрешка - матрешкалар, шелек - шелектер, гүл - гүлдер.

Дауылпаз - дауылпаздар, шелек - шелектер.

## 2.2. «Не қандай?» дидактикалық ойыны.

Мақсаты: балаларды заттарға қарап, олардың сапасы туралы сөз тіркестерін құрастыруға жаттықтыру.

- Балалар, Карлсон ойыншықтардың түр-түрін көріп, оларды ұстап-сипағанда, бір-біріне мүлдем ұқсамайтынын байқайды.

- Яғни, ойыншықтардың күйі, сапасы, қасиеті әртүрлі және қалыпты жағдайда әрқалай болатыны туралы айтуға болады. Қанекей, балалар, Карлсонға ойыншықтардың әртүрлі сипатын сөзбен айтуға көмектесейікші.

- Ойыншықты суға батырып, алып шықса, ол қандай болады?

- Дұрыс, ойыншық дымқыл болады.

- Ойыншықты шүберекпен сүртіп, жақсылап кептірсе, ол қандай болып шығады?

- Иә. Құрғақ ойыншық болады..

Осы тәртіпте балалар ойыншықтарға сипаттама беріп жатады.

- Суға батса? (Суға батқыш.)

- Құламай, орнында тұра берсе? (Тұрақты.)

- Қолмен мыжғылауға болатын ойыншық? (Жұмсақ.)

- Қолмен қаққанда, тоқ-тоқ еткен дыбыстар шықса? (Қатты.)

- Екі қолмен ұстап, екі жаққа созғанда созылса? (Созылғыш.)

- Екі ойыншықты (резеңке добы және кішкентай темір шар) екі қолда ұстағанда, салмағы туралы не деуге болады? (Біреуі жеңіл, біреуі ауыр.)

- Тасбақа ойыншығы мен жеңіл машина ойыншықтарын жүргізіп, өзара жарыстырса, олар қандай дейміз? (Тасбақа баяу, машина жылдам.)

- Доп еденде домалап, секіріп жүрсе, ол қандай дейміз? (Доп шапшаң, домалақ.)

## 2.3. Сергіту сәті «Доп».

Секіріп еденде

Біресе жоғары,

Біресе төменге,

Жаттығу оңай-ақ!

Допты ұрғандай, оң алақанымен серпиді.

Аяқтың ұшымен ырғақты секіру, екі қол белде.

## 2.4. Сипаттамалық әңгіме құрастыру.

Балаларға өздерінің сүйікті ойыншықтары туралы айтып, сипаттама әңгіменің сызбасын таныстырамын. Әрбір бейненің мағынасын түсіндіріп, сызба арқылы ойыншық туралы айтып беру өте оңай болатынын айтады.

Мысалы: Мынау - Маша қуыршақ. Қуыршақтың басы, ашық түсті шашы, көк көздері, қара кірпіктері мен қастары бар. Кеудесі, аяқ-қолдары бар. Оның үстінде ақ көйлегі мен ақ туфлиі бар. Маша қуыршақ - ойыншық. Онымен ойнайды. Қуыршақпен ұқыпты ойнау керек.

Балалар мұқият тыңдайды.

Сүйікті ойыншығы туралы сызба бойынша әңгіме құрастырады.

### 3. ҚОРЫТЫНДЫ

«Қандай?» ойыны.

Балалар қажетті сын есімдерді табады.

- Балалар, бізде қандай ойыншықтар бар екенін айтайық.

Ойыншықтар (қандай?) - кішкентай, үлкен, әдемі, түрлі-түсті, жұмсақ, сүйікті ...

Қуыршақ (қандай?) - әдемі, әдемі, үлкен, сөйлейтін, ...

Машина (қандай?) - әдемі, үлкен, жеңіл, жүк, ...

Доп (қандай?) - әдемі, түрлі-түсті, кішкентай, ...

Ұшақ (қандай?) - әдемі, ойыншық, пластмасса, ...

Күтілетін нәтиже.

Ойыншықтардың атауларын білу.

Ойыншықтар неден жасалғаны туралы түсініктері болуы.

Қатыстық сын есімдерді және сөздерге еркелету, кішірейту мағынасын беріп айтуды, зат есімдердің көпше түрін құрауды білу.

## Тақырыбы: Ойыншықтар.( Жалғасы)

Өтілетін күні: 10-11.11.2022ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Қысқаша сипаттамалық әңгімені құрастыруды үйрету; заттардың негізгі маңызды бөліктері мен негізгі бөліктерін (бөлшектерін) анықтау дағдысын қалыптастыру, оларды анықтау үшін фразалар мен айтылымдарды қолдану; заттың сипаттамасын құру туралы жалпылама түсініктерін қалыптастыру; ойыншықтар туралы білімді бекіту, жұмбақтарды шешу білігін бекіту.

СӨЗДІК ЖҰМЫС:Жүк көлігі, жеңіл көлік, жасыл, қызыл, пластмасса, тегіс, суық, жылы, темір, үлкен, кішкентай, үлпілдек, әдемі және тағы басқа.

1. Көрнекілік материалдар: Түстері мен көлемі әртүрлі жүк көлігі және жеңіл көліктер, түстері мен мөлшері әртүрлі доптар, көлемі әртүрлі қуыршақтар, материалы мен көлемі әртүрлі аюлар.

2. Үлестірмелі материалдар: Ойыншықтарды сипаттауға арналған сызбалы үлгі.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сөздер тізбегін еске сақтап, қайталап айтып беретін балаға отыруды ұсынамын.  
Көлік - текше - доп; робот - қуыршақ - пирамида; зырылдауық - тапанша - ұшақ; қоян - қуыршақ - паровоз және тағы басқа.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Балаларға жұмбақ шешуді ұсынамын.

Сымға асылып,

Жүр асығып.

Дыз-дыз етіп жүрегі,

Сымнан ұстап жүреді.

Өзіне адам мінеді,

Ол не, ал кім біледі? (Троллейбус.)

Аяғы бар, жүрмейді,

Аузы бар, күлмейді,

Айнымайды бөпемнен

Тек сөйлеуді білмейді. (Қуыршақ.)

Тепсең-ақ секіріп,

Ұстатпай қашады.

Бір жерге бекініп,

Тұра алмай сасады. (Доп.)

- Осы заттардың барлығын бір сөзбен қалай атауға болады?

- Бүгін сабақта не туралы сөйлесеміз?



Беті орамалмен жабылған ойыншықтарды ашып көрсетіп (Түстері мен көлемі әртүрлі жүк көлігі және жеңіл көліктер, түстері мен мөлшері әртүрлі доптар, көлемі әртүрлі қуыршақтар, материалы мен көлемі әртүрлі аюлар, текшелер), балаларға оларды жақсылап қарастырып, кез келген ойыншықтың бөлшектері қалай аталатынын айтуды сұрайды.

- Көлік туралы не айтуға болады, ол қандай? (Жүк көлігі, жасыл түсті, пластмассадан жасалған, үлкен, әдемі және тағы басқа.)

- Доп, қуыршақ, аю, текше туралы не айтуға болады?

Балаларға ойыншықтарды қолмен ұстап көріп, олардың қандай екенін айтуды сұрайды (тегіс, кедір-бұдырлы, суық, жылы, жұмсақ, қатты және тағы басқа).

Доп пен текшені салыстыруды ұсынады.

- Доп неге домалайды? Ал, текше неге домаламайды?

Балаларға доп пен текшені еденге домалатып көруді ұсынады.

## 2.2. Сызбалы үлгімен танысу.

Балаларға сызбалы үлгіні қарастыруды ұсынамын. Әр бейненің мағынасын түсіндіріп, сызба арқылы ойыншық туралы айтып беру өте оңай болатынын айтады.

Балалар сызбалы үлгіні қарастырады. Мұқият тыңдайды.

## 2.3. Сергіту сәті. «Доп».

Қақпаға туралап,

Теп допты, оң аяқ,

Қақпаға туралап,

Теп допты сол аяқ,

Оң аяқ, сол аяқ!

Жаттығу оңай-ақ!

Доптың қозғалысына еліктеу.

## 2.4. Карлсон балаларға бір қорап ойыншық әкелді.

Балаларға ойыншықтарды қарастырып, «қандай? қай?» сұрақтарына жауап беретін сөздерді атауды сұсынады. Бұл кезде ойыншықтардың негізгі сипаттамаларын (түсі, көлмеі, пішіні, материалы және тағы басқа) анықтап айту міндетті.

Доп қандай? ... (көк, кішкентай, домалақ, резеңке).

Шар қандай? ... (сары, үлкен, домалақ, жеңіл, резеңке).

Аю қандай? ... (қоңыр, кішкентай, жеңіл, пүліш).

Қуыршақ қандай? (әдемі, үлкен, сәнді).

2.5. 1. Балаларға сызбалы үлгіге сүйеніп, ойыншық аю туралы айтып беретін әңгімесін тыңдауды ұсынады.

2. Балалардың өздеріне ойыншық туралы айтып беруді ұсынады.

3. Қажет болған жағдайда, логопед балаларға нұсқаушы сұрақтарды қоя алады.

4. Балалардың әңгімелерін талдау және талқылау.

5. Балалар ойыншық туралы сызбалы үлгіні өз бетімен құрастырады.

### 3. ҚОРЫТЫНДЫ

«Не өзгерді?» дидактикалық ойынын ұсынады.

Логопед үстелге 4 ойыншықты қояды. Балаларға теріс қарауды өтінеді. Осы кезде екі ойыншықтың орнын ауыстырып жібереді.

Балалардың әңгімелерін талдау және талқылау.

Күтілетін нәтиже.

Ойыншықтардың атауларын білу.

Заттың сипаттамасын құру туралы түсініктері болуы.

Қысқаша сипаттамалық әңгімені құрастыруды, заттардың негізгі маңызды бөліктері мен негізгі бөліктерін (бөлшектерін) анықтауды, оларды анықтау үшін фразалар мен айтылымдарды қолдануды, жұмбақтарды шешуді білу.

## Тақырыбы: Киім. Аяқкиім.

Өтілетін күні: 14-15-16.11.2022ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ:

Үстіге киілетін киімге жататын заттардың атауларын, «киім», «аяқкиім» жалпылауыш сөздерін бекіту. Сын есімдер мен зат есімдерге септік жалғауларын дұрыс жалғауды үйрету. Зат есімдердің көпше түрін құрауға жаттықтыру. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Киімге ұқыпты болуды тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Маусымдық, манжет, желбіршек (бүрме), қоныш, өңіржиек, ұлтарақ.

1. Көрнекілік материалдар. Киім бейнеленген суреттер.

2. Үлестірмелі материалдар. Чемодандар бейнеленген суреттер.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Логопед үстеріне киген киімдерін атаған балаларға орындықтарға отыруды ұсынады. Балалар үстеріне киген киімдерін атайды, бәрі орындықтарға отырады.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. - Көшеге қандай киім киеді?

- Бұл қандай киім?

Суреттер: ішкиім, теркөйлек (майка), футболка, түнгі көйлек, пижама.

- Бұл қандай киім?

- Ішкиім, теркөйлек.

- Футболка, түнгі көйлек, пижама.

- Біз бұл киімдерді ненің сыртынан киеміз?

- Біз оларды ішкиімнің сыртынан киеміз.

- Мерекеге киетін киімді қалай атаймыз?

- Күнделікті киетін киімді қалай атаймыз?

- Жазда және қыста бірдей киім киеміз бе?

- Біз көктемде және күзде маусымдық киім киеміз. Жаз бен қыс мезгілдері арасында.

Суреттер көрсетіледі: етік, аяқкиім, бәтеңке.

- Бұл не?

Кейбір киім мен аяқкиімді орыс тілінде атауды ұсынады. Киім мен аяқкиім түрлерін орыс тілінде атайды.

Киім мен аяқкиімнің бөлшектерін қарастырады және атайды.

Киім мен аяқкиімнің бөлшектерін қарастыруды және оны атауды ұсынады (жаға, жең, манжет, қалта, өңіржиек, белбеу, бау, бүктемелер, желбіршек, бант, табан, қоныш, биік өкше, шұлық, аяқкиімнің ішкі өкшесі, аяқкиім тұмсығы, ұлтарақ).

2.2. Сергіту сәті. «Қолғап».

Саусақ гимнастикасы.  
Қыс та енді басталар  
Не істейміз балалар?  
Бір-біріне киінуге  
Көмектесер біздің қолдар.  
Үлкен тонды киіп ал,  
Болады саған жақсылар  
Ағалардың ізімен бір, екі, үш!  
Сиысып қәне көрші,  
Орналасып саусақтар  
Шықты міне қолғап!

**2.3.** Балаларға Дана мен Аланның суретін көрсетіп. Олар әжесіне қонаққа жиналыпты. Алан мен Данаға чемоданға киімдерін жинауға көмектесуді балалардан сұрау.

**«Киімді жина» дидактикалық ойыны.**

Балалар ұл мен қыздың киімдерін қарастырады. Ұл мен қызға арналған киімдерді ажыратады.

**2.4. «Кімнің?» дидактикалық ойыны.**

- Бұл кімнің баскиімі?

- Бұл кімнің шалбары?

Сұрақтарға жауап бере отырып, киімдердің атауларын атайды.

**2.5. «Бір-көп» дидактикалық ойыны.**

Бөрік - бөріктер, құлақшын - құлақшындар, жемпір-жемпірлер, бөкебай - бөкебайлар және тағы басқа.

Киім атауларын көпше түрде атайды.

### **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

**«Жұмбақтың шешуін тап».**

Бес ін, бес іннің

Аузы бір ін. (Қолғап.)

Түзде адымдайды,

Үйде дамылдайды,

Дәлізге жұрт тастайды

Төрге аяқ баспайды. (Сыртқа киетін аяқкиім.)

Тастамайды белінен,

Балалардың көбі оны

Күресуден теңімен,

Кім қашады дегені. (Белбеу.)

**Күтілетін нәтиже.**

Киім мен аяқкиім түрлерін білу.

Киім түрлері туралы түсініктері болу.

Сын есімдер мен зат есімдерге септік жалғауларын дұрыс жалғауды, зат есімдердің көпше түрін құрауды білу.

**Тақырыбы: Киім. Аяқкиім. (Сызба-модельге сүйене отырып, сипаттамалық әңгіме құрастыру).**

**Өтілетін күні: 17-18.11.2022ж**

### **ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ**

Киім мен аяқкиім түрлері туралы, «киім», «аяқкиім» жалпылауыш атаулары туралы білімді бекіту. Екі негізгі сурет бойынша салалас құрмалас сөйлем құруды; антонимдерді меңгеруді үйрету. Жұрнақтарды жалғау арқылы сөзжасам дағдыларын жаттықтыру. Қысқа әңгіме құру дағдысын бекіту. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Киім мен аяқкиімге ұқыпты болуға тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Манжет, желбіршек (бүрме), желбіреуіш, қоныш, өңіржиек, ұлтарак.

**1. Көрнекілік материалдар:** Қыз бен ұлдың, әйел мен ер адамның суреттері.

**2. Үлестірмелі материалдар:** Киім мен аяқкиімнің суреттері.

### **ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ**

#### **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**1.1.** Киім бөліктерін атаған балаларға отыруды ұсынамын. Балалар киім бөліктерін атайды, орындықтарға отырады.

#### **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**2.1.** Қыз бен ұлдың, әйел мен ер адамның суреттері көрсетіледі.

Балаларға мынадай үлгідегі сөйлемдерді құрауды ұсынамын: «Ұлдың үстінде жейде, қыздың үстінде көйлек. Ер адамның үстінде костюм. Әйел адамның үстінде көйлек.»

Киім мен аяқкиім түрлерінің атауларын орыс тілінде атауды сұрайды. - Балалар, киім өлшемдері қалай ажыратылады?

- Киімнің кішкентай өлшемін кім киеді? Қалай ойлайсыңдар?

**2.2.** «Керісінше айт» дидактикалық ойын.

Балалар қарама-қарсы мәндес сөздерді таңдайды.

Үлкен - кішкентай, бала- ересек, қысқа - ұзын, таза - лас, құрғақ - дымқыл, биік - аласа.

**2.3.** Сергіту сәті «Киім дүкені».

Қимыл-қозғалыспен көрсетеді.

Шалбардың бір балағын,

Содан соң екінші балағы

Енді белді көтерелік әдемі.

Күртенің оң қолы,

Күртенің сол қолы.

Түймеледік жоғарыдан төменге.

Ал енді етік кидік, жорыта жолға шықтық.

#### **2.4. «Радио» дидактикалық ойыны.**

Баланың үстіне киген киімінің сипаттамасы бойынша радиодан кім туралы хабарлама берілгенін табуды ұсынады.

Топтағы балалардың киімдері мен аяқкиімдерінің сипаттамасы бойынша қай бала туралы айтылғанын табады.

**2.5.** Киім түрінің бірі туралы сызбалы үлгі бойынша қысқа әңгіме құрастыруды ұсынады.

- Бұл не?

- Сыртқы белгілері (түс, заттың бөліктері).

- Олар жылдың қай мезгілінде киіледі?

- Оны қайдан сатып алуға болады?

Балалар сызбалы үлгі нешінде қысқа әңгімелер құрайды.

### **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

«Жұмбақтың шешуін тап».

Қолы бар,

Саусағы жоқ.

Мойны бар,

Басы жоқ. (Көйлек.)

Киімдегі қуыс,

Ұсақ-түйекке ыдыс. (Қалта.)

Есігі біреу,

Бөлмесі бесеу. (Қолғап.)

Дөңгелек өзі,

Төртеу көзі.

Ұстайды мықтап,

Тұрғанды сыртта. (Түйме.)

**Күтілетін нәтиже.**

Киім мен аяқкиімге жататын заттарды білу.

Киім түрлері туралы түсініктері болуы.

Екі негізгі сурет бойынша салалас құрмалас сөйлем құрауды, антонимдерді таңдауды, жұрнақтар арқылы сөздерді түрлендіруді, қысқа әңгімелерді құрастыруды біледі.

## Тақырыбы:Қыс

Өтілетін күні: 21-22-23.11.2022ж

**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МАҚСАТЫ:**Балалардың ұғымындағы қыз мезгілінің белгілері туралы білімдерін кеңейту. Жанама септіктерде сын есімдер мен зат есімдерді үйлестіруді; етістіктерге қосымшаларды дұрыс жалғап қолдануды үйрету. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:**Күн райы, ауа, аяз, бұрқасын (вьюга), қар жауыны; қысқы, суық, аязды, солтүстік, қатты, жылы, жарқын, көк, сұр, ақ, бұлтты (облачный), бұлыңғыр (пасмурный), ашық, шытынаған (трескучий).

### ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

#### 1. Көрнекілік материалдар.

Күн райының күнтізбесі, күн райының графикалық белгіленуі.

#### 2. Үлестірмелі материалдар.

Таңбалауыштар, абдан (теңбілше), тотықұс.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

**1.1.** Қыстың белгілерін атайтын адамға отыруды ұсынады. Балалар қыстың белгілерін атайды.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**2.1.** Топта абадан (арыстанның күшігі) мен тотықұс пайда болады. Олар балалармен амандасады және топқа қарап тұрады. Оларды күн райының күнтізбесі қызықтырады, онда олар бейтаныс таңбаларды көреді. Олар бұның мағынасын түсіндіруді балалардан сұрайды.

Логопед абадан мен тотықұсқа белгілердің мағынасын түсіндіріп беруді балалардан сұрайды.

- Балалар, біз бүгін не туралы сөйлесеміз деп ойлайсыңдар?

Қонақтарға қыс туралы айтуды ұсынады.

Күннің графикалық бейнесін қарастыруды ұсынады.

- Қысқы күн әртүрлі болады.

Логопед балаларға қысқы күн қандай болатынын айтуды сұрайды. (Жарқын, жылы, әдемі, ыстық, шуақты, мейірімді және тағы басқа.)

Аяз (қатты, шытынаған) сөзімен сондай жұмыс істелінеді.

Аспан (сұр, көк, бұлтты, ашық); жел (күшті, суық, жылы, солтүстік).

Қар (ақ, үлпілдек, жеңіл).

Түнерген бұлт (қара, үлкен).

Бұлттар (ақ, сұр, үлкен, жеңіл).

Қыс пен қар сөздерін орыс және ағылшын тілдерінде атауды ұсынады.

**2.2.** Сұраққа сөз тіркестерін құрып жауап беруді ұсынады.

Не? - ақ ұлпа қар, омбы қар.

Не жоқ? - ақ ұлпа қар жоқ, омбы қар жоқ.

Неге қуанамыз? - ақ ұлпа қарға, омбы қарға.

Нені көреміз? - ақ ұлпа қарды, омбы қарды.  
Неге ризамыз? - ақ ұлпа қарға, омбы қарға.  
Не туралы сөйлесеміз? - ақ ұлпа қар туралы, омбы қар туралы.

### **2.3. Сергіту сәті: «Аққала»**

Қар жауғанда топ бала,  
Соқтық келіп аққала.  
Мұрны сәбіз, үп-үшкір,  
Көзі көмір қап-қара.  
Көне шелек басында,  
Сыпырғышы қолында.  
Мұзайдынды аршуға,  
Келгендей-ақ ол мұнда.  
Өлең мәтініне сәйкес қимылдар жасайды.

**2.4.** Логопед балаларға қараша айында қандай күндер болғанын еске түсіруді ұсынады.  
(Жылы, қарлы, желді, жаңбырлы, шуақты.)

### **«Сөздерді үлгі бойынша өзгерт» ойыны.**

Жүрді - келді, кетті, кірді.  
Қашты - жүгіріп келді, қашып кетті, жүгіріп кірді.  
Ұшты - ұшып келді, ұшып кетті, ұшып кірді.  
Келе жатты – келді, кетті, кіре кетті.

## **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

### **Қоштасу шеңбері.**

Логопед балаларға келген қонақтармен қоштасуды және оларға қандай тілек айтуға болатынын ойлануды ұсынады. Балалар қонақтармен қоштасады.

### **Күтілетін нәтиже.**

Қыс мезгілінің белгілерін білу.  
Табиғат күнтізбесіндегі белгілердің мағынасы туралы түсініктері болуы.  
Жанама септіктерде сын есімдер мен зат есімдерді үйлестіруді; етістіктерге қосымшаларды дұрыс жалғап қолдануды білу.



## Тақырыбы: Қыс жалғасы.

Өтілетін күні: 24-25.11.2022ж

**ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МАҚСАТЫ:** Балаларды қыс мезгіліне тән белгілермен таныстыруды жалғастыру. Зат есімдерді реттік және жинақтық сан есімдермен үйлестіруді; етістіктерге қосымшаларды (жұрнақ пен жалғау) дұрыс жалғауды үйрету. Шағын әңгімелерді мазмұндауды үйрету. Зат есімдердің еркелету, кішірейту мағыналарын айту білігін бекіту. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Жүгірді, жүгіріп келді, қашып кетті, жүгіріп кірді, қысқы, суық, қатты, шуақты, бұлтты, желді.

**ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР:** 1. Көрнекілік материалдар: Жылдың әртүрлі мезгілдері бейнеленген суреттер.

2. Үлестірмелі материалдар. Доп.

## ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ БАРЫСЫ

### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

#### 1.1. Балаларға сөйлемді жалғастыруды ұсынамын.

Мұздап қалмау үшін ... кию керек.

Қыста ... бетін мұз басады.

Балалар қыста ... сырғанауды жақсы көреді.

Қыста даладан ... көре алмайсыңдар.

Балалар сөйлемдерді аяқтайды.

### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. - Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

- Ойланып көріңдерші, балалар, қыс қандай?

- Бүгінгі күн қандай?

Балаларға үстелде жатқан суреттердің арасынан қыс мезгілін тауып, өздерінің таңдауларын түсіндіруді сұраймын.

- Балалар, біз бүгін не туралы әңгімелесеміз? Қалай ойлайсыңдар?

Балалар қыс мезгілі бейнеленген суреттерді тақтаға қояды.

- Қыс туралы айтатын боламыз. Жарайсыңдар!

#### 2.2. «Сөзді таңда» ойынын ұсынады.

- Балалар, «қысқы ...», «суық ...», «қатты ...», «шуақты ...», «бұлыңғыр ...», «желді ...» деп не туралы айта аламыз?

Балалар мағынасына қарай және грамматикалық формасы дұрыс сөздерді таңдайды.

Балаларға сұрақтарға жауап беруді ұсынамын:

- Күн суық болмаса аққалаға не болады? Аққала неге айналады?

- Тонды қарға қойса, оның астындағы қар еріп кете ме?

### **2.3. «Сөздерді үлгі бойынша өзгерт» ойыны.**

Жүрді - келді, кетті, кірді.

Жүгірді - жүгіріп келді, қашып кетеді, жүгіріп кірді.

Ұшты - ұшып келді, ұшып кетті, ұшып кірді.

Келе жатты - келді, кетті, кіре кетті.

**2.4.** Балаларға әңгімені тыңдауды (кейіпкерледің сұлбаларын көрсету арқылы) және сұрақтарға жауап беруді ұсынамын. Төбешікте.

Қыс келді. Ақ ұлпа қар жауды. Аулада төбешік салынды. Шаңғы ұстаған үш ұл төбешікке бірінші болып жүгіріп келді. Екінші болып екі қыз келді. Екі қыздың да шаналары бар болатын. Төбешіктен бес бала сырғанап бастады. Бесеуі де өте көңілді еді.

- Жылдың қай мезгілі келді?

- Қандай қар жауды?

- Аулада не салынды?

- Төбешікке бірінші болып кімдер жүгіріп келді?

- Төбешікке екінші болып жүгіріп келді?

- Екі қыз немен сырғанап бастады?

- Төбешіктен барлығы неше бала сырғанап ойнады?

### **2.5. Сергіту сәті.**

Жел уілдеді, у-у-у!

Боран борайды, у-у-у!

Жел гуілдеп соқты, гу-гу!

Жапырақтар үзіліп түсті, ах-ах!

Билеп кетті қалтырап, пах-пах!

Өлең мәтініне сәйкес қимылдар жасайды.

**2.6.** Мазмұндау мақсатымен әңгімені қайталап оқу.

Сан есімдерді қолданып әңгімені қайталауды ұсынады.

Балалар оқиғаны өз бетінше мазмұндайды.

## **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

**«Еркелетіп айт» доппен ойналатын ойын.**

Бала - балам

Қарға - қарғам.

Бота - ...(ботақан).

Құлын ... (құлыным).

Ерке - ... (еркем).

Балалар сөздерге еркелету мағынасын беріп айтады.

### **Күтілетін нәтиже.**

Қыс мезгілінің белгілерін білу.

Сөздерді өзгерту туралы түсініктері болуы.

Зат есімдерді реттік және жинақтық сан есімдермен үйлесітіруді; етістіктерге қосымшаларды (жұрнақ пен жалғау) дұрыс жалғауды білу. Шағын әңгімелерді мазмұндауды, зат есімдердің еркелету, кішірейту мағыналарын айтуды білу.

## Тақырыбы:Қыс

Өтілетін күні:28-29-30.11.2022ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балаларды қыс мезгіліне тән белгілерімен таныстыруды жалғастыру. Балаларға суреттің жеке бөліктері бойынша әңгіме құрастырып, кейін оларды біртұтас айтылымға біріктіруді үйрету. Зат есімдерге сын есімдерді таңдау дағдысын; суреттегі сюжеттің дамуына маңызды ықпалы бар бөліктерін анықтауды; суреттегі сюжеттің дамуы үшін маңызды бөліктерінің өзара байланысын анықтау білігін қалыптастыру. Әңгімені құрастырғанда 3-6 сөзден тұратын фразаларды қолданып, балалардың фразалық сөйлеуін, шығармашылық қиялын дамыту.

СӨЗДІК ЖҰМЫС:Жабысқақ, жылтыр, сынғыш, бұрқасынды, боранды, мөлдір, жарқыраған.

1. Көрнекілік материалдар.«Қыс» сюжетті суреті.
2. Үлестірмелі материалдар.Түрлі түсті текшелі шымылдықтар.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сұраққа жауап берген балаларға орындықтарға отыруға рұқсат береді.

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?
- Қыстың қандай белгілері бар?
- Қыс айларын атаңдар.

Балалар сұрақтарға жауап беріп, барлығы орындарына отырады.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Логопед балаларға қыс, қар сөздерін айтуды ұсынады.

- Бүгін жылдың қай мезгілі туралы айтамыз?
- Қыс бізге әдемі хатқалта жолдап жіберіпті. Оның ішінде не барын көрейік.

Логопед «Қыс» пейзажының суретін, пішіні тікбұрышты 4 түрлі түсті шымылдықты, тапсырмалар жазылған қағазды көрсетеді.

- Қыс сендерге тапсырмаларды орындауды ұсынады.

Қыс бізге әдемі хатқалта жолдап жіберіпті. Оның ішінде не барын көрейік.

Логопед «Қыс» пейзажының суретін, пішіні тікбұрышты 4 түрлі түсті шымылдықты, тапсырмалар жазылған қағазды көрсетеді.

- Қыс сендерге тапсырмаларды орындауды ұсынады.

2.2. «Белгісін таңда» ойыны.

Қар (қандай?) - ақ, жұмсақ, үлпілдек, жеңіл, жабысқақ, жылтыр, жарқыраған және тағы басқа.

Мұз (қандай?) - қатты, мөлдір, тегіс, суық, сынғыш және тағы басқа.

Қыс (қандай?) - аязды, суық, бұрқасынды, боранды және тағы басқа.

Коньки (қандай?) - темір, өткір, жылтыр, балаларға арналған және тағы басқа.

Шаңғы (қандай?) - сары, ағаш, ұзын, қысқа және тағы басқа.

2.3. «Сөздерді таңда» ойыны.

Қысқы не болады? Қысқы ... Суық ... Қатты ... Шуақты ... Бұлыңғыр ... Желді ... және тағы басқа.

2.4. Балаларға суретті мұқият қарастыруды ұсынамын. Балалар суретке зер салып қарайды. 1-2 минут.

Бұдан соң суретті 4 түрлі түсті текшелермен жауып, текшелерді біртіндеп аша бастағанда, балалар суреттің жекелеген бөліктеріне мұқият қарап, ондағы әрбір нысанның қасиеттерін нақты сипаттап айтады.

- Суреттің сол жақ бұрышында не салынған?
- Аспанның түсі қандай? Неге?
- Суреттің ортасында не салынған?
- Жер мен ағаштардың үстін не жапқан?
- Суреттің оң жақ бұрышында не салынған?
- Балалар, суреттегі күн неге жарқырамай тұр, ол неге жерге жақын тұр? (Балаларға осы сияқты басқа да сұрақтар қойылады.)
- Бұл белгілер жылдың қай мезгіліне тән?
- «Біріктірі» атты сиқыршы суреттің барлық бөліктерін біртұтас бейнеге айналдыруға көмектеседі.

2.5. Сергіту сәті.

Ішік, пима қолғап бар,

Арада жоқ тоңғақтар.

Баста қолың малақай.

Біз тоңбаймыз алақай!

Қар жауады оң жақтан,

Қар жауады сол жақтан.

Қар лақтырып ойнасақ,

Су болады қолғаптар.

Өлең мәтініне сәйкес қимылдар жасайды.

2.6. «Бетім және қолыммен сезінемін» жаттығуы.

- Балалар, ойша суретке еніп көрейікші. Бетімізден суық желдің өпкенін сезінейік, аязды ауамен тыныс алайық, суық қарды қолмен ұстайық.

Логопед балаларға суретті түрлі түсті текшелермен жауып, кейін оларды кезекпен ашып, қалауларына қарай қыс мезгілі туралы әңгіме құрастыруды ұсынады.

Қажет болған жағдайда, логопед балаларға нұсқаушы сұрақтарды қоя алады.

Балалар қалауларына қарай суретті жауып тұрған текшелі шымылдықтарды ашып, қыс мезгілі туралы әңгіме құрастырады.

### 3. ҚОРЫТЫНДЫ

Балалардың әңгімелерін талдау және талқылау. Мазмұнды берудің толықтығы, реттілігі, суретке мағыналық сәйкестігі сияқты қасиеттері атап өтіледі. Балалар ең жақсы әңгімені таңдайды.

#### **Күтілетін нәтиже.**

Қыс мезгілінің белгілерін білу.

Әңгіме құрастыру туралы түсініктері болуы.

Суреттің жеке бөліктері бойынша әңгіме құрастырып, кейін оларды біртұтас айтылымға біріктіруді, зат есімдерге сын есімдерді таңдауды, суреттегі сюжеттің дамуына маңызды ықпалы бар бөліктерін анықтауды біледі.

## Тақырыбы: Қысқы ойын-сауық.

Өтілетін күні: 01-02.12.2022ж.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МАҚСАТЫ

Балалардың ұғымындағы қыс мезгілінің белгілері, қыста балалардың немен айналысатыны туралы түсініктерді бекіту. Себеп-салдар байланысын («күн суық болғандықтан, жылы киімдерімді киемін») орнатуды жалғастыру; ұғымдарды жалпылау білігін жетілдіру. Қысқы киім мен аяқкиім туралы білімдерін бекіту. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Киім мен аяқкиімге ұқыпты болуға тәрбиелеу.

СӨЗДІК ЖҰМЫС: Кию, шешу, мүсіндеу, сырғанату, сүйреу, асығу, сырғанау, салу (қалау).

1. Көрнекілік материалдар. Балалардың қысқы ойын-сауықтарын бейнелейтін сурет.

2. Үлестірмелі материалдар. Балалар киіміне жататын заттар.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қыс мезгілінің белгілерін атау.

- Қыста суық жел жиі соғады, аспанда әдемі қар ұшқындары қалықтайды.

Балаларға қағаздан қиылған қар ұшқындарын тарататып, оларды үрлеп ұшыруды ұсынады.

- Балалар, сендер дұрыс үрлей аласыңдар ма? Дұрыс қалай үрлеу керектігін айтып беріндерші, балалар?

Балалар қыс мезгілінің белгілерін атайды. Біз мұрнымызбен терең тыныс аламыз, иығымызды көтермейміз. Өкпедегі ауаны сыртқа шығарғанда екі ұртымызды үрлемейміз. Балалар қар ұшықынын үрлейді.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1 Балаларға тіл ұстартуға арналған жаттығуларды орындатады.

Қыс туралы

Ыс - ыс - ыс,

Келіп жетті қыс.

Ар - ар - ар,

Жауады қар.

Яз - яз - яз

Сақылдаған сары аяз.

Ран - ран - ран,

Соғады боран.

На - на - на,

Зулайды шана.

Қыс пен қар сөздерін орыс тілінде айтуды ұсынады.

- Қыс жылдың керемет уақыты емес пе? Балалар серуеннен үйге қайтқылары келмей жүреді, өйткені далада қызықты ойындар көп.

- Айтыңдаршы, балалар, қыста далада немен айналысуға болады? Балаларға «Қысқы ойын-сауық» тақырыбындағы суретті көрсетеді.

- Бұл суретте кімдер бейнеленген? Олар немен айналысады?
  - Балалар құстарды немен қоректендіреді?
  - Жемшашарға қандай құстар ұшып келді?
  - Басқа балалар немен айналысып жатыр?
  - Шанамен сырғанап жүрген кімдер? Олар қай жақта сырғанап жүр?
  - Шаңғы теуіп жүрген кім? Олар қай жақта шаңғы теуіп жүр?
  - Қалған балалар немен айналысып жатыр?
  - Серуен кезінде балалардың көңіл күйі қандай?
  - Балалар серуені қалай аяқталады деп ойлайсыңдар?
  - Балалар қалай киінген?
  - Бұл киімді бір сөзбен қалай атауға болады?
  - Қыста адамдарға жылы киім не үшін керек?
- Балалар сұрақтарға жауап береді, ойларын талқылайды.

## 2.2. «Қолмен ұстап анықта» ойыны.

Үстелдің үстіне қысқы киім түрлеріне жататын заттарды жайып қойып. Балалардың көздерін кезекпен байлап, үстелдегі заттарды қолмен ұстап, атауын айтуды сұрайды. Балалар үстелге бір-бірден келіп, киім түрлерін қолмен ұстап айтады.

## 2.3. «Не болмаса, қыс болмайды?» жаттығуы.

«(Қарсыз, мұзсыз, суықсыз, аязсыз, шанасыз, борансыз) қыс болмайды».

... қыс болмайды.

... қыс болмайды.

... қыс болмайды.

Балалар сұрақтарға жауап береді.

## 2.4. Сергіту сәті. «Боран».

Боран соқты оң жақтан,

Боран соқты сол жақтан,

Қар лақтырып ойнасақ,

Су өтеді қолғаптан.

Өлең мәтініне сәйкес қимылдар жасайды.

## 2.5. «Сөйлемді аяқта» жаттығуы.

Аяздатып қыс келген қыс бәрін ... (мұздатты).

Боран борап барлық жолдарды ... (жапты).

Өзеннің бетін мұз басып, ... (қатып қалды).

Қысқы бұрқасын бәрін ... (бұрқыратты).

Ақша қар барлық жолды ... (басты).

Балалар сөйлемдерді аяқтайды.

## 3. ҚОРЫТЫНДЫ

«Еркелетіп, кішірейтіп айт» доппен ойналатын ойын.

Қиыр - ... (қиыршық).

Төбе - ... (төбешік).

Бала - ... (балақай, балақан).

Бота - ... (ботақан).

Құлын - ... (құлыншақ).

Балалар сөздерге еркелету, кішірейту мағынасын беріп айтады.

Күтілетін нәтиже.

Балалардың қысқы ойын-сауығын білу.

Қысқы киім мен аяқкиім туралы түсініктері болуы.

Себеп-салдар байланысын («күн суық болғандықтан, жылы киімдерімді киемін») орнатуды, ұғымдарды жалпылауды біледі.

## Тақырыбы: Үй құсы.

Өтілетін күні: 05-06-07.12.2022ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балалардың ұғымындағы үй құстары туралы түсініктерін нақтылау және кеңейту. Ұқсастық пен айырмашылықтарын білдіретін белгілерін сөйлеу тілінде қолдануды үйрету. Зат есімнің жекеше түріне септік жалғауларын жалғау дағдысын жаттықтыру. Бақылағыштық қабілетін дамыту. Құстарға мейірімділік танытуға тәрбиелеу.

СӨЗДІК ЖҰМЫС: Құтқылдайды, бытпылдайды, айдар, пәр (қауырсын қылтанағы), тепкі (шпора), құстұмсық, канат, аяқ (табан), жарғақ (перепонка).

1. Көрнекілік материалдар: Үй құстары, құс ауласы бейнеленген суреттер.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

##### 1.1. «Шаттық шеңбері».

Қол алысып, қәне, біз,  
Достасайық бәріміз.  
Айтарым бар сендерге,  
Тез тұрындар шеңберге.  
Қандай жақсы бір тұру,  
Достарменен бір жүру!  
Қандай жақсы дос болу!

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Күн батса қонақтап қалғыған,  
Таң атса жерден жем аңдыған. (Тауық.)

Логопед балаларға тауықтың суретін көрсетеді.  
- Балалар, тауық сөзін орыс тілінде қалай айтамыз?  
- Тауықтың түсі қандай?  
Ақ сарайын талқандап,  
Шықты біреу талтаңдап. (Балапан.)

Қызыл бұжыр айдары бар,  
Қоқиланған айбары бар.  
Ауық-ауық азан салып,  
Өңеш керген айқайы бар. (Қораз.)



Логопед балаларға қораздың суретін қарастыруды ұсынады.

- Қоразды орыс тілінде қалай атаймыз?

Қоразды ағылшын тілінде атайды.

- Бір күні күннің көзін қара бұлт жапты (бұлттың суретін көрсетеді).

- Тауық құтқылдады.

Балаларға тауықтың қалай дыбыстайтынын көрсетуді ұсынады.

- Балапандар шиқылдады. Қалай шиқылдады?

- Барлығы күнді іздеп табу үшін жолға шықты, олардың қарсы алдынан ... шықты.

Қоңыр мамық шапаны,

Жұқа жарғақ табаны.

Өр кеудесі қайқандап,

Жүретін кім байпаңдап? (Қаз.)

Логопед балаларға қаздың суретін қарастыруды және оны орыс тілінде атауды ұсынады.

- Алайда, күннің қайда екенін қаз да білмейді, ол бәріне қосылып күнді бірге іздейді.

Айдыннан шалқыған

Телпек көрдім қалқыған. (Үйрек.)

- Күннің қайда кеткенін үйрек те білмеді, бірақ оны кім білетінін білді.

Басында айдары, иекте сақалы бар.

Үстінде күжірейген тоны бар. (Күркетауық.)

Балалар жұмбақтарды шешеді.

Үйректің суретін қарастырып, оның орыс тіліндегі аудармасын айтады.

## 2.2. Сергіту сәті. «Тауық».

Тауық тары жинапты,

Оны ешкімге қимапты.

Бөтегесін толтырып,

Қамбасына құймапты.

Қыста тауық қақылдап,

Тары іздеп жүр тақылдап.

Ойын мәтініне сәйкес қимылдар жасайды.

## 2.3. Логопед балаларға ауласының суретін көрсетеді. Балалар құс ауласының суретін қарастырады.

Балалар сұрақтарға жауап береді.

- Үй құстары қайда тұрады?

- Үй құстарына кім қарайды? (Құс өсіруші.)

- Құс өсіруші барлық құстарға қамқорлық жасайды. Ол оларды құстарға жем шашады, су береді. Ол балапандарға аса мұқият қарайды.

- Ол нелерге жем шашады?

Логопед балаларға үй құстарының балапандарын атауды ұсынады.

- Ол нелерге шем шашады?

Логопед балаларға үй құстарын атауды ұсынады.

Балаларға тауық пен үйректі салыстыруды ұсынады.

2.4. Логопед балаларға екі қаз туралы ән тыңдауды ұсынады.  
Құстар ойнағысы келіп, құс өсірушіден тығылып қалыпты.

«Не жоқ?» дидактикалық ойыны.

Балалар қай құстардың қайсы жоғалып кеткенін анықтайды.

2.5. Дауысқа еліктейді.

- Күркетауық бәрін таудың басына алып келді. Тауық қалай дыбыстады? Балапандар қалай шиқылдады? Қаз қалай дыбыстады? Үйрек қалай дыбыстады? Күркетауық қалай дыбыстады?

- Олар күнді оятып жіберіп еді, айналаның бәрі жарқырап, жылынып кетті.

Балаларға сиқырлы қауырсынды тигізіп, оларды үйректерге айналдырып жібереді.

### 3. ҚОРЫТЫНДЫ

Балаларға шеңберге тұрғызып, «Тауық серуенге шықты» әнін айтып, мәтінге сай қимылдарды орындауды ұсынамын.

Балалар ән айтады және тиісті қимылдарды орындайды.

Күтілетін нәтиже.

Үй құстарын білу.

Үй құстарының дене мүшелері туралы түсініктері болуы.

Ұқсастық пен айырмашылықтарын білдіретін белгілерін сөйлеу тілінде қолдануды, зат есімнің жекеше түріне септік жалғауларын дұрыс жалғауды білу.

## Логопедия:Үй құсы. Жалғасы

### Өтілетін күні:

08-09.12.2022ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балалардың ұғымындағы үй құстары мен олардың балапандары туралы түсініктерін кеңейту (қылықтары мен қимылдарының ерекшеліктері, қоректенуі, қандай пайда әкелетіні). Күрделі сын есімдерді құрауға жаттықтыру. Қарапайым тұжырым жасауды үйрету. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Эмоционалдық пен әртістіктік қабілетті дамыту, құстарға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.

СӨЗДІК ЖҰМЫС: Тауық, қораз, күрік (наседка), балапан, қаз, ана қаз, мамыр (қаздың балапаны), кежек (аталық үйрек), үйректің балапаны, айдар, тепкі, құстұмсық, қанат, аяқ (табан), жарғақ, су құстары.

1. Көрнекілік материалдар:Үй құстары бейнеленген суреттер.
2. Үлестірмелі материалдар: Қағаз парағы, маркер, су құйылған контейнер.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. «Шаттық шеңбері».  
Қол алысып, қәне, біз,  
Достасайық бәріміз.  
Айтарым бар сендерге,  
Тез тұрындар шеңберге.  
Қандай жақсы бір тұру,  
Достарменен бір жүру!  
Қандай жақсы дос болу!

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Жұмбақшы әже бейнесіндегі логопед балаларға жұмбақ шешуді ұсынады.

Басы тарақ,

Арты орақ. (Қораз.)

- Қораз сөзін орыс тілінде қалай айтамыз?

Ағылшын тілінде де атайды.

- Қораз құс па, аң ба? Неге?

- Балалар, тағы қандай үй құстарын білесіңдер?

- Қораздың қаздан қандай ерекшелігі бар?

- Сендер тағы қандай үй құстарын білесіңдер?

- Үйрек, қаз, тауық сөздерін орыс тілінде қалай айтамыз?

Балаларға үй құстары және қыстайтын құстардың суреттерін реттестіріп қояды

ұсынамын. Балалар үй құстары мен жабайы құстардың суреттерін реттестіріп

орналастырады. Балаларға үй құстарын үй суретімен, ал жабайы құстарды шыршаның

суретімен белгілеуді ұсынамын. Үй құстарының қасына үйдің суретін, жабайы құстардың қасына шыршаның суретін қояды.

- Қалай ойлайсыңдар, балалар, адам үй құстарын не үшін өсіреді?
- Адам үй құстарына қалай күтім жасайды?
- Үй құстары немен қоректенеді?

Балаларға тауық пен үйректі салыстыруды ұсынамын.

2.2. Барлық құстардың балапандары пайда болады.

«Қай құста қандай балапан бар?» дидактикалық ойыны.

Балаларға балапандардың суреттерін қарастырып, олар қай құстың балапаны екенін анықтауды сұрайды.

Балалар суреттен тауық, үйрек пен қаздың балапандарын табады.

2.3. Сергіту сәті. «Тауық».

Тауық тары жинапты,

Оны ешкімге қимапты.

Бөтегесін толтырып,

Қамбасына құймапты.

Қыста тауық қақылдап,

Тары іздеп жүр тақылдап.

Ойын мәтініне сәйкес қимылдар жасайды.

2.4. Логопед балаларға үйрек пен қаздың табанының құрылысы туралы айтады. Табиғат құстардың табанын осындай етіп бекерге жаратпады.

Тәжірибе өткізуді ұсынады.

Логопед су құйылған үлкен шылапшындағы суға алақан саусақтарын жинақы ұстап малады, одан кейін саусақтарын жан-жаққа жайып суға малады.

Балаларға тәжірибені қайталауды ұсынады.

- Қандай жағдайда қолымыз суды қатты екпінмен итереді?

- Саусақтар қысылған кезде қолдарың қандай құстың табанына ұқсайды?

- Балалар, құстардың табанындағы жарғақтар не үшін керектігін түсіндіңдер ме?

- Жүзе алатын құстарды су құстары деп атайды.

- Су құстарының басқа құстардан тағы бір айырмашылығы бар. Бұл құстардың үсті суда жүзгенде суланып қалмайды. Ол қалай болатынын қазір көреміз.

Логопед қолын суға малады да, судан қайта шығарып, сілкіп жібереді. Қол суланды.

Логопед балаларға қолын ұстап көргізеді. Содан кейін қолын құрғатып сүртіп, оған май жағады. Қолын суға қайтадан малады. Қолын судан шығарып, тағы да сілкиді. Су тамшылары қолынан тамшылып ағады. Қол құрғақ болып қалады.

### 3. ҚОРЫТЫНДЫ

«Күрік пен балапандар» ойыны.

Балаларға балапандар жұмыртқадан шығатынын түсіндірмін. Балаларға екі қолмен белін таянып, бастарын ортаға қарай еңкейтіп, жүресінен отыруды ұсынады. Ортада отырған логопед күрік рөлін ойнайды. «Күрік ұзақ уақыт бойы жұмыртқа басып отырды. Міне, балапандар шығатын уақыт та келді. Бірініші балапан пайда болды (логопед балаға қолын тигізеді). Балапан жан-жағына таңырқай қарап: «Айнала қандай кең, жұмыртқаның іші тар еді.» Екінші балапан бірінші болғысы келген еді, оның

қабағы түйіліп кетті. Үшінші балапан жұмыртқадан шықты да, бірден жылап қалды. Төртінші балапан өте қуанышты болды. Бесінші балапан да таңырқап тұрды. Алтыншы балапан бәрін кешіктіргені үшін ұялып қалды.» Күрік балапандарға шерми іздеуді ұсынады.

Логопед қолын тигізген бала айналаға таңырқай қараған, ашулана қараған немесе басқа да эмоция білдірген балапандарды бейнелейді.

Күтілетін нәтиже.

Үй құстары мен олардың балапандарын (қылықтары мен қимылдарының ерекшеліктері, қоректенуі, қандай пайда әкелетінін) білу.

Құстардың әртүрлілігі және олардың ортақ белгілері туралы білу.

Күрделі сын есімдерді құрауды, қарапайым тұжырым жасауды білу.

## Логопедия: Жабайы жануарлар

Өтілетін күні: 13-15.12.2022ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Кейіпкерлердің суретті бейнелерін көрнекілік орнына пайдаланып, мазмұндау барысында балаларға байланыстыра сөйлеуді үйрету. Жабайы жануарлар туралы білімді, синоним сөздерді таңдау білігін бекіту. Балаларға оқылған шығарманың мазмұны бойынша толық және мәнерлі жауап құрастыруды үйрету. Балалардың ойлауы мен қиялын, эмоцияналды ықыластықты, көрнекілік орнына кейіпкерлердің суретті бейнелерін жинақтағанда еске сақтауды дамыту. Жануарларға сүйіспеншілік пен қамқорлық танытуға тәрбиелеу.

СӨЗДІК ЖҰМЫС: Қытырлады, тап болды, қаша жөнелді, зыта жөнелді, қорқақ сөздері мен сөз тіркестерін айтқызу арқылы балалардың сөйлеу тілін жетілдіру.

1. Көрнекілік материалдар: Әңгіме кейіпкерлерінің суретті бейнесі.
2. Үлестірмелі материалдар: Фланелеграф немесе қалташалы кенеп, әңгіме мәтіні.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

##### 1.1. «Күлкі» шеңбері.

Балаларға топты қуанышқа толтыру үшін, бір-біріне күлімсірей қарауды ұсынады. Шеңберде тұрған балалар бір-біріне күлімдеп қарайды.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

##### 2.1. Логопед:

- Балалар, бүгін бізде қонақтар бар. Жұмбақтардың шешуін дұрыс тапсаңдар, қандай қонақтар келгенін білесіңдер.

Орманнан, жалпақ даладан

Бал іздеп бір аң жортады.

Кіп-кішкентай арадан

Үп-үлкен боп қорқады. (Аю.)

Өзінше ноян

Қорқақ кім? (Қоян.)

- Бұлан, аю және қоян қайда тұрады?

- Айтыңдаршы, балалар, қайсы қорқақ? Аю ма, қоян ба?

- Қоянның қорқақ екенін басқа сөзбен қалай айтуға болады? Мағынасы жағынан қорқақ сөзіне жақын сөздерді таңдаңдар.

Логопед «қытырлады, тап болды, қаша жөнелді, зыта жөнелді, қорқақ» сөздерінің мағынасы балаларға қаншалықты түсінікті екенін анықтайды.

Осы сөздерге синонимдерді таңдау керек.

2.2. Н. Сладковтың «Аю өз-өзін қалай қорқытты?» әңгімесі.

Логопед балаларға Н. Сладковтың «Аю өз-өзін қалай қорқытты?»

әңгімесінің кейіпкерлерін тақтаға шығара отырып, балаларға әңгімені тыңдауды ұсынады.

Аю қараңғы орманға кірді, оның ауыр табанының астында ағаштың шіріген қабығы қыртылдап жатты. Ағаштың басында отырған тиін шыққан дыбыстан қорқып кетіп, қолына ұстаған бүршікті жерге түсіріп алды. Ол бүршік жерде отырған қоянның маңдайына сарт етіп соғылды. Қоян шошығаннан қалың орманға зыта жөнелді. Қоян құрдың ұяда жатқан балапандарының ұясын бұзып-жарып өтті. Балапандар қатты қорқып қалды. Бұтаның арасындағы жорғаторғайды да үркітіп жіберді. Қарғаның көзіне түсіп қалды, ол болса бүкіл орманды басына көтере қарқылдай бастады. Бұландардың құлағы түрік қой, қарғаның шуылдаған дыбысын естіп, орманға аңшылардың келіп қалғанына жорыды. Бұландар бұталарды жапыра басып, бар күшімен жүгіре жөнелді. Батпақта отырған тырналарды үркітіп алды, тырналар тыраулай ұшты. Балшықшы құстар орманды айнала ұшты, мұңлы үн қатты.

Аю тоқтап тұрып, тың тыңдады. Аю ойлайды: «Орманда бір жамандық болып жатыр-ау, сауысқан мен жорғаторғайдан маза кетті, бұландар бұтаны жапырып кетті, батпақтағы құстар үрейлене шырылдап жатыр, артқы жақта біреу топылдап келеді. Бұл жерден аманымда кеткенім дұрыс қой!»

Аю арс ете қалды, құлағын тығындап алды да, орнынан тайып тұрды. Шіркін-ай, артқы жақта бағана басына тиіннің бүршігі құлап кеткен қоян топылдап отырғанын аю білгенде ғой! Осылайша, аю өз-өзін қорқытты, өз-өзін қалың орманнан қуып шықты. Әңгіме мазмұны бойынша сұрақ-жауап.

- Аю орманнан неге қашып кетті?

- Бұландар неге қорықты?

- Қарғалар неге қорықты?

- Қоян неге қорқып кетті?

- Тиін неге қорықты?

Суреттерді қарастыруды, оларды әңгіменің ретімен орналастыруды ұсынады. (Балалар суреттерді әңгіме тізбегі бойынша орналастырады. Мысалы: алдымен аю, содан кейін бұтақ, тиін, жаңғақ және тағы басқа).

2.3. Сергіту сәті «Аңдар».

Қасқыр ағаш жарады,

Түлкі кілем қағады.

Елік тамақ пісіріп,

Қоян тамды жабады.

Кірпі көйлек тоқиды,

Тиын сабақ оқиды.

Өлең мәтініне сәйкес қимылдар жасайды.

2.4. Әңгімені тағы бір рет әңгімелеп беру үшін қайталап тыңдау.

Әңгіме кейіпкерлерінің суретті бейнелеріне сүйене отырып, барлығы бірге оқиғаны қайталайды.

Қажет болған жағдайда, логопед балаларға нұсқаушы сұрақтар қоя алады.

Әңгімені мұқият тыңдайды. Балалар кейіпкерлердің бейнелеріне сүйене отырып, оқиғаны өз бетінше баяндайды.

### 3. ҚОРЫТЫНДЫ

Балалар әңгімелерін талдау және талқылау.

Балалар ең жақсы мазмұндаманы таңдайды.

Күтілетін нәтиже.

Жабайы жануарларды білу.

Суреттерді негізге алып, әңгімені мазмұндау туралы түсініктері болуы.

Кейіпкерлердің суретті бейнелерін көрнекілік орнына пайдалануды, мазмұндау барысында байланыстыра сөйлеуді, синоним сөздерді таңдауды біледі.



## Тақырыбы. Бөлме өсімдіктері.

Өтілетін күні: 19-20-21.12.2022ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балаларды бөлме өсімдіктерімен таныстыруды жалғастыру. Олардың мысалында табиғаттағы биологиялық процестер туралы түсініктерді нақтылау. Сөйлемде сан есімдер мен зат есімдерді үйлестіруді үйрету. Зат есімдерге еркелету және кішірейту мағынасын беріп айту білігін бекіту. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

СӨЗДІК ЖҰМЫС: Бегония, шегіргүл (фиалка), сабақ, жапырақтар, гүлдер, ақ, қызғылт, көк.

1. Көрнекілік материалдар: Қуыршақ.

2. Үлестірмелі материалдар: Бөлме өсімдіктері (бегония, шегіргүл (фиалка), қазтамақ (герань)).

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Балаларға жұмбақ шешуді ұсынады.

Адамдардың бәрі қызығады,

Су құймасаң, сәні бұзылады. (Бөлме гүлі.)

Балалар жұмбақты шешеді.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. - Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

- Бүгін қандай күн?

- Далада әлі де қар бар, ал біздің топтағы терезенің алдынан жасыл өсімдіктерді көреміз.

Балаларға тақпақты тындауды ұсынамын.

Үйде тұрып өсетін,

Әкеп гүлдің көшетін

Топырақты салдым да,

Отырғыздым қалбырға.

Алоэ, фикус, фиалка!

- Бұл тақпақ не туралы?

- Бұл гүлдер қайда өседі?

- Бөлме өсімдіктері адамдар үшін пайдалы. Олар көмірқышқыл газын бойына сіңіреді, ал оттегін сыртқа бөледі. Оттегімен адамдар, жануарлар дем алады. Олардың арасында дәрілік өсімдіктер бар (алоэ, хош иісті қазтамақ (герань) және тағы басқа.) Өсімдіктер біздің үйімізді безендіреді, бізді қуантады, көңілімізді тыныштандырады. Өсімдіктер гүлдеп, өсіп, әдемі болуы үшін оларға күтім жасау керек.

- Бөлме өсімдіктеріне қалай күтім жасаймыз?

- Сендер қандай бөлме өсімдіктерін білесіңдер?

- Бөлме өсімдіктерінің қандай ортақ белгілері бар?

Балаларға бөлме өсімдіктерінің суреттерін көруді ұсынады.

2.2. Сергіту сәті. «Гүл».

Күн болып жайнайық,

Мөлдір су болып ағайық,

Гүл болып жайқалып,

Терең тыныс алайық,  
Жүгіріп, жүгіріп алайық.  
Шаршағанда ырғалып,  
Гүлге ұқсап демалам,  
Қанатты бір қағып,  
Гүлдей болып жайқалам.  
Сергіту жаттығуын қимыл іс-әрекеттермен орындайды.

2.3. «Гүлдерді санау» ойынын ұсынады.

Балаларға бегония мен шегіргүлдің гүлдері мен жапырақтарын санауды ұсынады.  
(бір гүл, екі гүл, үш гүл, төрт ..., бес гүл; бір жапырақ, екі жапырақ, үш ..., төрт ..., бес жапырақ)

Жапырақтар мен гүлдерді санағанда сан есім мен зат есімді бір-біріне дұрыс үйлестіріп айтады.

2.4. «Еркелетіп айт» ойыны.

Гүл - гүлім.

Күн - ... (күнім).

Ай - ... (айым).

Нұр - ... (нұрым, нұрлым).

Жұпар - ... (жұпарым, жұпарлым).

Жарқын - ... (жарқыным).

Шуақ - ... (шуағым, шуақтым).

Арай - ... (арайлым).

Шырай - ... (шырайлым).

Балалар сөздерге еркелету мағынасын беріп айтады.

2.5. Балаларға Дымбілместің суреті көрсетіледі.

- Балалар, Дымбілмес анасына бөлме өсімдігінің бірін сыйлық ретінде бергісі келеді.

Біз оған көмектескенімізді қалайды.

Балалар табиғат бұрышындағы өсімдіктерді көрсетеді. Өсімдіктердің тұқымдарынан гүлдерді қалай өсіруге болатынын, оған қанша уақыт пен еңбек ету керектігін айтады.

- Сыйлық ертеңге дейін өсіп үлгермейтіндіктен, Дымбілмес мұңайып қалды.

Логопед балаларға Дымбілместің анасына хлорофитум өсімдігінің атпа сабағын отырғызу арқылы сыйлық жасауды ұсынады. Бұған қандай құрал-саймандар керектігін және қандай реттілікпен жұмыс істейтіндерін анықтап алады.

### 3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дымбілмес балаларға қызықты әңгімелері, еңбекқорлықтары үшін, тамаша сыйлықтары үшін алғыс айтады. Дымбілмес балалармен келесі кездесуге дейін қоштасады.

Балалар Дымбілмеске бөлме өсімдігі отырғызылған сыйлықты табыс етеді.

Күтілетін нәтиже.

Бөлме өсімдіктерін білу.

Табиғаттағы биологиялық процестер туралы түсініктері болуы.

Сан есімдерді зат есімдермен үйлестіруді, зат есімдерге еркелету мағынасын беріп айтуды біледі.

## Тақырыбы; Бөлме өсімдіктері. Жалғасы

Өтілетін күні:22-23.12.2022ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балаларға бөлме өсімдіктерін, олардың сыртқы бейнесін таныстыруды жалғастыру. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау туралы білімді бекіту. Сөйлемде бастауыш пен баяндауышты қолдануды, «үшін» шылауы арқылы сабақтас құрмалас сөйлемді құрастыруды үйрету. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:**Бегония, шегіргүл (фиалка), сабақ, жапырақтар, гүлдер, ақ, қызғылт, көк.

**1. Көрнекілік материалдар.**Қуыршақ.

**2. Үлестірмелі материалдар.**

Бөлме өсімдіктері (бегония, шегіргүл, герань (қазтамақ)).

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

**1.1.** Балаларға сұрақтарға жауап беруді ұсынамын.

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

- Бүгін қандай күн?

Балалар сұрақтарға жауап береді.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**2.1.** - Далада әлі қар жатса да, біздің бөлмеде жасыл өсімдіктер жайнап тұр.

- Балалар, бөлме ішіндегі өсімдіктер неге қатып қалмайды?

- Балалар, қандай бөлме өсімдіктерін білесіңдер?

- Жарықсүйгіш өсімдіктер болатынын білесіңдер ме? Жарықсүйгіш өсімдіктер.

- Жарықсүйгіш өсімдіктер суды өте жақсы көреді. Ылғалсүйгіш өсімдіктер. Біз оларды әртүрлі белгілерінен тани аламыз.

- Естеріңе түсті ме? Олардың жапырақтары ашық жасыл түсті, жапырақтары мен сабақтары жіңішке болады.

- Көлеңкесүйгіш өсімдіктер бар. Олар көлеңкесүйгіш өсімдіктер. Бұл өсімдіктердің жапырақтары қою жасыл түсті, етжеңді жапырақтар, сабақтары жуан болады. Бұл өсімдіктер құрғақшылыққа төзімді болады.

**2.2.** Топқа Дана қуыршақ келеді.

Дана балаларға жұмбақ шешуді ұсынады.

Дөңгелек жапырақтар,

Сәнді гүлдер,

Таңмен бірге оянып,

Ашылады күнде ... (Қазтамақ.)

Балконда тұрады.

Жайнап гүлдейді ... (Бегония.)

Таңертең ерте

Сусепкіні аламын

Мен суды аямаймын

Іше ғой менің ... (Шегіргүлім.)

Дана балалардан бөлме өсімдіктеріне қалай күтім жасайтындарын сұрайды.

Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау туралы айтып берулерін өтінеді.

Балалар бөлме өсімдіктеріне қалай күтім жасайтындары туралы айтады.

### **2.3. Сергіту сәті «Гүл».**

Күн болып жайнайық,

Мөлдір су болып ағайық,

Гүл болып жайқалып,

Терең тыныс алайық,

Жүгіріп, жүгіріп алайық.

Шаршағанда ырғалып,

Гүлге ұқсап дем алам,

Қанатты бір қағып,

Гүлдей болып жайқалам.

Сергіту жаттығуын қимылды іс-әрекеттермен жасайды.

### **2.4. «Сөйлемді аяқта» ойыны.**

Менің үйімде қазтамақ, ..., ..., ..., ... сияқты бөлме өсімдіктері өседі.

Гүлдер жақсы өсу үшін оларды ...

Балалар сөйлемдерді аяқтайды.

Логопед балаларға гүлдер туралы сөйлемдерді құрастыруды ұсынады.

Бөлме өсімдіктері ... қалмау үшін, оларды уақтылы суғару керек.

Өсімдіктерге ... жасау керек.

Балалар сөйлемдерді тарқатып құрайды.

## **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

Балаларға тақпақ тыңдауды ұсынамын. Балалар тақпақты тыңдайды.

Біздің топта,

Қыш құмыраларда

Гүлдер өсті жайқалып.

Міне, раушан, қазтмақ, шегіргүл.

Кактус, фиалка, бегония.

- Бұл тақпақ не туралы?

- Бұл гүлдер қайда өседі?

### **Күтілетін нәтиже.**

Бөлме өсімдіктерін білу.

Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау туралы түсініктері болуы.

Сөйлемдерге бастауыш пен баяндауышты қосу арқылы тарқатуды, «үшін» шылауы арқылы сабақтас құрмалас сөйлем құрастыруды білу.

## Тақырыбы: Жаңа жылдық мереке

Өтілетін күні: 26-27-28.12.2022ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балалардың ұғымындағы мереке туралы түсініктерін кеңейту, екі негізгі тірек сөз арқылы сөйлемдер құрауға жаттықтыру. Зат есімдер мен сын есімдердің жекеше және көпше түрін қолдануды бекіту; мәтіндегі қателіктерді табуға жаттықтыру. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Қоршаған ортаға қызығушылықты тәрбиелеу, көтеріңкі эмоционалды күй орнату.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Карнавал, маскарад.

#### 1. Көрнекілік материалдар.

Жаңа жылдық мереке бейнеленген сурет.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Балаларға мұңлы, көңілді, ашулы түр көрсетуді сұраймын. Балалар әртүрлі көңіл күйді мимикамен көрсетеді.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. - Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

Жаңа жылдық мереке бейнеленген суретті қарастыруды ұсынады.

- Қандай мереке жақындап келеді?

Жасыл шырша орманнан,

Бізге арнайы келіпті.

Ойыншығын балалар,

.....(Шыршаға) әсем іліпті.

2.2.

- Бізге қонаққа кім келеді?

- Аяз атамен бірге кім келеді?

- Ақшақар - Аяз атаның немересі. Ол атасына балаларға сыйлықтарды таратуға көмектеседі. Балалармен бірге ойнап, би билейді.

- Біз мерекеге не киеміз?

- Біз шыршаны немен безендіреміз?

- Біз шыршаны әшекейлермен безендіреміз: шарлар, ойыншықтар, моншақтар, гирляндар, жылтырақтар.

- Балалар мерекеге қалай дайындалып жатыр?

- Балалар Аяз ата мен Ақшақарға айтатын өлеңдерін, әндерін, билерін жаттайды және ересектермен бірге карнавал костюмдерін дайындайды.

Мерекеге жануарлардың костюмін немесе ертегі кейіпкерлерінің костюмдерін киген кезде, бұл мереке карнавал немесе маскарад деп аталады.

- Суретте қандай карнавал костюмдерін көріп тұрсыңдар. Оларды атаңдар.

Маскарад киімдері.

Көбелек, ара, пират, қызыл телпек, мушкетёр, түлкі.

2.3. Сергіту сәті «Шырша».

Тауда туып, тауда өскен

Шырша келді ортаға.  
Бәріміз бір дауыспен  
Шыршаға қарап айтамыз.  
- Қуан, бізді таңырқат!  
Шамдарынды жарқырат!  
Әдемілеп біз ілген,  
Ойыншықтар тізілген,  
Қандай жақсы шыршамыз!  
Ән шырқайық баршамыз!  
Өлең мәтініне сәйкес қимылдар жасайды.

#### **2.4. «Қатені түзету» дидактикалық ойын (деформацияланған мәтінмен жұмыс).**

Маска Айгерім киеді.  
Шырша Ақшақардың жанында билейді.  
Балалар шырша ойыншықтарын киді.  
Шырша шамдарға жағылды.  
Аяз Ата дорбаны сыйлықтарға алып келді.

#### **2.5. «Үлгі бойынша өзгерт» дидактикалық ойыны.**

Қыс мезгіліндегі түн - қысқы түн  
Қыс мезгіліндегі күн - ...  
Қыс мезгіліндегі қар - ... (қысқы қар).  
Қыс мезгіліндегі боран - ...  
Қыс мезгіліндегі ойындар - ...  
Кешке оқылатын ертегі - (кешкі ертегі).  
Кешке ішілетін ас - ...  
Түнде ұйықтау - (түнгі ұйқы).  
Түнде көретін түс - ...

### **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

Балаларға бір шумақ өлеңнің ырғақты үлгісін қайталалып, Әр буынға шапалақтайды.  
О, а-ла-қай, А-яз а-та,  
Ке-ле жа-тыр а-лыс-тан!  
Кел би-ле-йік, үй-ре-не-йік,  
Ол кел-ген-ше жа-на жыр.  
Құт-ты бол-сын, құт-ты бол-сын,  
Құт-ты бол-сын жа-на жыл!

#### **Күтілетін нәтиже.**

Карнавал, маскарад сөздерінің мағынасын білу.  
Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктері болуы.  
Екі тірек сөз арқылы сөйлем құрай алу, зат есімдер мен сын есімдердің жекеше және көпше түрін қолдана алу, мәтіндегі қателіктерді таба алу.

## Тақырыбы: Жаңа жылдық мереке. Жалғасы

Өтілетін күні: 29-30.12.2022ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балалардың ұғымындағы Жаңа жыл мерекесінің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Зат есімдер мен сын есімдердің септік формасындағы көпше түрін қолдануды; қатыстық сын есімдерді қалыптастыруды үйрету. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Қоршаған ортаға қызығушылықты тәрбиелеу, көңілді эмоционалды күй орнату.

### СӨЗДІК ЖҰМЫС

Шырша, шыны, пластик, түрлі түсті.

1. Көрнекілік материалдар: Жаңа жылдық мереке бейнеленген сурет.
2. Үлестірмелі материалдар: Көк шарлар мен қағаздан жасалған көк жалаулар бейнеленген сурет.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Балалардан қазір жылдың қай мезгілі, қыс айларының атаулары және алдағы мерекенін сұраймын.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Балалармен бірге Жаңа жыл мерекесі бейнеленген суреттерді қарастырады.

- Балалар Жаңа жыл мерекесінің басты белгілері қандай?
- Мереке сөзін орыс тілінде қалай айтуға болады?
- Біз мерекеге не киеміз?
- Біз шыршаны немен безендіреміз?
- Біз шыршаны әртүрлі әшекейлермен безендіреміз. Біз шыршаға шарлар, ойыншықтар, моншақтар, гирляндар, жылтырақ ілеміз.

2.2. Көк шарлармен және қағаз жалаулар бейнеленген суретті қарастыруды ұсынады.

- Бұл не? (көк шарлар, қағаз жалаушалар).
- Не жоқ? (көк шарлар, қағаз жалаушалар жоқ)
- Неге қуанамыз? (көк шарларға, қағаз жалаушаларға)
- Біз нені көреміз? (көк шарларды, қағаз жалаушаларды)
- Неге көңілденеміз? (көк шарларға, қағаз жалаушаларға).
- Біз не туралы айтамыз? (көк шарлар, қағаз жалаушалар туралы)

2.3. Аяз ата балаларға шырша ойыншықтары салынған дорба сыйлады.

Балаларға дорбадан ойыншықтарды бір-бірден алып, олардың атауларын айтуды сұраймын.

Шыршаға арналған ойыншықтар қандай? ... (Шырша ойыншықтары).

Шыны шарлар қандай? ... (шыны)

Қағаз жалаушалар қандай?... (қағаз)

Пластиктен жасалған қояндар қандай?... (пластик)  
Түстері әртүрлі жалаушалар қандай? ... (түрлі түсті)

2.4. Сергіту сәті.

Қандай суық қыс деген?

Қалтырайды қыс деген.

Құлақшынды кимесең,

Құлағынды тістеген.

(А.Асылбеков).

Өлең мәтініне сәйкес қимылын келтіріп жаттығуды орындайды.

2.5. Фрагменттер бойынша жаңа жылдық мерекенің ортақ суретін қарастыруды және әр фрагмент бойынша сөйлем құрауды ұсынады.

Суреттердің фрагменттері.

Жаңа жылға безендірілген кең бөлме, шырша, шырша ойыншықтары, балалар, қуыршақтар, ойыншық көліктер, Аяз ата мен Ақшақар, сыйлықтар.

### 3. ҚОРЫТЫНДЫ

Төрт жолды өлеңнің ырғақты үлгісін қайталауды ұсынады. Әр буынға шапалақтау.

Жа-на жыл, жа-на жыл.

Жа-на жыл-да - жа-на жыр.

Жа-сыл шыр-ша жа-нын-да

Жа-ды-рап бар ба-ла жүр.

Күтілетін нәтиже.

Жаңа жыл мерекесінің басты кейіпкерлерін білу.

Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктері бар.

Зат есімдер мен сын есімдердің көпше түрінің септік формаларын қолдана алу;  
қатыстық сын есімдерді құру.



## Тақырыбы: Балықтар

Өтілетін күні: 02-04.01.2023ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Өзен және теңіз балықтары туралы; олардың дене бітімі, қоректенуі туралы білімді бекіту. Әртүрлі балықтарға тән белгілерді анықтауды; сөйлемде сөз таптарын үйлестіруді сөздерді реттеуді үйрету.

Зейін мен еске сақтауды дамыту. Табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

СӨЗДІК ЖҰМЫС: Балдырлар, уылдырық, шабақтар, жүзбеқанаттар, тұщы су балықтары, теңіз балықтары.

1. Көрнекілік материалдар: Өзен және теңіз балықтарының, Матроскин мысықтың, Су перісі мен Нептунның суретті бейнелері.

2. Үлестірмелі материалдар: Балықтардың суреттері.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ 1.1. Балаларға «Жақсылық шеңберінде» қол ұстасып тұрып, бір-біріне жақсы сөздерді айтуды ұсынамын. Балалар бір-біріне жылы сөздер айтады.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

- Матроскин мысық өзенге балық аулауға кетті. Ол өзен жағасында отырған біртүрлі адамды көрді. Оның басында балдырлар, ал кеудесінде балыққа толған аквариум бар екен. Жүзбеқанат тәрізді қолдарын жағына таянып отырған адам, бір мұңлы ән айтып отырды:

2.1. Мен Су перісімін, Су перісімін,

Менімен ешкім араласпайды!

Су перісі Матроскинді көргеніне қуанып, оған жұмбақ жасырады.

Қанаты жоқ ұшпайды,

Су түбінде қыстайды. (Балық.)

- Бұл не?

Балаларға өзен балықтарының суреттерін қарастыруды ұсынамын.

Су перісі Матроскинге суда көп балықтар барын, олар өзен-көлдерде, тоғандарда, теңіздерде және мұхиттарда өмір сүретінін айтты. Су перісі өзендер мен көлдерде билік құрады екен.

- Ондағы судың дәмі қандай деп ойлайсыңдар? (Тұщы судың дәмін татуды ұсынады.)

- Ол суды қайнатып ішуге болады.

Балаларға су сөзін орыс және ағылшын тілдерінде айтуды ұсынады.

- Тұщы суда өмір сүретін балықтар қалай аталады? (Тұщы су балықтары.)

- Балықтың үстіндегі қабыршағы дөңгелек және жылтыр, олар бір-біріне тығыз орналасқан. Балық суда жылдам және аса ептілікпен қозғалады. Оның денесі ұршықтай иіріледі.

- Балалар, балықтың мойны бар ма? Қалай ойлайсыңдар?

- Балықтың басы бірден денесіне жалғасып кетеді.

- Балықтың жүзуіне не көмектеседі?

- Балықтарға жүзбеқанаттар не үшін керек?

- Балықтар суда қалай тыныс алады?

Балаларға суға батырылған пластилинмен тәжірибе жүргізуді ұсынады. Пластилинде ауа көпіршіктері пайда болады.

## 2.2. Сергіту сәті. «Балық».

Балық жүзді таза суда.

Бір керіліп, бір жиырылуда.

Біз жүземіз оң жаққа

Біз жүземіз сол жаққа

Шоршимыз көл астында

Ыршимыз көл үстінде

Тұңғыыққа батамыз

Тәтті ұйқыға жатамыз.

Өлең мәтініне сәйкес қимылдар жасайды.

## 2.3. Балықтың балалары (құртшабақ) уылдырықтан пайда болады.

- Оларды неге құртшабақ деп атайды?

- Балықтарды жануарлар да, құстар да, адамдар да жақсы көреді.

- Адамдар балықты немен аулайды?

- Балық аулайтын адамды қалай атаймыз?

- Бұл сөз қандай сөздерден құралады? (Балықшы.)

«Сөйлем құра» ойыны.

Балықшы, барады, балық аулауға.

Теңізде, жүзіп жүр, балық, көп.

## 2.4. Су перісі Матроскинді үлкен ағасы Нептунға қонаққа шақырды.

Нептун теңіздер мен мұхиттарда тұрады.

Балалармен бірге теңіз балықтарын қарастырады.

(Ақсерке, нәлім, құнысбалық, бекіре, бахта (патшабалық), скумбрия.)

Балалар логопедтің сөзін мұқият тыңдайды.

Нептун қонақтарға теңіз суынан берді.

(Балаларға сәл тұздалған судан ауыз тигіземін.)

- Судың дәмі қандай?

- Теңіздер мен мұхиттарда мүлдем басқа балықтар өмір сүреді.

Балаларға теңіз балықтарының суреттерін көруді ұсынып. Олардың кейбір ерешеліктері туралы айтады.

- Бүгін Матроскин мысық көп қызықты мәлімет білді. Нептун бізге естелікке өз патшалығының бір бөлшегін сыйлады. Оның қандай сыйлық екенін келесі жолы білеміз.

## 2.5. Балаларға Су перісі, Матроскин мысық және Нептунмен қоштасуды ұсынамын. Балалар қонақтармен қоштасады.

## 3. ҚОРЫТЫНДЫ

Күтілетін нәтиже.

Су тоғандарын мекендеушілерді білу.

Өзен және теңіз балықтары туралы түсініктері болуы.

Әртүрлі балықтарға тән белгілерді анықтауды, сөйлемде сөз таптарын үйлестіруді және реттеуді білу.

## Тақырыбы:Мамандықтар.

Өтілетін күні:05-06.01.2023ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балалардың ұғымындағы мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту. Негізгі мамандықтар мен көмекші пәндер туралы білімдерін нақтылау. Зат есімге сын есімдерді таңдауды үйрету; зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

СӨЗДІК ЖҰМЫС: Жүргізуші, мұғалім, дәрігер, аспаз, ұшқыш; термометр, шприц, фонендоскоп, бензин, бензин құю колонкасы; үйрету, емдеу, басқару, жүргізу, қайнату, қуыру және тағы басқа.

1. Көрнекілік материалдар:Осы мамандықтарға қажетті заттар бейнеленген суреттер.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Педагог анасының кім болып жұмыс істейтінін айтқан балаға отыруды ұсынады. Балалар аналарының мамандығын айтады, өз орындарына барып отырады.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог балаларға жұмбақ шешуді ұсынады.

Көркемсөз.

Апаң сенің базардан

Алма сатып әперді

Ең үлкенін, тәттісін

Саған таңдап әперді.

- Апаң алманы қайдан алды?

- Алманы кім сатты?

- Алманы дүкеннен сатып алды.

- Иә, балалар!

- Дүкенде кім жұмыс істейді?

- Олар бізді барлық аурулардан емдейді. Бұдан артық пайдалы мамандық жоқ! Бұл кім? (Дәрігер.)

Қалпағы ақ қарасаң,

Дәрігер емес, ол бірақ.

Ас мәзірін қаласаң,

Алға ұсынып тұрады ол. (Аспаз.)

2.2. Тақтаға мамандықтар бейнеленген суреттерді қоямын.

Мамандықтар атауларын орыс тілінде атайды. Балалар мамандық атауларын атайды және орыс тілінде қайталайды.

- Сендер қалай ойлайсындар, балалар, біз бүгін не туралы сөйлесеміз?

- Мамандықтар туралы.

2.3. «Мамандық иелеріне қажетті құралдарды тап» дидактикалық ойыны.

Шарты: балалар әртүрлі мамандық иелерінің құралдарының арасынан дәрігер, аспаз, полиция және шаштаразға қажетті құралдарын дұрыс тауып берулері керек.

2.4. «Кімге жұмыс істеу керек?» дидактикалық ойыны.

Педагог балаларға үстелдегі заттар жиынтығы бар суретті таңдап, адамдарға қандай мамандық керек екенін айтуды ұсынады. Олар қажетті суретті таңдап, өз таңдауын түсіндіреді.

2.5. Сергіту сәті.

Әкем менің дәрігер,

Анам менің мұғалім.

Ағам менің жүргізуші,

Жеңгем менің суретші

Атам менің ұста,

Бәрі-бәрі жұмыста.

Өлең мәтініне сәйкес әрекеттерді орындайды.

2.6. «Қайсы деген сұраққа 2-3 сөз құра?» дидактикалық ойыны.

Балаларға дәрігер, мұғалім, сатушы және тағы басқа туралы екі (үш) сөз айтуды ұсынады.

Осы кәсіптегі адамның мінезі туралы сын есімдер таңдалады.

2.7. «Жұмбақтың шешуін сипаттамасы бойынша тап» ойынын ұсынады.

Педагог:- Балалар, қандай мамандықтар иелері осылай айтады.

- Ауызды ашып, «А-а-а-а» деп айтыңдар.

- Абайлаңдар, есіктер жабылады. Келесі аялдама «Құрылысшылар көшесі!»

- Бүгінгі тақырыбымыз: «Қосу».

- Балмұздақ сатып алыңдар!

### 3. ҚОРЫТЫНДЫ

Өлеңді қайталауды ұсынады.

Көркемсөз.

Қастек Баянбаев «Теңізші».

Жерге оның табаны

Айлар бойы тимейді.

Көрген кезде жағаны,

Қуаныштан билейді.

Білмейді ол қорқуды,

Мұхит кешіп жүреді.

Асау тайдай толқынды

Ауыздықтап мінеді.

Ол өтінде жел, күннің

Қайыспастан желпінді.

Теңізшілер толқынның

Шабандозы секілді.

Күтілетін нәтиже.

Білуі керек: мамандық атауларын.

Болуы керек: осы мамандықтағы адамдар үшін не қажет екендігі туралы түсінік.

Меңгеруі керек: зат есімге сын есімдерді таңдауды.

## Тақырыбы:Мамандықтар. Жалғасы

Өтілетін күні:09-10-11.01.2023ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балалардың ұғымындағы мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту. Мағынасы жағынан қарама-қарсы зат есімдерді қолдануды үйрету; етістіктерге қосымшаларды жалғауды (жұрнақ, жалғау) бар етістіктерді қолдану. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

СӨЗДІК ЖҰМЫС:Тұтынушы, жазып жатыр, жазады, желімдеу, жазып алады, желімдейді, қол қояды, астын желімдейді және тағы басқа.

1. Көрнекілік материалдар:Осы мамандықтар үшін қажетті заттар бейнеленген суреттер.

### ҰЙЫМДАСТАРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1- Балалар, бүгінгі тақырыбымыздың атауын жұмбақтап айтқым келіп тұр. Мен сендерге оқитын сөйлемдерді мұқият тыңдаңдар. Жасырынған сөздерді табыңдар.

Аяқ киімді ... жөндейді. (етікші)

Ұшақты ... жүргізеді. (ұшқыш)

Өлеңді ... жазады. (ақын)

Тамақты ... дайындайды. (аспаз)

Ауруды ... емдейді. (дәрігер)

Өртті ... сөндіреді. (өрт сөндіруші)

Балаларды ... оқытады. (мұғалім)

- Иә, балалар, дұрыс айтасындар! Бүгін мамандықтар туралы тақырыпты өтеміз.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Мамандықтарды атауды ұсынады.

Тақтаға мамандықтар бейнеленген суреттерді салады.

Балалар өздеріне таныс мамандықтарды атайды.

Дымбілместің суретін салады. Суреттерді қарастырады.

Дымбілмеске адамдардың мамандықтары туралы айтуды ұсынады.

Педагог:

- Балалар, әлемде көптеген мамандықтар бар, олардың барлығы біз үшін өте маңызды.

- Дәрігерлер, сатушылар, шаштараздар, мұғалімдер және тағы басқа.

2.2. «Кім не істейді?» дидактикалық ойыны.

Жүргізуші көлікті, автобусты жүргізеді.

Аспаз таңғы асты, түскі асты, кешкі асты пісіреді, қуырады, қайнатады, дайындайды.

Дәрігер термометрді қояды, дәрі тағайындайды, тыңдайды, емдейді, ем тағайындайды және тағы басқа.

Мамандықты орыс тілінде атауды ұсынады.

2.3. «Мамандықтың бәрі жақсы» сюжетті рөлдік ойыны.

Балалар әр мамандық иелерінің атқаратын қызметтерімен сюжетті рөлдік ойын түрінде танысады. Өздерін сол мамандық иесінің орнына қояды. Балалар мамандық иелерінің рольдерін ойнайды. Педагог ойын барысында балалардың рольдерін ауыстырып отырады.

Мамандықтар: дәрігер, мұғалім, ұста, тігінші, аспаз, құрылысшы, суретші және тағы басқа.

2.4. «Кімнің?» дидактикалық ойыны.

Әжеге арналған сәлемдеме. Кімнің сәлемдемесі? (әженің)

Аналарға арналған жеделхат. Кімнің жеделхаты?

Асхат журнал сатып алды. Кімнің журналы?

Анардың хаты. Кімнің хаты?

Асел ашықхаттар сатып алды. Кімнің ашықхаттары?

Әкем газет жаздырып алды. Кімнің газеттері?

Балалар сұрақтардың жауабын дұрыс грамматикалық формада құрастырулары керек.

2.5. Сергіту сәті.

Әкем менің дәрігер,

Анам менің мұғалім.

Ағам менің жүргізуші,

Жеңгем менің суретші

Атам менің ол – ұста,

Бәрі, бәрі жұмыста.

Өлең мәтініне сәйкес әрекеттерді орындайды.

2.6. «Керісінше айт» дидактикалық ойыны.

Пошта жәшігіне салды. Пошта ... алып тастады. (пошта жәшігінен).

Хатқалтаға бүктеп салды. .... алды. (хатқалтадан)

Газетте - ...

Үстелге - ...

Журналда - ...

Хатта - ...

Мағынасы қарама-қарсы сөздерді таңдайды.

2.7. Педагог балаларға «жаз», «желімде», «жібер», «қол қой» сөздерінен сөйлем

құрауды ұсынады. Балалар етістіктерге қосымшаларды жалғап, жаңа сөйлемдерді құрайды.

Мысалы. «Дымбілмес хатты не істеді?» «Дымбілмес хатты жазды. Дымбілмес хатты желімдеді. Дымбілмес хатқа қол қойды».

«Дымбілмес не істейді? Дымбілмес хат жазады. Дымбілмес хатты жібереді.

Дымбілмес хатқа қол қояды.»

«Мен не істедім?» «Мен хатты жаздым. Мен хатты желімдедім. Мен хатты жібердім.

Мен хатқа қол қойдым.»

«Мен не істеймін? Мен хат жазамын. Мен хатты желімдеймін. Мен хатты жіберемін.

Мен хатқа қол қоямын.»

### 3. ҚОРЫТЫНДЫ

«Қоштасу шеңбері».

Педагог балаларға Дымбілмеспен қоштасуды ұсынады.

Балалар Дымбілмеспен қоштасады.

Күтілетін нәтиже.

Мамандық атауларын біледі.

Мамандық иелеріне қандай құралдар қажет болатынын біледі.

Мағыналары қарама-қарсы зат есімдерді құрауды; етістіктерге қосымшаларды жалғап қолдануды біледі.

## Тақырыбы: Ыдыс-аяқ.

Өтілетін күні: 12-13.01.2023ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балалардың ұғымындағы асхана мен ас үй ыдыстары туралы білімдерін бекіту. «Екі» сан есімін зат есіммен қиыстыруды; көмектес септігінің категорияларын меңгеруді үйрету. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Білімқұмарлыққа тәрбиелеу.

СӨЗДІК ЖҰМЫС: Шыныдан, металдан, фарфордан, ағаштан, саздан.

1. Көрнекілік материалдар: Ыдыс-аяқ суреттері.
2. Үлестірмелі материалдар. Қуыршақ, құмыра, ас үйдегі ыдыс-аяқ.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Педагог сөздер тізбегін еске сақтап, қайталаған балаға отыруды ұсынады.

- Балалар, бүгін не туралы сөйлесеміз деп ойлайсыңдар?

Балалар сөздер тізбегін қайталайды және орындарына отырады. Ыдыс туралы сөздер айтылады.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Топта қуыршақ пайда болады. Ол «Құмырадағы ботқа» ертегісінен шыққанын айтады.

- Балалар, бұл ертегіні кім біледі?

- Қыз құмыраны қайдан алды?

- Құмырада не пісірілді?

- Тағы қандай ыдыстарды білесіңдер?

Педагог тақтаға ыдыс-аяқ бейнеленген суреттерді қояды. Суреттерді қарастырады.

2.2. «Сөздерді үлгі бойынша өзгерт» дидактикалық ойыны.

Үлгі бойынша сөздерді өзгертеді.

Бір кесе - екі кесе, бір қасық - ..., бір шанышқы - ..., бір стақан - ... бір табақ - ..., бір ожау - ..., бір ас қасық - ..., бір шелек - ..., бір тәрелке - ..., бір шелек - ... және тағы басқа.

2.3. Қуыршақ өзінің құмырасы саздан жасалғанын айтады, ол саз құмыра.

Педагог:

- Балалар, бұл ыдыс-аяқтың неден жасалғанын білесіңдер ме?

«Сөйлемді аяқта» дидактикалық ойыны.

Шыны әйнек - әйнек, темір пышақ - ..., фарфордан жасалған шыныаяқ - ..., ағаштан жасалған оқтау - ..., пластмассадан жасалған науа - ... және тағы басқа.

Негізгі сын есімді айту арқылы жаттығуды орындайды.

2.4. Сергіту сәті.

«Ыдыс жуу».

Қане, қайда қолымыз?

Анамызға қолғабыс.

Шайнек, кесе, ыдыстар,

Және үлкен табақ бар.

Барлығын да жуамыз,

Анамызға қамқормыз.

Анамызға қамқормыз.

Өлең мәтініне сәйкес қимылдар жасайды.

2.5. Қуыршақ балалардан ботқаның ұнайтыны туралы сұрайды да, кешкі асқа дастарқан жаюды ұсынады.

«Түскі асқа үстел жаямыз» дидактикалық ойыны.

Түскі асқа қажетті ыдыс-аяқтарды үстелге қоюды ұсынады. Балалардың өз іс-әрекеттерін сөзбен сипаттап айтуларын бақылайды. Мысалы: «Қасықты ... қасына қояды (ненің?) және тағы басқа.

Балалар қажетті ыдыстарды таңдап, үстелдің үстіне тізіп қояды. Өз іс-әрекеттерін сөзбен сипаттап айтып отырады.

2.6. «Не өзгерді?» ойынын ұсынады.

Бірнеше ыдыс-аяқ түрін қояды, содан кейін балалардан көздерін жұмуды сұрап, ыдыстарды орнын ауыстырып қояды.

«Сөйлемді аяқта» дидактикалық ойыны.

Шыны әйнек - әйнек, темір пышақ - ..., форфордан жасалған шыныаяқ - ....., ағаштан жасалған оқтау - ..., пластмассадан жасалған науа - ... және тағы басқа.

Қай заттың орны ауысқанын анықтайды.

### 3. ҚОРЫТЫНДЫ

Қоштасу шеңбері.

Педагог балаларға қуыршақпен қоштасуды ұсынады.

Балалар қуыршақпен қоштасып, оны тағы қонаққа келуге шақырады.

Күтілетін нәтиже.

Ыдыс-аяқ түрлерін біледі.

Асхана ыдыстары мен асүй ыдыстарын біледі.

«Екі» сан есімін зат есіммен қиыстыруды; негізгі сын есімдерді қолдануды, көмектес септігінің категорияларын меңгеруді үйренеді.



## Тақырыбы: Ас үйдегі тұрмыстық техника

Өтілетін күні: 16-17-18.01.2023ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Асүйдегі тұрмыстық техника туралы білімді нақтылау; күнделікті өмірде адамның жұмысын жеңілдететін заттармен таныстыру; заттардың адамға қызмет ететініне балалардың назарын аудару және ол оларды ұқыпты пайдалану керектігін түсіндіру; «екі» және «бес» сан есімдерін атау септігіндегі зат есімдермен қиыстыруды үйрету. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Білімқұмарлыққа тәрбиелеу.

СӨЗДІК ЖҰМЫС: Тоңазытқыш, шайнек, электр пеші, микротолқынды пеш.

#### 1. Көрнекілік материалдар

Асүйдегі тұрмыстық техниканың суреттері.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

##### 1.1. Шаттық шеңбері.

Педагог балаларға бір-біріне алақандарын тигізіп, өз жылуларын бөлісуді сұрайды. Балалар алақандарын бір-біріне тигізіп, өз жылуларын бөліседі.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

##### 2.1. Педагог:

- Балалар, бүгін асүйдегі тұрмыстық техника туралы айтамыз.

- Техника – адамға өмірде көмектесетін көптеген құралдар, механизмдер, құрылғылар, көліктер.

- Біздің заманымызда техниканың түрі өте көп. Бұл біздің өмірімізді, тұрмысымызды жеңілдетеді. Асүйде тұратын қандай тұрмыстық техниканы білесіңдер? Шайнек, электр пеші, тоңазытқыш, микротолқынды пеш

- Жұмбақтарды тыңдап, жауаптарын табыңдар.

Іші салқын, мұзы бар,

Жылыда тез бұзылар

Барша тағам тығылар. (Тоңазытқыш.)

Бір нәрсе өзі жансыз, аяғы жоқ,

Су менен шөптен басқа қорегі жоқ,

Ішін ашып қарасаң бір мезгілде,

Тұрады жеген жемі жабағы боп. (Шайнек.)

Кеше піскен көжені

Жылытады бүгінде! (Микротолқынды пеш.)

##### 2.2. «Дұрыс ата» дидактикалық ойыны.

Екі шайнек - бес шайнек, екі тоңазытқыш -..., екі табақ -..., екі қасық -..., екі тұздық -..., екі кесе—..., екі шайнек-..., бес пышақ -...

Сын есімдерді зат есімдермен дұрыс үйлестіріп айтады.

### 2.3. Сергіту сәті.

Дастарқанды жаямыз

Ыдыстарды қоямыз

Тағамдарды әкеліп

Дастарқанға қоямыз.

Қолға кесе аламыз

Кесеге шай құямыз.

Шайды ыстық үрлейміз.

Шайдан бәріміз ішейік. (2-3 рет)

Өлең мәтініне сәйкес қимылдар жасайды.

2.4. Балаларға үстелден ыдыс-аяқ бейнеленген суреттердің бірін алып, сөйлем құрауды ұсынады.

Сөйлем құрайды.

### 3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:

- Балалар, бүгін не туралы сөйлестік?

«Мұқият бол» дидактикалық ойыны.

Тұрмыстық техникасы бар суреттер қойылады. Олардың арасынан асүй техникасынан ғана табу керек. Балалар суреттерді атайды.

Күтілетін нәтиже.

Аүйдегі тұрмыстық техника атауларын біледі.

Асүйдегі тұрмыстық техника туралы түсініктері бар

«Екі» және «бес» сан есімдерін атау септігіндегі зат есімдермен қиыстыруды; сын есімдерді құрауды меңгереді.

## Тақырыбы: Көгөністер.

Өтілетін күні: 19-20.01.2023ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балаларды көгөністердің атаулары және олардың сыртқы белгілерімен, «көгөністер» жалпылауыш сөзімен таныстыруды жалғастыру. Балаларға сөйлемдерді құрастыруды, сөзжасам дағдысын қалыптастыруға үйрету; зат есімдерге еркелету және кішірейту мағынасын беру арқылы құрастыруды үйрету. Зейін, естке сақтау, шыдамдылық, қимыл үйлесімділігін дамыту. Қоршаған әлемге деген қызығушылықты, табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Қызылша, бұршақ, шалғам, сарымсақ, бұрыш, баялды (баклажан), аскөк, ақжелкен, көгөністер.

**1. Көрнекілік материалдар:** Табиғи көгөністер.

**2. Үлестірмелі материалдар:** Көгөністердің суреттері, «муфта».

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

**1.1.** - Балалар, «Пых» ертегісіндегі оқиға жылдың қай уақытында болды. Жазда.

- Сендер бұл істің жазда болғанын қалай білдіңдер?

- Қазір жылдың қай мезгілі? Қазір күз.

- Бақшада тағы не өседі?

- Картоп, қызылша, сәбіз, пияз сөздерін орыс тілінде қалай атауға болады?

- Бақша жүйектерінде өсетін заттарды бір сөзбен қалай атауға болады?

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**2.1.** - Балалар, бүгін көгөністер туралы сөйлесеміз.

- Біз не туралы айтамыз?

Сұраққа жауап береді.

**2.2. «Сипап сезу арқылы анықта» дидактикалық ойыны.**

Логопед балаларға муфтаны көрсетіп, оның көгөністер салынған қойма екенін елестетуді ұсынады. Қойма іші қараңғы, сондықтан көгөністерді қолмен сипап сезу арқылы ғана анықтауға болады.

Логопед балаларға көгөністерді қандай белгілеріне қарап анықтағандарын түсіндірулерін ұсынады. Көгөністердің жұп суреттерін өзара салыстыруды ұсынады (сурет бойынша).

Бірнеше көгөністі салыстыруды ұсынады (суреттер бойынша) сөйлем құрау. Қызанақ дөңгелек, сәбіз...

Шалғам кішкентай, ал шалқан...

Қияр жасыл, қызылша...

Асқабақ үлкен, ал бұршақ... және тағы басқа.

- Бақшада үлкен және кішкентай көгөністер өседі.

Балалар қалаған көгөністі сипап сезу арқылы анықтайды және оны қандай белгілермен анықтағанын айтады.

**2.3. «Үлкен-кішкентай» дидактикалық ойыны.**

Менде үлкен қияр бар, ал сенде ...(қияр).  
Менде үлкен қызанақ бар, ал сенде... және тағы басқа.  
Қызанақты орыс және ағылшын тілдерінде атайды.

#### **2.4. Сергіту сәті.**

**«Бау-бақша».**

Қауын қайда өседі?

Қауын тауда өседі (жерді аяқтарымен топылдатады).

Қарбыз қайда өседі?

Қарбыз бауда өседі (қол шапалақтайды).

Алма қайда өседі?

Алма сайда өседі (жерді аяқтарымен топылдатады).

Алмұрт қайда өседі?

Алмұрт бақта өседі (қол шапалақтайды).

Жүзім қайда өседі?

Жағажайда өседі (жерді аяқтарымен топылдатады).

Қазанақ қайда өседі?

Қазанақ жерде өседі (қол шапалақтайды).

Сәбіз қайда өседі?

Сәбіз жүйекте өседі (жерді аяқтарымен топылдатады).

Өлең мәтініне сәйкес қимылдар жасайды.

**2.5. - Біз бақта көптеген көгөністер жинадық.**

- Біз олардан не дайындаймыз?

**«Біз не дайындаймыз?» дидактикалық ойыны.**

Картоптан пюре жасайды. Картоп езбесі (пюресі) -..

Сәбізден шырын жасайды. Қандай шырын - ...

Қызылшадан салат, қандай салат - ...

Бұршақтан сорпа, қандай сорпа ...

Асқабақтан құймақ, қандай құймақ - ...

Сөйлемді аяқтайды.

### **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

- Біз бүгін не туралы сөйлестік?

**«Мұқият бол!» дидактикалық ойынын ұсынады.**

Көгөністердің төрт суреті қойылған, үш көгөністі ғана атайды.

Көгөністер туралы.

Балалар көрсетілмеген көгөністі атайды.

**Күтілетін нәтиже.**

Көгөністердің атауларын біледі.

Көгөністердің сыртқы белгілері туралы түсініктері болады.

Сөйлем құрастыра алады, сөзжасам дағдысын қалыптасады; зат есімдерге еркелету және кішірейту мағынасын беруді біледі.

## Тақырыбы: Жемістер

Өтілетін күні: 23-24-25.01.2023ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Сөйлеу тілінде жемістердің негізгі атауларын, олардың қай жерде өсетінін бекіту. Сөйлемдерді біртекті анықтамалармен тарқату, зат есімдерден сын есімдерді құруды үйрету (алмадан – алма тосабы, алма шырыны; жемістен - жеміс салаты). Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, бастапқы қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, сұрақ қоюды үйрету, бір-бірімен қарым-қатынас жасау ниетін дамыту. Қоршаған әлемге қызығушылықты, табиғатқа сүйіспеншілікті, өзара көмек сезімін тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Жуу, тазалау, кесу, араластыру, үстінен күйю.

**1. Көрнекілік материалдар:** Табиғи жемістер.

**2. Үлестірмелі материалдар:** Азық -түлікті турауға арналған тайқтайшалар, пышақтар, алжапқыштар.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

**1.1.** - Кім менің үстелімде жатқан заттарды атаса, сол өз орындығына отырады.

- Бұл заттарды басқаша қалай айтуға болады? Мынау не?

- Алма, алмұрт орыс тілінде қалай аталады?

Логопед ұйымдастырылған іс-әрекет барысында жемістерді орыс тілінде атайды.

Ағылшын тілінде алма сөзін атайды.

Лимон, банан, алма, алмұрт, апельсин, қара өрік.

- Бұл жемістер.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**2.1.** Бақшаның суретін көрсетеді.

- Жемістер қайда өседі? Бақшада.

- Бүгін жемістер туралы сөйлесеміз.

Сұраққа жауап береді.

- Балалар, бүгін не туралы не айтамыз?

**2.2.** Топта Карлсон пайда болады.

- Карлсон нені жақсы көреді?

**«Сөйлемді аяқта» дидактикалық ойыны.**

- Тосапты неден қайнатуға болады?

Тосап алмадан - ...(алма тосабы).

Шырын алмадан - ... (алма шырыны).

- өріктен - ...

- алмұрттан -... және тағы басқа.

**2.3.** Карлсонға дәмді жеміс салатын дайындауды ұсынады.

- Біз салат жасамас бұрын не істеуіміз керек?

- Жемістермен не істеу керек?

Алжапқыш киюді және пышақтарды алып, жемістерді турауды ұсынады.

- Сен нені турайсың?
- Сенде қандай бөліктер пайда болып жатыр?
- Самат не кеседі?
- Камилла не турап жатыр екен, сұрап көр?
- Барлығы жемістерді турады ма?
- Біз енді не істейміз?
- Салат жасау үшін жемістерді араластырып, йогуртты үстінен құю керек.

#### **2.4. Сергіту сәті.**

**«Алма».**

Алма баққа барайық,

Алма теріп алайық.

Ең үлкенін алманың,

Анамызға сылайық.

Алма ағашы өседі (балалар ақырындап орнынан тұрады),

Тіпті биік деседі (балалар қолдарын көкке созып, аяғының ұшына тұрады).

Содан кейін гүлдейді (балалар саусақтарының арасын ашып, оңға және солға шайқала бастайды),

Мұны «Жас дос, біл!» - дейді (балалар орындарына отырады).

Өлең мәтініне сәйкес қимылдар жасайды.

**2.5.** Кешкі ас кезінде тәрбиеші мен тәрбиешінің көмекшісіне салаттан дәм татқызуды ұсынады. Балалар тәрбиеші мен тәрбиешінің көмекшісіне дәмін татқызып көруді ұсынады.

### **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

- Біз бүгін не туралы сөйлестік? Жемістер туралы.
- Сендерге салат жасау ұнады ма?
- Балабақшада бізге салатты кім жасайды. Аспаз.

#### **Күтілетін нәтиже.**

Жеміс атауларын біледі.

Жемістердің өсетін орнын, олардан не дайындауға болатыныны туралы түсініктері бар.

Сөйлемдерді біртекті анықтамалармен тарқатуды, зат есімдерден сын есімдерді құруды меңгереді (алмадан – алма тосабы, алма шырыны; жемістен - жеміс салаты).

## Тақырыбы: Анамның мерекесі.

Өтілетін күні: 26-27.01.2023ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балалардың ұғымындағы көктемнің белгілері және көктем айларының атаулары туралы білімдерін кеңейту. Отбасы мүшелері туралы білімді бекіту, әжелер мен аналардың мерекесін таныстыру. Сөйлеу тілінде сын есімдерді белсенді қолдануды, сөздерге еркелету және кішірейту мағыналарын беріп айтуды үйретуді жалғастыру. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік пен құрмет білдіруге тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Мереке, сыйлық, көмек, алып тастау, пісіру, сыйлау; нәзік, мейірімді, көңілді, әдемі және тағы басқа.

**1. Көрнекілік материалдар:** Көктем бейнеленген суреттер.

**2. Үлестірмелі материалдар:** Аналар мен әжелерге құттықтаулар.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

##### 1.1. Жақсылық шеңбері.

Логопед балалардан бір-біріне жақсы сөз айтуды ұсынады. Балалар шеңберге тұрады. Қол ұстасып тұрған балалар бір-біріне жылы сөздер айтады.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**2.1.** Балаларға «Көктем» тақырыбындағы сюжетті суретті қарастыруды ұсынады.

- Қалай ойлайсыңдар, балалар, суретте жылдың қай мезгілі?

- Қар неге ериді?

- Көлшіктер мен ағындар қайдан пайда болды?

- Ағаштар мен бұталарда қандай өзгерістер болып жатыр?

- Балалар не істеп жүр?

- **2.2.** - Балалар, бүгін балабақшаға кіммен келдіңдер?

- Сендерді үйде кімдер күтіп отыр?

- Үйде тамақты кім пісіреді, кірді кім жуады, үйді кім жинайды?

- Кімнің анасы жұмысқа барады?

- Әжелер мен аналарға кейбір жұмыстарды істеу неге қиын?

- Әжелеріміз бен аналарымызға оңай болу үшін біз не істей аламыз?

Балалардың еркін жауаптары.

Балалардың әжелері мен аналарына үйде қалай көмектесе алатындары туралы ойлануды ұсынады. Балалар әжелері мен аналарына қалай көмектесе алатындарын айтады.

##### 2.3. Сергіту сәті. «Қар үйіндісі».

Балаларға өздерін үлкен қар үйіндісі деп елестетуді ұсынады. Қар үйіндісі қыс бойы үлкен ағаштың астында "ұйықтады". Міне, күн қыздыра бастады. Күн шуағы қарды қытықтай бастады. Қар үйіндісі шыдай алмай, күліп жіберді. Үлкен қар үйіндісінен жан-жаққа су ағындап аға бастады. Барлық балалар бір жерге жиналып, жүресінен

отырып қар үйіндісін бейнелейді.

**2.4.** - Балалар, қандай мереке келе жатыр? Кім біледі?

- Бұл көктемнің алғашқы мерекесі. Бұл күні барлығы аналары мен әжелерін құттықтап, олар үшін үй шаруасын орындауға тырысады.

- Бұл күні түскі асты кім дайындай алады?

- Ал сендер, балалар, не істей аласыңдар?

- Қалай ойлайсыңдар, балалар, ана мен әжеге мереке күні ғана көмектесу керек пе? Мұқият тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді.

**2.5.** Балаларға анасы туралы айтуды ұсынады.

- Анаң қандай?

**«Еркелетіп ата» дидактикалық ойыны.**

Ана - анашым, апа - апатай, әже - ..., қыз - (қызым)..., әпке - ..., тәте - ..., немере - ...

**2.6.** - Балалар, аналарыңа арнап тақпақ айтып берсеңдер, ол сыйлық деуге бола ма? Неге?

Балалардың қалауы бойынша ана мен әже туралы өлең айтқызамын.

### **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

Балаларға саусақ гимнастикасын орындауды ұсынамын.

Апам үшін күнде мен, (әндете)

Отынға ағаш жарамын. (ағаш жарғандай)

Су құямын гүлге де, (гүлге су құйғандай)

Дүкенге де барамын. (қолдарына сөмке ұстап жүру)

Сыпырамын үй үшін, (сыпырғандай)

Жуам ыдыс-аяқты. (ыдыс жуғандай)

Жылай қалса бөпемді, (бөпені ұстағандай)

Жұбатамын ойнатып. (қолдарын шапалақтайды)

**Күтілетін нәтиже.**

Көктем мен көктем айларына тән белгілер.

Көктемгі мерекелер туралы түсініктері болады.

Зат есімдерге сын есімдерді таңдауды, сөздерге еркелету және кішірейту мағынасын беріп айтуды үйренеді.



## Тақырыбы: Анамның мерекесі. Жалғасы

Өтілетін күні: 30-31.01.2023ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Көктем мезгіліне тән белгілер және көктем атаулары туралы білімдерін бекіту. Өртүрлі сөйлемдерде сөздерге жалғауларды жалғауды, берілген жалғаудың көмегімен екі тірек сөз негізінде сөйлем құруды; сөйлемнің арасында жазылмай қалған жалғауларды табуды үйрету. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу.

### СӨЗДІК ЖҰМЫС

Мереке, сыйлық, көмек, алып тастау, пісіру, сыйлау.

**1. Көрнекілік материалдар:** Көктем бейнеленген суреттер.

**2. Үлестірмелі материалдар.**

Тақырыптық суреттер: үстел, табақ, торт, вазадағы гүл, кестеленген жастық, диван.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

##### 1.1. Жақсылық шеңбері.

Педагог балаларға бір-біріне жақсы сөз айтуды ұсынады. Балалар шеңберге тұрады. Балалар қол ұстасып, бір-біріне жылы сөздер айтады.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

##### 2.1. «Көктем» атты сюжетті суретін қарастыруды ұсынады.

Қалай ойлайсыңдар, балалар, суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген?

Балаларға көктемнің белгілерін атауды сұрап

- Балалар, қандай көктем айларын білесіңдер?

Көктем айларын орыс тілінде атайды.

- Алдымызда қандай мереке келе жатқанын кім біледі?

- Кешегі ертеңгілікте аналар мен әжелерді қалай құттықтадық?

- Біз аналарымыз үшін өз қолымызбен қандай сыйлық жасадық?

- Бұл күні тағы кімді құттықтаймыз?

**2.2.** Топта Карлсон пайда болады. Ол балалармен амандасады және анасына сыйлық дайындағанын айтады. Карлсон сыйлықтарды қайда қою керектігін білмейді. Тақтаға тақырыптық суреттер қойылады: үстел, табақ, торт, вазадағы гүл, кестеленген жастық, диван.

Карлсонға сыйлықтарды дұрыс таратуға көмектесуді ұсынады.

Балалар Карлсонның пайда болуына қуанады.

Тірек суреттер бойынша сөздерге жалғауларды жалғау арқылы сөйлем құрайды.

##### 2.3. Сергіту сәті.

### **«Қар үйіндісі».**

Педагог балаларға өздерін үлкен қар үйіндісі деп елестетуді ұсынады. Қар үйіндісі қыс бойы үлкен ағаштың астында "ұйықтады". Міне, күн қыздыра бастады. Күн шуағы қарды қытықтай бастады. Қар үйіндісі шыдай алмай, күліп жіберді. Үлкен қар үйіндісінен жан-жаққа су ағындап аға бастады. Барлық балалар бір жерге жиналып, жүресінен отырып қар үйіндісін бейнелейді.

**2.4.** Карлсон балаларға анасына үйде қалай көмектескенін айтады, бірақ сөйлемдерді дұрыс құрамайды. Педагог балаларға сөйлемдегі сөздерді дұрыс қою арқылы сөйлемді түзетуді ұсынады.

Шкаф... шаңын сүрттім. Кітаптарды сөре... қойдым.

Үстел... газет қойдым. Диван... астын жудым. Қажетті жалғауларды қосу арқылы сөйлемдерді түзетеді.

- Ал Карлсон анасына өлең жазды. Бәріміз мұқият тыңдайық.

### **Көркемсөз.**

#### **«Анашым».**

Аялаған, анашым,

Мәпелеген, анашым!

Менің саған тілегім -

Қартаймашы, анашым!

- Балалар, аналарыңа арнап тақпақ айтып берсеңдер, ол сыйлық бола ма Неге?

Педагог балалардың қалауы бойынша ана мен әже туралы өлең айтуды ұсынады.

Балалар ана мен әже туралы тақпақтар айтады.

- Карлсон анасы мен әжесінің атын орысша қалай атау керектігін білмейді. «Ана» мен «әже» сөздерін орыс тілінде қалай айтамыз?

Педагог балаларға «ана» мен «әже» сөздерін орыс тілінде айтуды ұсынады.

## **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

Балаларға Карлсонмен қоштасуды және оған анасын мерекемен құттықтауды ұсынамын. Балалар Карлсонмен қоштасады.

### **Күтілетін нәтиже.**

Көктемге тән белгілерді және көктем айларының атауларын біледі.

Көктемгі мерекелер туралы түсініктері болады.

Өртүрлі сөйлемдерде сөздерге жалғауларды жалғауды, берілген жалғаудың көмегімен екі тірек сөз негізінде сөйлем құруды үйренеді; сөйлемнің арасында жазылмай қалған жалғауларды таба алады.

## Тақырыбы: Көктем

Өтілетін күні: 01—03.02.2023ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балалардың ұғымындағы көктемге тән белгілер мен көктем айларының атаулары туралы білімдерін кеңейту. Сұрақ қою дағдысын қалыптастыру. Етістіктің келер шағын қолдануды үйрету; сын есімдердің салыстырмалы салыстырмалы шырайын қалыптастыруды үйрету. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Нәзік, дыбыстық, сутас (хрусталь), мөлдір, қанжар.

**1. Көрнекілік материалдар:** Көктем, сүңгі мұз, доп бейнеленген суреттер.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

**1.1.** Балаларға жұмбақ шешуді ұсынамын.

Гүл-гүл жайнап жер, аспан,

Гүрілдейді сайда өзен.

Гүлжазира жарасқан

Гүлдерімен қай кезең? (Көктем.)

Балалар жұмбақты шешіп, әрқайсы өз орнына барып отырады.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**2.1.** Көктем туралы суретті көрсетеді.

Көктемнің белгілерін атауды ұсынады.

- Көктем туралы қандай сөздермен айта аласыңдар? Ол қандай?

Зат есімге сын есімді сәйкестендіреді.

**2.2.** «Сөзді үлгі бойынша өзгерт» дидактикалық ойыны.

Ұзын - ұзынырақ, жылы -..., сәулелі -..., қатты -..., биік -..., таза -, күшті -..., қуанышты - ..., шуақ -..., қараңғы -..., жаңа -..., мөлдір -..., жылдам -....

**2.3.** Жұмбақты шешу.

Жиегіне шатырдың судан шеге қатырдым (Сүңгі мұз.)

Сүңгі мұзды қарастыруды ұсынады.

- Ол қандай формада?

Оған қол тигізуді және сұрақ қоюды ұсынады.

- Ол қандай? (Тайғақ, дымқыл, жылтыр, тегіс, суық, өткір, мұзды, сынғыш және тағы басқа.)

Балаларға бір-біріне сүңгінің түсі туралы сұрақ қойып, оған жауап беруді ұсынады.

Өлеңді тыңдауды ұсынады.

Күміс қанжар жылтырап

Шатырда ұзақ тұрмады.

Қолға ұстатпай сусылдап,

Еріп кетті мөлдіреп.

- Балалар, сүңгі мұзды қанжармен неге салыстырды?

- Сүңгі мұзға не болды?

- Неге?

- Сүңгілер қашан пайда болады?

**2.4.** Сергіту сәті.

«Қар үйіндісі».

Балаларға өздерін үлкен қар үйіндісі деп елестетуді ұсынады. Қар үйіндісі қыс бойы үлкен ағаштың астында "ұйықтады". Міне, күн қыздыра бастады. Күн шуағы қарды қытықтай бастады. Қар үйіндісі шыдай алмай күліп жіберді. Үлкен қар үйіндісінен жан-жаққа су ағындап аға бастады. Барлық балалар бір жерге жиналып, жүресінен отырып қар үйіндісін бейнелейді.

**2.5.** Мүмкіндігінше көп сөздерді таңдау арқылы сөйлемді толықтыруды ұсынады. Жақында көктем келеді. Күн (не істейді?) шығады (шуағын шашады, жарқырайды, жылытады, ысытады, қыздырады, ерітеді). Қар (не істейді?) ериді (қараяды, шөгеді, езіледі). Ағындар (олар не істейді?) (пайда болады, ағады, сылдырайды, жайылады).

### **2.6. «Не істейді?» доппен ойын ойнау.**

Балаларды шеңбер бойымен тұрғызады. Өзі шеңбердің ортасында доп ұстап тұрады. Допты балаларға кезек-кезек лақтырып, бір сөйлемді бастап айтады. Балалар сөйлемді дұрыс аяқтау керек. Айтылатын сөйлем зат есім мен етістіктен тұру керек.

Педагог көктем мезгіліне қатысты сөздерді атайды. Балалар аталған зат есімнің көктемде қандай өзгеріске ұшырайтынын білдіретін сөзбен (етістіктің келер шағын) сөйлемді аяқтайды. Мысалы:

Мұз ... (ериді).

Кұстар ... (ұшады, шырылдайды).

Күн ... (жарқырайды, қыздырады, ысытады).

Су ... (ағады).

Жер ... (кебеді, құрғайды).

Қар ... (ериді, қараяды).

Гүл ... (өседі, жайнайды).

Ағаш ... (көктейді).

Күн ... (ашылады).

Жаңбыр ... (жауады, себелейді, тамшылайды).

Шөп ... (өседі, шығады).

## **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

### **«Көктем» саусақ гимнастикасы.**

Мұз да, қар да ерісе,

Өлең айтар өзендер. (маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін екі қолымен сипайды)

Ұйқы қашса қонжықтан,

Көктем келді дерсің сен (бетті иектен құлақтың төменгі ұшына қарай сипайды)

Қызса қатты күн көзі,

Қарлығаштар самғаса (маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін екі қолымен сипайды)

Көктем келді дерсің сен. (бетті иектен құлақтың төменгі ұшына қарай сипайды)

### **Күтілетін нәтиже.**

Көктемге тән белгілерді біледі.

Көктем айлары туралы түсініктерін бекітеді.

Сұрақ қоюды, етістіктің келер шағын қолдануды, сын есімнің салыстырмалы шырайын жасауды меңгереді.

## Тақырыбы: Көктем. Жалғасы

Өтілетін күні: 06-08.02.2023ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балалардың ұғымындағы көктем мезгіліне тән белгілер және көктем айларының атаулары туралы білімдерін кеңейту. Қарапайым жайылма сөйлемді құрастыруға жаттықтыру. Зат есімнің көпше түріндегі күрделі септік формаларды қолдануды; күрделі сөздерді құрастыруды үйрету. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Жер қазушы, жылғалар, ісінеді.

**1. Көрнекілік материалдар:** Көктем мен қыс мезгілдерінің суреттері.

**2. Үлестірмелі материалдар:** Әр балаға 5-6 түрлі түсті шаршылар.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

##### 1.1. Жұмбақ шешу.

Балалар жұмбақтарды шешіп, әрқайсы өз орнына отырады.

Аяз қысып, өрнек сызып,

Терезені торлайды.

Қарға омбығып,

Бет домбығып,

Сырғанап жастар ойнайды.

Суда мұз бар,

Жерде қар бар.

Боран борап соғады,

Бұл қай мезгілде болады? (Қыс.)

Қар мұз еріп, су көбейіп,

Сай-салаға толады.

Бүршік жарып, жарық ашып,

Гүл бәйшешек басады. (Көктем.)

- Балалар, жұмбақтар жылдың қай мезгілдері туралы болды? Қыс және көктем туралы.

Жарайсыңдар!

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**2.1.** -Топта маймыл пайда болады.

- Балалар, бізге қонаққа көңілді маймыл келді. Ол ешқашан қысты да, көктемді де көрмеген. Маймылға қыстың көктемнен қалай ерекшеленетінін айтуды ұсынамын. Қыс пен көктемнің суретін бірдей ландшафтпен көрсетеді.

Балаларға ерте көктемді сипаттайтын, екі сөзден тұратын сөйлем ойлап табуды ұсынады. Мысалы: «Көктем келді», «Қар еріді», «Жылғалар ақты».

- Теру төсемінде қандай сөйлем түрлі түсті шаршылармен көрсетілген?

Сөйлемдерді ұзағырақ және көркем қылып айтуды ұсынады.

- Көктемді қандай сөздермен айтуға болады? Ол қандай? (ерте, көптен күткен, жарық, шуақты)

- Көктемдегі қар туралы қалай айтуға болады? Ол қандай? (қарайған, борпылдақ, кір). Жаңа сөздер қосылған кезде жаңа шаршылар қойылып отырады.

Барлық сөйлемдерді біріктіруді ұсынады.

- Көктем туралы әңгіме пайда болды.

Балаларға білгендерін үйге айтып баруды ұсынамын. Маймыл оны достарына айтады.

## **2.2. Сергіту сәті.**

### **«Қар үйіндісі».**

Балаларға өздерін үлкен қар үйіндісі деп елестетуді ұсынамын. Қар үйіндісі қыс бойы үлкен ағаштың астында "ұйықтады". Міне, күн қыздыра бастады. Күн шуағы қарды қытықтай бастады. Қар үйіндісі шыдай алмай, күліп жіберді. Үлкен қар үйіндісінен жан-жаққа су ағындап аға бастады. Барлық балалар бір жерге жиналып, жүресінен отырып қар үйіндісін бейнелейді.

## **2.3. Құрастырылған әңгімені тағы бір рет тыңдауды ұсынады.**

- Қар еріген кезде не болады?

- Ерігенде не пайда болады?

- Күн райы қандай болады?

- Бүршік қай жерде ісінеді?

- Көктемде нелер ұшып келеді?

## **2.4. «Үлгі бойынша өзгерт» дидактикалық ойыны.**

Күрделі сөздердің қалыптасуын түсіндіреді:

Мүз - (мүзжарғыш), өзі ұшады – (ұшақ), шаң сорылады – (шаңсорғыш), түсі боз торғай - (бозторғай), ақ сақалды қария - (ақсақал), көлді мекендейтін бақа - (көлбақа), елдің ордасы - (елорда), елдің таңбасы - (елтаңба) және тағы басқа.

Мұқият тыңдайды.

Күрделі сөздерді құрайды.

## **2.5. Сұрақтарға жауап беруді ұсынады:**

Мүзжарғыш (не істейді?) - ...., шаңсорғыш (не істейді?) - ....., ұшақ (не істейді?) -..., шаңсорғыш (не істейді?) - ..., ақсақал (кім?) - ..., көлбақа (қандай бақа?), елорда (не?) - ..., елтаңба (не?) - ...

## **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

### **«Көктем» саусақ гимнастикасы.**

Мүз да, қар да ерісе,

Өлең айтар өзендер. (маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін екі қолымен сипайды)

Ұйқы қашса қонжықтан,

Көктем келді дерсің сен (бетті иектен құлақтың төменгі ұшына қарай сипайды)

Қызса қатты күн көзі,

Қарлығаштар самғаса (маңдайдың ортасынан құлақтың жоғарғы ұшына дейін екі қолымен сипайды)

### **Күтілетін нәтиже.**

Көктем мезгіліне тән белгілерді біледі.

Көктем айлары туралы түсініктері болады.

Қарапайым жайылма сөйлемді құрастыра алады. Зат есімнің көпше түріндегі күрделі септік формаларды қолдануды біледі; күрделі сөздерді құрастыру білігін меңгереді.

## Тақырыбы: Менің үйім. Отбасы.

Өтілетін күні: 09-10.02.2023ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балаларға сюжетті суреттер сериясы негізінде әңгіменің аяқталуын ойлап табуды үйрету; сұрақтарға жауап беруді үйретуді жалғастыру; бірнеше анықтаманы қоса отырып, сөз тіркестерін құруды, отбасы туралы білімдерін бекіту; белгілі бір суреттердің мазмұнын салыстыру негізінде оқиға сюжетін жаңғырту білігін дамыту; суреттер сериясын бірыңғай сюжетке біріктіру қабілетін қалыптастыру. Балалардың сөз тіркесін қолданып сөйлеуін дамыту, әңгіме құрастыру кезінде 3-6 сөзден тұратын сөз тіркестерін қолдану; ойда жаңғырту және шығармашылық қиялын, зейінін, еске сақтау қабілетін дамыту. Отбасы мен достарына сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Театр, кинотеатр, тартылған ет.

**1. Көрнекілік материалдар:** Сюжетті суреттер сериясы.

**2. Үлестірмелі материалдар:** Таңбалауыштар.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

**1.1.** Балаларға сөздер тізбегін оқиды. Артық сөзді тапқан балаға орнына отыруды ұсынады.

Ата, әке, жүргізуші, әке.

Ана, әже, аға, әпке.

Ұлы, әкесі, немере, қызы.

Балалар сөздерді мұқият тыңдайды. Артық жазылған сөзді анықтайды. Орындарына отырады.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**2.1.** - Балалар, бүгін отбасы туралы сөйлесеміз. Әңгіменің аяқталуын ойластыруды үйренеміз.

- Біз бүгін не туралы айтамыз?

Педагог балаларға сөйлемді жалғастыруды ұсынады.

Анам, әкем, ағам және мен.

Бірге тату ... (отбасы).

- Сендердің отбасың кімдер?

- Сендердің отбасы мүшелерің не істейді?

- Отбасы бірге жиналғанда сен не істейсің?

- Сендер бірге не істегенді ұнатасыңдар?

Балалар сұрақтарға жауап береді.

#### **2.2. «Белгісі бойынша тап» дидактикалық ойыны.**

- Отбасыңда осындай адам кім?

Мейірімді.

Қатал.

Көңілсіз.

Ерке.

Сыпайы.

Ақкөңіл.

### **2.3. «Сөйлемді аяқта» дидактикалық ойыны.**

Кешкі асқа бүкіл отбасы ...

Ағам мен әпкем доп ....

Анам таңғы ас ....

Атам газет ....

Әжем көп ертегі ....

Әкем көлік ...

Мен ойыншықтарымды ...

**2.4.** Теру төсемінде сюжеттік суреттер сериясын ашады және оларды мұқият қарастыруды ұсынады. Суреттер сериясын қарастырады.

- Таң атты ма, күн батты ма?

- Анам не істеп жатыр?

- Ол қай бөлмеде?

- Әкем кіммен ойнап жүр?

- Айбар қандай?

- Айбар, Аружанға кім болады?

- Ал анам оларға кім?

- Аружан қайда сабақ оқып отыр?

- Аружан не істейді?

- Мысықты қалай шақырамыз?

- Мысық немен ойнайды?

- Отбасы не істейді?

- Кешті бірге қалай өткізуге болады?

### **2.5. Сергіту сәті.**

**Отбасы».**

Бір үйде біз нешеуміз?

Кел, санайық екеуіміз

Бас бармағым – атам.

Балаң үйрек – әжем.

Ортаң терек – әкем.

Шылдыр шүмек - шешем.

Кішкене бөбек - мен.

Бір үйде біз нешеуміз?

Бір үйде біз бесеуміз.

Өлең мәтініне сәйкес қимылдарды орындайды.

### **2.6. Балалардың әңгімені өздігінен құрастырулары.**

Логопед балаларға сурет бойынша әңгіме құрастыруды және одан кейін болуы мүмкін оқиғаны ойлап табуды ұсынады. Бүкіл отбасы не істей алады?

Балалар сюжетті суреттер сериясы бойынша әңгіме құрастырады. Балалар оқиғаның аяқталуын ойластырады.

## **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

- Біз бүгін не істедік? Әңгіме құрастырдық.

Балаларға бір-бірінің әңгімелерін бағалауды ұсынады.



- Балалар, бүгін оқиғаны бәрінен жақсы жалғастырып айтқан кім? Балалар достарының әңгімелерін бағалайды.

**Күтілетін нәтиже.**

Отбасы ұғымын біледі.

Оқиғаны қалай аяқтауға болатыны туралы түсініктері болады.

Сюжетті суреттер сериясы бойынша әңгіменің аяқталуын ойластыруды; сұрақтарға жауап беруді; бірнеше анықтаманы қосу арқылы фразалар құруды; суреттер сериясын бірыңғай сюжетке біріктіру білігін меңгереді.

## Тақырыбы: Үй жануарлары

Өтілетін күні: 13-15.02.2023ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Сюжетті сурет бойынша әңгіменің аяқталуын құрастыруды, «неліктен?», «неге?», «не үшін?» сұрақтары бар сөйлемдерге жауап беруді, бірнеше анықтамаларды қосып сөз тіркестерін құрауды жалғастыру; жануарлар туралы білімдерін бекіту; суреттердің жеке бөліктерін бірыңғай сюжетке қосу білігін қалыптастыру. Сөз тіркестерін қолданып сөйлеуді дамыту, әңгіме құрастыру кезінде 3-6 сөзден тұратын сөз тіркестерін қолдану; ойда жаңғырту және шығармашылық қиялын, зейінін, еске сақтау қабілетін дамыту. Жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС** Жетектеуші, қызметтік, күзетші.

**1. Көрнекілік материалдар:** Сюжетті сурет.

**2. Үлестірмелі материалдар:** «Қай жануар немен қоректенеді?» ойын атрибуттары.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

**1.1.** Үй жануарын атаған балаға отыруды ұсынады. Балалар үй жануарларын атайды. Үй жануарларын орыс тілінде атауды ұсынады. Жануарларды орыс тілінде атайды.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**2.1.** - Балалар, бұл жануарларды «үй жануарлары» деп неге атаймыз?

- Үй жануарлары адамдарға қандай пайда әкеледі? Олар сүт, ет, жүн береді, үйді күзетеді және тағы басқа.

- Адам үй жануарларына қалай күтім жасайды?

**2.2.** «Қай жануар немен қоректенеді?» дидактикалық ойыны.

(карточкалармен жұмыс)

Ойын барысында жануарлардың атауларын орыс тілінде атауды ұсынады.

- Иттер адамдарға қандай пайда әкеледі? (өрт сөндіруші иттер, құтқарушы иттер, жетелеуші иттер, аңшылық иттер, қызметтік иттер, күзетші иттер)

Итті орыс және ағылшын тілдерінде атайды.

Логопед балаларға бұрын айтылған иттер туралы көркем шығармаларды естеріне түсіруіне болады.

- Ит қиыншылыққа тап болса, адам оған көмектесе ме?

- Қалай көмектеседі?

**2.3.** «Ормандағы жағдай» суретін қарастыру. Суреттегі қызға есім қоюды балалардан сұраймын.

- Оқиға қашан болды?

- Оқиға қай жерде болды?

- Айсұлу орманға қай жануарды ертіп барды?

- Айсұлу орманға неге барды?

- Айсұлудың итіне не болды?

- Ит аяғын қалай жарақаттады?

- Ит неге ұлыды?

- Айсұлу нені ашып тарқатты? (дәке -бинт)

- Айсұлу иттің аяғын немен таңды (орады, байлады)?

- Айсұлу қалай әрекет етті?

- Айсұлу иттің аяғын не үшін таңды?

- Айсұлу мен итке әрі қарай не болуы мүмкін?

- Бұл жағдай қайталанбауы үшін не істеу керек?

#### **2.4. Сергіту сәті.**

##### **«Ит пен мысық» (саусақ гимнастикасы).**

Тасасында көпірдің (сол қолды шынтақтан бүгу, алақандарды төмен қарата алдына ұстап «көпір жасайды, көпірдің астына оң қол саусақтарын төмен қарата ұстайды)

Кәрі ит тұрыпты (алға созылған оң қолдың үстімен иықтан төмен қарай сол қолдың екінші және үшінші саусақтарын "жүгіртеді")

Көпірден өткен мысықтың (иықтан төмен «жүгірген» саусақтар қолдың басына келгенде саусақты оң қолдың жұдырығында қысып ұстап қалады)

Құйрығынан жұлыпты (сол қолдың кішкентай саусағы оң қолдың жұдырығында қысылған күйі екінші, үшінші, төртінші саусақтарды бас бармақпен біресе біріктіре, біресе қайта ашып мияулаған мысықтың аузын бейнелейді)

Құтқарыңдар! (сол қолдың кішкентай саусағын қыса ұстаған оң қолдың саусақтарын біртіндеп ашады)

Мяу-мяу-мяу! (екі қолды бірінің үстіне бірін қойып екі қолдағы барлық саусақтарды жылдам "жүгіртеді")

Босатыңдар иттен! (сөздің айтылу ырғағына сәйкес алақандарын шапалақтайды, соңғы сөзге аяқтарын топылдатады)

Қане, кім бар, келіңдер!

Мысыққа көмек беріңдер!

#### **2.5. «Ең мұқият кім?» жаттығуын ұсынады.**

Суретті мұқият қарастырып, оның барлық ерекшеліктерін атау қажет.

Логопед балаларға сурет бойынша әңгіме құрастыруды және Айсұлу мен оның иті әрі қарай қандай жағдайға тап болуы мүмкін екенін ойша құрасытыруды ұсынады.

- Айсұлу мен оның иті қайда барды?

- Бұндай жағдай болмас үшін не істеу керек?

### **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

Балалардың әңгімелерін талдау және талқылау.

Логопед әңгімелерді талдау барысында оқиғаның толықтығы, мазмұнды беру тізбектілігі, суретке мағыналық сәйкестігі, балалар ойлап тапқан оқиғаның жалғастығы сияқты қасиеттерін атап өтеді.

Балалар өздеріне кімнің әңгімесі көбірек ұнағанын және не үшін ұнағанын айтып түсіндіреді?

#### **Күтілетін нәтиже.**

Үй жануарларының атауларын біледі.

Жануарлардың тіршілік етуі туралы түсініктері болады. Сюжетті сурет бойынша әңгіменің аяқталуын құрастыруды, «неліктен?», «неге?», «не үшін?» сұрақтары бар сөйлемдерге жауап беруді, бірнеше анықтамаларды қосып сөз тіркестерін құрауды меңгереді.

## Тақырыбы: Жиһаз.

Өтілетін күні: 16-17.02.2023ж.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балалардың әртүрлі жиһаздар туралы білімдерін анықтау және кеңейту; олардың қандай материалдардан жасалғаны: қаптамасы, матасы, былғарысы; жиһаздың шығу тарихы, адамның жиһазды қолдануы. Жиһаз жасауға қатысатын адамдардың мамандықтарымен таныстыру: ағаш кесуші, ағаш ұстасы, ағаш шебері, суретші-дизайнер, құрастырушы. Салыстыру, ұқсастық пен айырмашылық белгілерін табу, заттар мен материалдар арасында себеп-салдар байланысын орнату, жалпылау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. Жаңа сөздердің көмегімен сөздік қорын кеңейту.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Суретші-дизайнер, ағаш ұстасы, ағаш кесуші, ағаш ұстасы, құрастырушы, ағаш шебері, мата, үстелдің үстіңгі тақтайы (столешница), шабу, желімдеу, бұтау (шабу), жону (сүргілеу).

**1. Көрнекілік материалдар:** Әртүрлі жиһаздар, мамандықтар, материалдардың суреттері: тас, ағаш, былғары қиындылары, маталар, гуашь, су, щетка, шүберек.

**2. Үлестірмелі материалдар:** Құралдар: балға, шеге, шынайы және қуыршақтарға арналған жиһаздар.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

**1.1.** - Балалар, пәтерде адамға ең қажетті зат не?

- Бүгін біз жиһаз туралы сөйлесеміз.

- Сендер қандай жиһаздарды білесіңдер?

Кейбір жиһаз бөлшектерін орыс тілінде атауды ұсынады.

- Жиһаз не үшін қажет?

- Адамдарда жиһаз әрқашан болған ба?

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**2.1.** - Баяғы өткен заманда, балалар, ауылдар мен қалалар болмаған уақытта адамдар үңгірлерде тұрды. Жаңбыр мен суықтан қашып, барлығы үңгірлерге тығылды.

Үңгірдің ішінде от жағып, соның жылуына жылынды.

- Қалай ойлайсыңдар, балалар, адамдар сол кезде ненің үстіне жатып ұйықтады?

- Сендер қазір үңгірде екендеріңді елестетіп көріңдер. Шаршағанда бір жерге жатып демалғыларың келді. Отырыңдар, жатыңдар, сендерге ыңғайлы ма?

- Сендер не сезінесіңдер?

- Иә, балалар, ежелгі адамдарға да ыңғайсыз болды. Дымқыл, суық, қатты, тастың үстінде жату ыңғайсыз.

- Адам ұзақ уақыт суық жерде жатса, оған не болады?

- Міне, балалар, бір күні аңшылар олжамен оралып, құлаған ағашқа демалуға отырды.

Сендер орманда екендеріңді елестетіп көріңдер. Ағашқа отырыңдар.

- Ыңғайлы ма?

- Жерге қарағанда жақсы ма?

- Сонда адам жиһазды неден жасайтындығы туралы ойлады? Үңгірдің айналасында тас пен ағаш қана болды.

Тастар мен ағашты зерттеуді ұсынады (қол тигізу, бетке тигізу, иісін сезу, сыйпау).

Қорытынды:

- Адам жиһаз жасау үшін ағашты таңдады, өйткені, оның үстіне жатып демалу ыңғалы және оны өңдеу оңай еді.
- Жиһаз жасауға қандай мамандықтар қатысатынын білесіңдер ме?
- Дизайнер жиһазды ойлап табады, сызбаларын сызады. Ағаш кесушілер жиһаз жасау үшін бөренелерді бұтайды (шабады), жиһаз фабрикасында ағаш ұсталары мен ағаш шеберлері ағаш бөлшектерін кеседі, желімдейді, сүргілейді, жонады жиһаз жинаушылар үлкен жиһазды жылдам жинауға көмектеседі.

## **2.2. Сергіту сәті (психогимнастика).**

Ағашты бұтап немесе ағашты арамен аралап жатқан ағаш кесушілерді; ағаш бөренелерді тасып жүрген көліктерді; орындықтың бөлшектерін бір-біріне желімдеп жатқан ағаш шеберін; ағашты жонып (сүргілеп) жатқан ағаш ұстасын; жиһаздарға қуанып тұрған адамдарды елестету.

## **2.3. - Балалар, жиһазды қайдан алуға болады?**

Балаларға жиһаз сататын дүкенге баруды ұсынамын.

- Мына жиһаз қалай аталады?
  - Қараңдаршы, балалар, қанша жиһаз бар?
  - Сендерге қандай жиһаз таныс емес?
  - Жиһаз қандай бөліктерден тұрады? (аяқтары, арқасы, жәшіктер, сөрелер, қабырғалар, есіктер, тұтқалар, қаптамасы: былғары немесе мата)
- Балаларды жиһаз түрлерімен таныстырады. (Шкаф, диван, комод, орындық, кресло, үстел, сөре, төсек, боянуға арналған үстел, аспалы шам.)

## **2.4. «Ортақ белгілерін ата?» дидактикалық ойыны.**

- Шкаф, буфет.
- Ұзын орындық, орындық, арқалығы жоқ орындық.
- Шкаф, комод.

Осы бөлімдегі барлық жиһаздардың қандай ортақ белгілері бар?

Жұмсақ жиһаз залына баруды ұсынады.

- Неге оны осылай атады?
- Ол неге өзгеше?
- Біз жұмсақ жиһаздың матамен немесе былғарымен жабылғанын білеміз.
- Не жақсы? Мата ма немесе былғары ма?

Бірнеше тәжірибе өткізуді ұсынады.

- Мата мен былғарының бөліктерін алыңдар. Естеріңде болсын, балалар, жиһаздың қаптамасын қолмен сипап көру керек.
- Оларға су құйямыз.
- Сендер не көріп тұрсыңдар?
- Былғарыдан суды қалай тазартамыз? Матадан қалай тазартамыз?
- Матаға бояу сіңіп кетті, ал былғары ылғалданбады, тек қана кірледі.

Пысықтау: былғарыдан жасалған жиһаз суланбайды.

Байқаусызда бояу тиіп кеткен. Сендер не көріп тұрсыңдар?

- Былғарыны қалай тазартуға болады?
- Матаны қалай тазартуға болады?

Алдымен, былғарыны дымқыл шүберекпен сүртіп, содан соң құрғақ шүберекпен құрғатады. Матаны жуып, щеткамен тазартып, ұзақ уақыт құрғату керек.

Пысықтау: былғары жиһазды тазалау оңай.

Қорытынды: былғарыдан жасалған жиһаз көпке шыдайды!

- Былғарыдан жасалған жиһаз қалай аталады?

### **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

- Балалар, бүгін не туралы сөйлестік?

- Жаңадан не білдіңдер?

- Өз пәтерлеріңе қандай жиһаз таңдайтын едіңдер? Неге?

#### **Күтілетін нәтиже.**

Жиһаз түрлерін, олардың неден жасалғанын; қаптамасын: мата, былғары; жиһаздардың шығу тарихын біледі.

Жиһаз жасауға қатысатын адамдардың мамандықтарымен танысады: ағаш кесуші, ағаш ұстасы, ағаш шебері, суретші-дизайнер, құрастырушы.

Салыстыру, ұқсастық пен айырмашылық белгілерін табу, заттар мен материалдар арасында себеп-салдар байланысын орнату, жалпылау және қорытынды жасау біліктерін меңгереді.

## Тақырыбы: Жиһаз. Жалғасы

Өтілетін күні: 20-22.02.2023ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Жиһаздың қызметі, қандай материалдардан жасалатыны туралы түсініктерін кеңейту. «Жиһаз» тақырыбы бойынша (жиһаз, шкаф, диван, төсек, кресло, үстел, орындық, сөре, арқасыз орындықтың аяқтары, арқасы, орындықтың беті, шынтаққойғыш; отыру, жату, сақтау, тазалау, іліп қою, сүрту; ағаш, былғары, жұмсақ, асүй, балалар, қуыршақ, пластик) сөздік қорын нақтылау, кеңейту және белсендіру. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын жетілдіру (зат есімдерге қосымшаларды жалғау).

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Үстел, орындық, төсек, диван, кресло, асүй үстелі, отыру, жату, ұйықтау, демалу, артқы (алдыңғы) аяқтары, орындықтың беті, шынтаққойғыш.

**1. Көрнекілік материалдар:** Қуыршақ, мысық, кіреберістің суреттері, асүй, қонақ бөлме, жатын бөлме.

**2. Үлестірмелі материалдар:** Жиһаз бейнеленген суреттер.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

**1.1.** Балаларға қонақтармен амандасуды ұсынамын.

**Шаттық шеңбері.** «Кел, достарым, келіндер!»

Кел, достарым, келіндер!

Қолдарыңды беріндер.

Шаттық толы шеңберге,

Қуанышпен еніңдер.

Шақырамын сендерді,

Жолдастарым, кел бері!

Толтырайық шаттыққа

Дөңгеленген шеңберді.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**2.1.** Балаларға Маша қуыршағының қоныстойы болатынын хабарлайды.

Балаларға қуыршақтың үйіне қонаққа баруды ұсынады.

- Балалар, бүгін Маша қуыршақ қоныстой жасап жатыр. Бәріміз Машаға қонаққа барайық.

**2.2.** Тақтаға пәтердің әртүрлі бөлмелері бейнеленген суреттер кезекпен қойылады.

Логопед балаларға әр бөлмеде тұрған жиһаз түрін атауды және оның не үшін қолданылатынын айтуды ұсынады.

Қонақ бөлмесінде ғана жиһаз жоқ.

Маша балаларға жаңа жиһаз әкелгенін хабарлайды, бірақ ол оны орналастыра алмады.

Маша балаларға жиһазын орналастыруға көмектесулерін сұрайды.

Жиһазды орналастыра отырып, қуыршақ жиһазының мөлшеріне назар аударады және оны сүйіспеншілікпен атауды ұсынады.

- Бізде кресло, ал Машада...(кішкентай кресло).

- Бізде шкаф, ал Машада ...(кішкентай шкаф).
- Бізде үстел, ал Машада...(кішкентай үстел).
- Бізде диван, ал Машада ... (кішкентай диван).

### **2.3. Сергіту сәті.**

#### **«Жиһаз».**

Үйге қажет бәрі де,  
Киім іліп қойғанға  
Шкаф қажет әрине,  
Тамақтарды қоятын,  
Үстел керек әрине,  
Үстелге кеп отыратын,  
Орындық қажет әрине.

- Балалар, осы заттарды бір сөзбен қалай атаймыз? Жиһаздар! Жарайсыңдар!  
Өлең мәтініне сәйкес қимылдар орындайды.

**2.4.** «Не өзгерді?», «Не жетіспей тұр?» ойындарын жиһаздар мен тақырыптық суреттерді қолдану арқылы ойнауды ұсынады.

#### **«Біреу - көп» ойыны.**

### **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

Қуыршақ балаларға көмектері үшін алғыс білдіреді. Ол кіреберісте, жатын бөлмеде, ас үйде, қонақ бөлмеде қандай жиһаз бар екенін еске түсіруді ұсынады.

#### **Күтілетін нәтиже.**

Жиһаз түрлерін біледі.

Жиһаздың қызметі, қандай материалдардан жасалатынын біледі, бөлшектері туралы түсініктері кеңейеді.

Зат есімдерге қосымшаларды жалғауды меңгереді.



**Тақырыбы: Солтүстік және ыстық елдердің жануарлары.**

**Өтілетін мерзімі: 23-24.02.2023ж**

## **ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ**

Балалардың ұғымындағы Солтүстік және ыстық елдерді мекендейтін жануарлар туралы түсініктерін бекіту, олардың сыртқы түрі, әдеттері туралы білімдерін бекіту. Сын есімдерді зат есімдермен үйлестіруді үйрету; сын есімдерді қолдануды үйрету. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Жануарларға сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Жер шары, құрлықтар, Антарктида, Африка, Австралия, Солтүстік полюс.

**1. Көрнекілік материалдар:** Солтүстік және ыстық елдердің жануарлары бейнеленген суреттер.

**2. Үлестірмелі материалдар:** Глобус.

## **ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ**

### **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**1.1.** Жабайы жануарды атаған балаға отыруды ұсынамын. Балалар жабайы жануарды атайды және орындарына отырады.

### **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**2.1. Логопед топқа глобус ойыншығын әкеледі және оны қарастыруды ұсынады.**

- Балалар, бұл жер шарының кішірейтілген түрі. Онда құрлықтар мен мұхиттар бейнеленген. Жер бетіндегі әртүрлі елдер қайда орналасқанын осы глобустан көре аламыз.

Логопед балаларға Қазақстан, Антарктида, Солтүстік полюс, Африка, Австралия қай жерде орналасқанын көрсетеді.

Логопед Антарктида, Солтүстік полюс, Африка, Австралия сияқты жерлерде Қазақстанда кездеспейтін жануарлар мекендейтінін айтады.

Солтүстік пен Антарктидадағы жабайы жануарлардың суреттерін көрсетеді (сойдақтісті (морж), итбалық, бұғы, ақ аю, пингвин). Олардың суреттерін қарастыруды ұсынады.

Логопед балаларға осы жануарлардың немен қоректенетінін және әдеттерін айтады.

**2.2. Сұрақтарға сөз тіркестерімен жауап беруді ұсынады.**

- Бұл не? Бұғының мүйіздері, аюдың тұмсығы.

- Не жоқ? Бұғының мүйіздері, аюдың тұмсығы.

- Неге қуанды? Бұғының мүйіздеріне, аюдың тұмсығына.

- Біз не туралы айтып тұрмыз? Бұғының мүйіздері, аюдың тұмсығы туралы.

**2.3. Сергіту сәті.**

**«Жануарлардың қимылдарына еліктеу».**

Жануарлардың қимылдарын келтіреді.

**2.4. «Ненің? Ненікі?» дидактикалық ойыны.**

(Пингвиннің тұмсығы, бұғының ізі, итбалықтың тұмсығы, аюдың табаны және тағы басқа.)

Сұрақтың жауабын грамматикалық дұрыс түрде құрастырады.

**2.5.** Логопед ыстық елдердің жануарлары бейнеленген суреттерді көрсетеді, балалардан оларды атауды ұсынады.

- Түнде Африкада бәрі ұйықтап жатады, кенеттен найзағай жарқылдағандай болды. Бұл аң аулауға шыққан арыстан еді. Арыстан күндіз ұйықтайды, ал түнде аң аулайды. Ол жасырынбайды, тура шабуыл жасайды.

- Балалар, арыстан сөзі орыс тілінде лев деп аталады.

- Бұл түйеқұс. Түйеқұс құс болса да, ұшып кете алмайды. Бірақ ол өте жылдам жүгіреді. Аяқтары күшті, есту және көру қабілеті жақсы. Түйеқұс қорыққанда басын құмға жасырады. Түйеқұстың ұясы құмдағы тесік, ол оған жұмыртқа салады. Түйеқұс жұмыртқадан шығады.

### **Көркемсөз.**

#### **Қадыр Мырза Әлі «Түйеқұс».**

Қиын оны көлік деу,

Қом артып, жүк тиемес.

Түйеге жүр еліктеп,

Бірақ та ол түйе емес. Болса дағы санатта,

Құстың ісін істемес.

Бар құйрық та, қанат та,

Ұшатын да құс емес. Әрі түйе, әрі құс

Болам деп, бос шатылған:

Ақырында ол байғұс

Түйеқұс деп аталған.

#### **Көмек Ыбыраев «Зебра».**

Қане, қатар тұрайық.

Ән салу бар ойымда.

Жолақтары лайық.

Нота жазып қоюға. - Зебра Африканың жазық даласын мекендейді. Зебраның терісіндегі жолақтар ақ және қара түстен тұрады. Әр зебраның жолақтары ұқсас болғанымен, ешқайсы бірдей емес. Зебра жыртқыш аңдардан жылдам қашып құтылады.

- Қолтырауындар суда да, құрлықта да өмір сүре алады. Ол суық мезгілде ұйықтап, қазып алған індерінде жатады. Ыстық уақытта демалу үшін жағаға шығып, күннің көзінде ұйықтайды.

- Қараңдаршы, балалар, қай аң жүгіріп келе жатыр? Бұл кенгуру. Кенгуру биікке секіреді. Ол артқы аяқтарын жерден итеріп, үлкен қадаммен секіріп жүреді. Оның құйрығы тепе-теңдікті сақтау үшін керек және руль сияқты жұмыс істейді. Кенгуру алдыңғы кішкентай аяқтарымен өзі қоректенетін өсімдіктердің тамырларын қазып алады.

**3. Қорытынды:** Балаларға «Не жоқ?» ойынын ойнауды ұсынамын. Балаларға көздерін жұмғызады. Логопед суреттердің бірін алып қояды. Балалар көздерін ашқанда қай жануардың суреті жетіспей тұрғанын айтады.

### **Күтілетін нәтиже.**

Солтүстікте және ыстық елдерде мекендейтін жабайы жануарларды біледі.

Солтүстікті және ыстық елдерді мекендейтін жабайы жануарлардың тіршілік етуі туралы түсініктері болады.

Сын есімдерді зат есімдермен үйлестіруді; сын есімдерді қолдануды үйренеді.

**Тақырыбы: Солтүстік және ыстық елдердің жануарлары. (Жалғасы)**  
**Өтілетін күні: 27-28.02.2023ж**

## **ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ**

Балалардың ұғымындағы Солтүстік және ыстық елдерді мекендейтін жануарлар, олардың сыртқы түрі, әдеттері туралы білімдерін бекіту. Жануарлар мен олардың төлдерінің негізгі атауларын, олардың қай жерде тұратынын, немен қоректенетіні, қалай қозғалатынын үйрету; сын есім мен үстеудің жасалуы. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Жануарларға сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Шаналар (нарты), метрлер, азулар, тұмсық, жал, мүйіз, тістер, Оңтүстік, Солтүстік.

**1. Көрнекілік материалдар:** Солтүстікті және ыстық елдерді мекендейтін жануарлар бейнеленген суреттер.

## **ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ**

### **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**1.1.** Солтүстікті немесе ыстық елдерді мекендейтін жануарларды атаған балаларға отыруды ұсынамын. Балалар жануарды атайды және орындарына отырады.

### **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**2.1.** Балаларға Солтүстікті және ыстық елдерді мекендейтін жануарлар бейнеленген бір суретті үстелден алып, тақтаға орналастыруды ұсынады.- Солтүстікте қыс мезгілі өте суық, аязды болады.

- Күндер қандай? (Аязды, суық.)

- Солтүстіктегі полярлық түн кезінде далада күндіз де, түнде де қараңғы болады.

- Солтүстік полярлық түн кезінде күндер мен түндер қандай? (Қараңғы).

- Аңшы бұғыларды асқан ептілікпен ұстап алды. Қандай аңшы? (Епті аңшы.)

- Иттер шананы жылдам сүйрейді.

- Иттер жегілген шаналар қалай жүреді? (Жылдам.)

Логопед балаларға керіктің (жираф) суретін қарастыруды ұсынады.

- Қараңдаршы, балалар, қандай жануар келе жатыр? Керік. Жарайсыңдар! Бұл жануардың бойы өте биік! Оның мойны өте ұзын.

- Балалар, барлық керіктер неге сондай маңғаз көрінеді?

- Керіктің биіктігі екі қабатты үйге ұқсайды, оның биіктігінің жартысы мойнының ұзындығынан болады.

- Керікке осындай ұзын мойын неге керек деп ойлайсыңдар? (Биік ағаштардан жапырақтарды оңай жұлып алу үшін.)

- Керіктің түсі қандай?

- Керіктің баласы - керіктің құлыны.

- Жолбарыстың керікке жақындағанын ешкім көрген жоқ. Неліктен? (Жолбарыс аяғын ақырын басып, жасырынып келе жатыр.)

- Жолбарыс өте жақсы жүзе алады, алысқа секіре алады. Ол өте қатты ырылдайды.

- Жолбарыстың күшігін қалай атайды? Шөнжік. Жарайсыңдар!

- Енді қарасақ, суда терісі жылтыр, кішкентай құлақтары бар, апандай үлкен аузы және үлкен азу тістері бар жануар пайда болды. Бұл не? (Қолтырауын.)

### **2.2. Сергіту сәті.**

### **«Жануарлардың қозғалысына еліктеу».**

Логопед балалардан ыстық елдерде мекендейтін жануарлар қалай қозғалатынын көрсетуді ұсынады. (Арыстан, керік, маймыл және тағы басқа.)

**2.3.** - Міне, тағы бір алып. Бұл мүйізтұмсық.

Мүйіздері өте көп.

Хайуанаттар бағында және орманда.

Барлығының басында мүйіздер бар.

Ал оның тек мұрнында бар.

- Мүйізтұмсық өте үлкен. Ұзындығы екі-төрт метрге дейін. Оның денесі қалың терімен жабылған. Оның жолына тұруға болмайды. Ашулы кезде мүйізтұмсық өте қауіпті. Бірақ оның көздері нашар көреді. Күндіз мүйізтұмсықтар бүйіріне жатып ұйықтайды, ал түнде серуендеуге барады. Мүйізтұмсық жапырақтар мен шөптердің, өсімдік тамырларын жейді.

Мүйізтұмсықтардың немен қоректенетінін айтады.

**2.4. Пілдің суретін қарастыруды ұсынады.** Балаларға пілдердің немен қоректенетіні және қалай өмір сүретіні туралы айтамын.

### **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

балаларға «Не жоқ?» ойынын ойнауды ұсынамын. Балаларға көздерін жұмғызады. Логопед суреттердің бірін алып қояды. Балалар көздерін ашқанда қай жануардың суреті жетіспей тұрғанын айтады.

### **Күтілетін нәтиже.**

Солтүстікті және ыстық елдерді мекендейтін жабайы жануарлар мен олардың төлдерін біледі.

Солтүстікте және ыстық елдерде мекендейтін жабайы жануарлардың тіршілік етуі туралы түсініктері бар.

Сын есімдер мен үстеулерді қолдануды меңгереді.

## Тақырыбы:Үй жануарлары

Өтілетін күні:01-03.03.2023ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балаларды үй жануарлары, олардың сыртқы түрі және әдеттерімен таныстыруды жалғастыру. Көмектес септігіндегі зат есімдердің жекеше және көпше түрін; сын есімдерді және зат есімдерге еркелету, кішірейту мағыналарын беру арқылы қолдануды үйрету. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту; жануарларға сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:**Құйрығы, мүйізі, табаны, тұяғы, жалы, жүн (түк); сиыр қора, шошқа қора, мал қора, үйшік, қой қора, ат қора.

**1. Көрнекілік материалдар:**Үй жануарларының суреттері.

**2. Үлестірмелі материалдар:**«Қай аң не жейді?» ойынының атрибуттары.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

**1.1.** Жануарды атайтын балаға отыруды ұсынамын. Балалар жануардың атын атап, орындарына отырады.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**2.1.** - Балалар, орманда тұратын жануарларды бір сөзбен қалай атауға болады? Жабайы аңдарды атауды ұсынады.

Балаларға жануарлар тұратын қоралар қалай аталатынын және олардың немен қоректенетінін еске түсіруді ұсынады.

- Адамның қасында тұратын жануарларды бір сөзбен қалай атауға болады?

Үй жануарларын орыс және қазақ тілдерінде атауды ұсынады.

«Ит» сөзін ағылшын тілінде атайды.

Тақтаға үй жануарлары бейнеленген суреттерді қояды.

- Балалар, бүгін біз не туралы айтамыз? Қалай ойлайсыңдар?

#### 2.2. «Бір-көп» дидактикалық ойыны.

- Біз ... (жылқы туралы, жылқылар туралы, сиыр туралы, сиырлар туралы, ит туралы, иттер туралы және тағы басқа) сөйлесеміз.

- Барлық жануарлардың қандай ортақ белгілері бар?

#### 2.3. «Ненің құйрығы, ненің аяғы?» дидактикалық ойыны.

Құйрық иттікі - иттің құйрығы.

Құйрық мысықтыкі - мысықтың құйрығы.

Құйрық сиырдыкі - сиырдың құйрығы.

Құйрық жылқыныкі - жылқының құйрығы.

Құйрық ешкінікі - ешкінің құйрығы.

#### **2.4. «Сөйлемді аяқта» дидактикалық ойыны.**

Сиыр қорада тұрады ...

Қой қорада тұрады ...

Шошқа қорада тұрады ...

Ат қорада тұрады ...

Ит үйшікте тұрады ...

Үйде адаммен бірге .... тұрады.

**2.5.** - Адамдар үй жануарларының үстін тазартады, жуады. Оларға жем-шөп береді, қоректендіреді.

#### **«Қай жануар, немен қоректенеді?» дидактикалық ойыны.**

Жануардың не жейтіні туралы картаны тиісті жануарға сәйкестендіріп таңдайды.

**2.6.** - Адам үй жануарларына қамқорлық жасап қана қоймайды. Біз оларды жақсы көреміз, оларға жанымыз ашиды.

#### **«Еркелетіп ата» дидактикалық ойыны.**

Құлын - құлыным, құлыншағым.

Тай - тайым.

Бұзау - бұзауқан.

Қозы - қоңыр қозым.

### **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

#### **«Не өзгерді?» ойыны.**

Балалардың алдына үй жануарларының суреттерін тізіп қоямын. Балалар суреттерге мұқият қарайды. Логопед балалардан теріс қарап тұруларын өтінеді. Осы кезде суреттердің арасынан бір жануарды алып тастайды. Балалар қайтадан қарағанда қай жануардың суреті жетіспей тұрғанын айтады.

#### **Күтілетін нәтиже.**

Үй жануарларын біледі.

Үй жануарларының сыртқы бейнесі және мекен ету ортасы туралы түсініктері болады.

Көмектес септігіндегі зат есімдердің жекеше және көпше түрін; сын есімдерді және зат есімдерге еркелету, кішірейту мағыналарын беру арқылы қолдануды меңгереді.

## Тақырыбы: Үй жануарлары. Жалғасы

Өтілетін күні: 06-07.03.2023ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балалардың ұғымындағы үй жануарлары және олардың тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. Ілік септігіндегі зат есімдерді құрауды, дыбыстық еліктеу арқылы етістіктерді құрауды, зат есімдерге еркелету және кішірейту мағынасын беріп айтуды үйрету. Синонимдерді таңдауды жаттықтыру. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Жануарларға сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Құйрығы, мүйізі, табаны, тұяғы, жалы, жүн (түк); сиыр қора, шошқа қора, мал қора, үйшік, қой қора, ат қора.

**1. Көрнекілік материалдар:** Үй жануарларының суреттері.

**2. Үлестірмелі материалдар:** «Қай жануар немен қоректенеді?» ойын атрибуттары.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

**1.1.** Балалардан ит, мысық, сиыр, қой, ешкі және тағы басқалары қалай дыбыстайтынын көрсетуді сұраймын. Балалар жануарлардың дауыстарына еліктейді.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**2.1.** Балаларға қонаққа әже келді. Ол балалардан ауылда қандай үй жануарлары болатынын сұрайды.

Үй жануарларының суреттері қойылған. Балалар, бүгін біз не туралы айтамыз? Үй жануарлары туралы айтамыз. Жарайсыңдар!

- Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекеттің басында үй жануарларына еліктеп, әртүрлі дыбыстарды шығардық.

- Дәулет, сен қандай жануардың дауысын салдың?

- Ит. Ап-ап. Ит абалап үреді.

- Маржан, сен қайндай үй жануарының дыбысына еліктедің?

- Сиыр. Мө-мө. Сиыр мөңірейді.

- Дұрыс айтасыңдар, балалар!

Балалар сөйлемді дұрыс грамматикалық түрде аяқтайды.

**2.2.** - Әже өз ауылындағы жануарларды жақсы көре ме? Қалай ойлайсыңдар?

**«Еркелетіп ата» дидактикалық ойыны.**

Құлын - құлыным, құлыншағым.

Тай - тайым.

Бұзау - бұзауқан.

Қозы - қоңыр қозым, қошақаным.

**2.3. «Не жоқ?» ойыны.**

Балалардың алдына үй жануарларының суреттерін тізіп қояды. Балалар суреттерге мұқият қарайды. Логопед балалардан теріс қарап тұруларын өтінеді.

Осы кезде суреттердің арасынан бір жануарды алып тастайды. Балалар қайтадан қарағанда қай жануардың суреті жетіспей тұрғанын айтады.

#### **2.4. «Сөйлемді аяқта» дидактикалық ойыны.**

Мысық ... (тышқан аулайды, мырылдайды, мияулайды).

Ит ... (үйді күзетеді, абалайды, үреді).

Жылқы ... (қымыз береді, құлындайды, шапқылайды, жайылады, шөп жейді).

Ешкі ... (жүн береді, сүт береді, лақтайды, шөп жейді).

Шошқа - қорсылдайды.

Сиыр ... (сүт береді, май-қаймақ береді, бұзаулайды, жайылады, шөп жейді).

#### **2.5. Әже балаларға жануарларды тамақтандыруға көмектесуді ұсынады.**

##### **«Қай жануар, немен қоректенеді?» дидактикалық ойыны.**

Жануардың не жейтіні туралы картаны тиісті жануарға сәйкестендіріп таңдайды.

Жануарларды және олар қорек ететін затты тауып, бір-біріне сәйкестендіріп қою керек.

#### **2.6. «Менің жануарым» ойыны.**

Балаларға үй жануарларының қасиеттеріне қарай (сыртқы кейпі, беретін пайдасы сияқты қасиеттері) басқа атаулар ойлап табуды ұсынады.

Сиыр - ... (зеңгі, мөшке (*сүтті сауын сиыр*), ірі қара, сиыр, қара мал).

Мысық - .... (мырыл, мияу, аппақ, марғау).

Жылқы - .... (жүйрік, тұлпар, көркем, дүлдүл).

Бұзау - ... (бұзауқан, торпақ, бұзау).

Түйе - ... (нар, аруана, ойсылқара).

Балалар синонимдерді таңдап, жануарды басқа сөзбен атайды.

### **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

Әже балалармен қоштасады және ойын ойнауды ұсынады.

#### **«Қызық-ай!» саусақ ойыны.**

Балалар әжемен қоштасады. Саусақ гимнастикасын орындайды.

Күлкілі, әрі қызық-ай! (екі қолды жан-жаққа жайып, иықтарын жоғары көтереді, бастарын шайқайды)

Қой қағып тұр қақпаны (сөз ырғағына сәйкес аяқтарын жұдырықпен ақырын соғады)

Теуіп және сүзіп-ай (аяқтарын топылдатады, «мүйіз» жасап көрсетеді)

Қой қағып тұр қақпаны. (сөз ырғағына сәйкес аяқтарын жұдырықпен ақырын соғады)

Күлкілі, әрі қызық-ай! (екі қолды жан-жаққа жайып, иықтарын жоғары көтереді, бастарын шайқайды)

Аша алмады бұзып-ай, (сөз ырғағына сәйкес аяқтарын жұдырықпен ақырын соғады)

Басын ауыртты, тапқаны (жерді топылдатады)

Күлкілі, әрі қызық-ай! (екі қолмен бастарын сипайды, иықтарын көтереді)

Қой қағып тұр қақпаны (сөз ырғағына сәйкес аяқтарын жұдырықпен ақырын соғады)

Соғар қойдың өзін-ай (қабағын түйіп, сұқ саусақты жоғары көтереді)

Табылар ма жан, қане! (екі қолды жан-жаққа жайып, иықтарын жоғары көтереді, бастарын шайқайды)

#### **Күтілетін нәтиже.**

Үй жануарларын біледі.

Үй жануарларының тіршілігі туралы түсініктері болады.

Ілік септігіндегі зат есімдерді құрауды, дыбыстық еліктеу арқылы етістіктерді құрауды, зат есімдерге еркелету және кішірейту мағынасын беріп айтуды меңгереді. Синонимдерді таңдауға жаттығады.



## Тақырыбы: Ағаштар

Өтілетін күні: 09-10.03.2023ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

«Ағаштар» жалпылауыш сөзін бекіту. Ілік септігіндегі зат есімнің жекеше және көпше түрін құрауды, зат есімдерге еркелету және кішірейту мағынасын беріп айтуды үйрету. Ағаштың құрылымы туралы білімді бекіту. Заттық сурет, аналогия бойынша сипаттамалық әңгіме құрастыруды үйрету. Көру және есту зейінін дамыту. Табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Емен жаңғағы, шырша бүршігі, сырғалар.

**1. Көрнекілік материалдар.** Ағаштар мен олардың жемістерінің суреттері.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

**1.1.** Сөздер тізбегін еске сақтап, қайталайтын балаларға орындарына отыруды ұсынады: қайың - үйеңкі - терек; ағаш - дің - бұтақ; емен - шырша - үйеңкі; тамырлар - жапырақтар - дің және тағы басқа. Балалар сөздер тізбегін қайталайды.

- Балалар, «ағаш» сөзін орыс тілінде қалай айтамыз?

- «Ағаштар» сөзін қалай айту керек?

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**2.1. Сұрақтар бойынша әңгімелесу.**

- Сендер қандай ағаштарды білесіңдер?

- Ағаштар қайда өседі?

- Орман қандай болады?

- Олар неге осылай аталады?

Сұрақтарға жауап береді.

**2.2. «Ненің жемісі?» дидактикалық ойыны.**

Балаларға сөйлемдерді аяқтауды ұсынамын.

Жаңғақ (емен) ағашында өседі.

Шетеннің шоғы (шетен) ағашында өседі

Сырғалар (қайыңда) өседі. Алма (алма) ағашында өседі.

**2.3. «Еркелетіп ата» дидактикалық ойыны.**

Шырша-шыршам, қарағай-қарағайым, қайың-қайыңым, ине-инем, бұтақ - бұтағым, бүршік - бүршігім және тағы басқа.

Балалар сөздерге еркелету және кішірейту мағынасын беріп айтады.

**2.4. «Көпше түрде ата» дидактикалық ойыны.**

Менде бір шырша бар, ал сенде (менде көп шыршалар бар) және тағы басқа.

Менің ауламда бір емен бар, ал сенің аулаңда ...

(Емен, қайың, терек, үйеңкі, самырсын, шетен)

Балалар сөздердің көпше түрін айтады.

## **2.5. Сергіту сәті. «Жел».**

Бетімізге жел соғады,

Тербеледі ағаштар.

Тына қалса қатты жел,

Тоғай биік көрінер.

Өлең мәтініне сәйкес қимылдар жасайды.

## **2.6. Қарағайдың суретін қарастыру.**

- Ағашта не бар? (Тамыры, сабағы, бұтақтары, жапырақтары (инелері, қылқаны), жемісі)

Балаларға ағаш туралы қалай әңгімелеуге болатынын тыңдауға кеңес береді. ырша бүршігі (шыршада, қарағайда) өседі.

## **Сипаттамалық әңгіменің үлгісі.**

Бұл қарағай. Оның сабағы, бұтақтары бар. Қарағайдың діңі биік, бұтақтары ең жоғарғы жағында өседі. Жапырақтардың орнына қарағайдың қылқаны бар. Қарағай - ағаш.

Балалар ағаш туралы сипаттамалық әңгімені өздері құрастырады.

## **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

Балалардың әңгімелерін талдау және талқылау. Балалар ең қызықты әңгімені таңдайды.

## **Күтілетін нәтиже.**

Ағаштардың атауларын біледі.

Сипаттамалық әңгімені құрастыру туралы түсініктері болады.

Ілік септігіндегі зат есімнің жекеше және көпше түрін құрауды, зат есімдерге еркелету және кішірейту мағынасын беріп айтуды меңгереді. Заттық сурет, аналогия бойынша сипаттамалық әңгіме құрастыруды үйренеді.

## Тақырыбы: Орман, саябақ, шалғын.

Өтілетін күні: 13-17.03.2023ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Жемістер, жеміс ағаштары, олардың өсетін жері туралы білімдерін бекіту; жалпылауыш сөздерді бекіту, қатыстық сын есімдерді құрау дағдыларын бекіту. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту; бастапқы қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, сұрақ қоюды үйрету, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға (сөйлесуге) ынтасын дамыту. Қоршаған әлемге қызығушылық танытуға, табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Бұтақша, топырақ, бүршіктер, маринадтау, ісінеді, үрленеді.

**1. Көрнекілік материалдар:** Қысқы және көктемгі орманның, бақтың суреттері.

**2. Үлестірмелі материалдар:** Қарт орманшының суреті.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

**1.1.** Балаларға көктем мен жаздың белгілерін атауды ұсынамын. Балалар көктем мен жаздың белгілерін атайды.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**2.1.** Балаларға қарт орманшыға бару үшін орманға экскурсия жасауды ұсынамын. Балалар орманға баруға келіседі.

- Балалар, орманда не көреміз?

- Орманда қандай ағаштар өседі?

Ағаштарды орыс тілінде атауды ұсынады.

- Барлық ағаштарға ортақ қандай белгілер бар?

- Ағаштар бір-бірінен несімен ерекшеленеді? (Жапырақтың пішіні, қабығының түсі, сабағының қалыңдығы, тұқымдары мен жемістері.)

- Орманда тағы не өседі? (Бұталар, шөптер, жапырақтар, жидектер, саңырауқұлақтар.)

**2.2. Жүсіпбек Аймауытовтың «Жаз келді» өлеңін тыңдауды ұсынады.**

Күн жылынып, қар да еріп дүрілдеп,

Сай-саладан сулар ағып, күрілдеп,

Ой мен қырда басқызбайды сар балшық.

Әлем-тапырық жердің беті іріндеп.

Аспан жүзі ұшпалы бұлт сәуірдің

Жылы желі бетті сүйген тәуір күн.

Қыс қысылған көтерем мал жалғыздап,

Тұс-тұсынан шығып жатыр ауылдың.

Аунап-кунап ауасына сағынған,

Ызғар, суық ақ кебіннен арылған,

Ойдым-ойдым қара жерге көз ойнап,

Бәрі бірдей басын қойып жабылған.

Шаруалар да қуанышты күлімдеп

Ептеп өтті алты аяғы қыс күнім деп,

Балалар да лек-лек болып доп құған,

Жалаң аяқ, жалаң бас жүр дірілдеп.

Мал да, адам да не бар жандық мәз болды,

Қатар түзеп, үйрек, аққу, қаз келді.  
Жердің жүзін бейне ұрмаққа теңейтін  
Алақай, алақай-ау, жаз келді.

Логопед:

- Балалар, өлеңде жылдың қай мезгілі туралы айтылады?
  - «Көптен күткен жаз» деп неге айтамыз?
  - Өлеңде жаздың қандай белгілері сипатталған?
- Сұрақтарға жауап береді.

### **2.3. «Ортақ сөзді тап» дидактикалық ойыны.**

Төгіледі, сылдырлайды- ...(су)  
Үрлейді, гүрілдейді, шаңдатады - ...(жел)  
Жылытады, жарқырайды, қыздырады -... (күн).  
Көк, биік, таза ... (аспан)  
Балалар жалпылауыш сөздерді таңдайды.

### **2.4. Логопед балаларға бақшаға баруды ұсынады.**

- Сендер қандай жемістерді білесіңдер?
- Жемістер қайда өседі? Бақта өседі. Жарайсыңдар!
- Адамдар көктемде бақта не істейді?
- Көктемде адамдардың жұмысы көп. Ағаштардың топырағын қопсыту керек, бұтақшаларды қию керек, гүлзарларға гүлдерді отырғызу керек. Сол кезде жаз жайнап келеді, күздің астығы мол болады, қыста тоқ боламыз!

### **2.5. Сергіту сәті. «Жел үрлейді».**

Жел уілдейді у-у!  
Құйын келіп билейді зу-зу!  
Қатты, қатты жел соқты гу-гу!  
Жапырақтар қол соқты ду-ду!  
Өлең мәтініне сәйкес қимылдар жасайды.

### **2.6. «Не артық және неге?» дидактикалық ойыны.**

Қазу, отырғызу, тұздау.  
Суару, тыңайту, ойнау.  
Бау, бақша, бақ, тырнауыш.  
Балалар артық сөзді анықтап, өз таңдауларын түсіндіреді.

## **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

Балаларға балабақшаға оралуды ұсынамын.  
- Біз бүгін қайда болдық?  
- Орманда, бау-бақшада өсетін ағаштарды естеріңе түсіріңдерші?  
Балалар сұрақтарға жауап береді.

### **Күтілетін нәтиже.**

Ағаштарды, жеміс ағаштарын, жемістерді біледі.  
Орманда және бау-бақшада өсетін ағаштар туралы түсініктері болады.  
Жалпылауыш сөздерді табууды, қатыстық сын есімдерді құрауды меңгереді.

## Тақырыбы: Азық-түлік өнімдері.

Өтілетін күні: 20-24.03.2023ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Азық-түліктің негізгі атаулары, олардың неден жасалғаны, олардан не дайындауға болатыны, қай жерде сақталатыны туралы білімді бекіту. Тақырыптық және етістік сөздігін белсендіру. Балаларға антоним етістіктерді таңдауды, сюжетті суретке бойынша сөйлем құруды үйрету. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту.

Табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Булау, буланған, шалқан.

**1. Көрнекілік материалдар:** Тақырыпқа байланысты заттық суреттер.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

##### 1.1. Жақсылық шеңбері.

Достар, бері келіңдер!

Қолдарыңды беріңдер.

Шаттық толы шеңберге,

Қуанышпен еніңдер!

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**2.1.** - Балалар, бүгін таңғы асқа, түскі асқа не жедіңдер?

- Қалай ойлайсыңдар, балалар, ботқа, сорпа, котлеттер және тағы басқа тағамдар қайдан келді?

- Таңғы ас пен түскі асты кім дайындады?

- Олар қандай азық-түліктерден дайындалған?

- Аспаздар не пісіреді, не қуырады, не қайнатады?

- Борщ неден дайындалады?

Логопед балаларға аспаз бейнеленген суретті көрсетеді.

- Балалар, бүгін бізге қонаққа көңілді аспаз келді. Ол сендерді түскі асқа борщ пен нәрсу(компот) жасауға көмектесуге шақырады.

Аспаз балаларға борщ пен нәрсу қайнату үшін (компот) қажет өнімдердің суреттерін таңдауды ұсынады.

Аспаз омлет, котлет, жарма және тағы басқаны дайындау үшін қандай өнімдер қажет екенін сұрайды.

Аспаз тақырып бойынша сюжеттік суреттерді қарастыруды және оларға сөйлем құрауды ұсынады.

##### 2.2. «Үлгі бойынша ата» дидактикалық ойыны.

Картопты қуырамыз. Картоп қандай? Қуырылған картоп.

Картопты қайнатамыз. Картоп қандай? Қайнатылған картоп.

Қызылшаны қайнатамыз. Картоп қандай? Қайнатылған картоп.

Шалқанды булап пісіреміз. Ол қандай? Буланған шалқан.

Сұрақтардың жауабын дұрыс грамматикалық формада құрастырады.

### **2.3. Сергіту сәті.**

#### **«Ыдыс аяқ».**

Қолға кесе аламыз

Кесеге шай құямыз.

Ыстық шайды үрлейміз. Фу-фу!

Бәріміз шай ішеміз. (2-3 рет)

Өлең мәтініне сәйкес қимылдар жасайды.

### **2.4. «Тамақ қайда "тұрады"» дидактикалық ойыны.**

Қантсалғышта ... "тұрады".

Нансалғышта .... "тұрады".

Майсалғышта ... "тұрады".

Шайнекте ... "тұрады".

Майшабақ сауытында ... "тұрады".

Салат сауытында ... "тұрады".

Конфет сауытында ... "тұрады".

Кофе шайнегінде ... "тұрады".

Балалар ыдыстарда сақталатын тиісті өнімдердің атауларын атайды.

### **2.5. «Керісінше айт» дидактикалық ойыны.**

Ыстық - ...

Дымқыл - ...

Таза - ...

Туралған - ...

Қайнатылған - ...

Балалар мағынасы қарама-қарсы сөздерді айтады.

## **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

Балаларға саусақ гимнастикасын орындауды ұсынады.

- Табаққа су құямыз (бір қолмен табақты көрсетіп, екінші қолымен суды құяды)

- Тұз бен ашытқы қосамыз (бір қолдары табақты көрсетіп, ал екінші қолымен тұзды сепкенін көрсетеді)

- Оларды араластырамыз (екінші қолмен араластыруды көрсетеді)

- Үстіне ұн қосамыз (ұн қосып жатқанды көрсетеді)

- Қамыр илейміз (қамыр илеп жатқанды көрсетеді)

- Екі алақан арасына салып домалақтаймыз.

- Бауырсақты пісіру үшін табаға саламыз.

Балалар саусақ гимнастикасын орындайды.

Аспаз балалармен қоштасады.

### **Күтілетін нәтиже.**

Азық-түлік өнімдерін біледі.

Азық-түліктен не пісіруге болатынын, оларды қайда сақтау керектігі туралы түсініктері болады.

Антоним етістіктерді таңдауды, сюжетті сурет бойынша сөйлем құруды меңгереді.

## Тақырыбы: Ыдыс-аяқ.

Өтілетін күні: 27-31.03.2023ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балалардың ұғымындағы асхана мен асүй ыдыстары туралы білімдерін бекіту. «Екі» және «бес» сан есімдерін атау септігіндегі зат есімдермен үйлестіруге үйрету; қатыстық сын есімдерді құрауды; көмектес септігінің жалғауын жалғауды үйретуді бекіту. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Білімқұмарлыққа тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Шыны, металл, фарфор, ағаш, саз.

**1. Көрнекілік материалдар:** Ыдыс-аяқтың суреттері, қуыршақ, құмыра.

**2. Үлестірмелі материалдар:** Асүй ыдыс-аяқтары.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

**1.1.** Сөздер тізбегін еске сақтап, қайталаған балаға отыруды ұсынамын. Балалар сөздер тізбегін қайталайды және отырады.

- Балалар, бүгін не туралы сөйлесеміз деп ойлайсындар? Ыдыс-аяқ туралы. Тамаша!

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**2.1.** Топта қуыршақ пайда болады. Ол «Құмырадағы ботқа» ертегісінен келгенін айтады.

- Балалар, бұл ертегіні кім біледі?

- Қыз құмыраны қайдан алды?

- Құмырада не дайындалды?

- Тағы қандай ыдыстарды білесіңдер?

Логопед тақтаға ыдыс-аяқ бейнеленген суреттерді қояды. Балалар суреттерді қарастырады.

**2.2. «Сөздерді үлгі бойынша өзгерт» дидактикалық ойыны.**

Балалар сөздерді үлгі бойынша өзгертеді.

Бір кесе - екі кесе, бір қасық - ..., бір шанышқы - ..., бір стақан - ..., бір шыныаяқ - ..., бір шелек - ..., бір табақ - ..., бір құмыра - ..., бір тәрелке - ..., бір құмыра - ..., бір қазан - ..., және тағы басқа.

**2.3.** Қуыршақ оның құмырасы саздан жасалғанын айтады. Саз құмыра.

- Балалар, бұл ыдыс-аяқтың неден жасалғанын білесіңдер ме?

**«Сөйлемді аяқта» дидактикалық ойыны.**

Стақан шыныдан жасалған - шыны стақан, пышақ темірден жасалған - ..., кесе форфордан жасалған - ..., оқтау ағаштан жасалған - ..., науа пластиктен жасалған - ... және тағы басқа.

**2.4. Сергіту сәті.**

**«Ыдыс-аяқ».**

Қолға кесе аламыз

Кесеге шай құямыз.

Ыстық шайды үрлейміз. Фу-фу!  
Бәріміз шай ішеміз. (2-3 рет)  
Өлең мәтініне сәйкес қимылдар жасайды.

**2.5.** Қуыршақ балаларға ботқаның ұнағаны туралы сұрайды және кешкі асқа дастарқан жаюды ұсынады.

**«Түскі асқа дастарқан жаямыз» дидактикалық ойыны.**

Балаларға түскі асқа қажетті ыдыс-аяқтарды үстелге қоюды ұсынамын. Балалар өз іс-әрекеттерін сөзбен сүйемелдеп айтуын қадағалайды. Мысалы: «Қасықтың қасына ... (нені?) қояды.»

Балалар түскі асқа қажетті ыдыс-аяқ түрлерін таңдап, оларды үстелге тізіп қояды.

**2.6. «Не өзгерді?» ойыны.**

Балалардың алдына бірнеше ыдыс-аяқ түрін қояды. Балалар қойылған ыдыстарға мұқият қарайды. Логопед балалардың теріс қарауларын өтінеді. Осы кезде логопед ыдыстардың орнын ауыстырады. Балалар қайтадан ыдыстарға қарайды, қай ыдыстың орны ауысқанын табады.

### **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

**Қоштасу шеңбері.**

Балаларға қуыршақпен қоштасуды ұсынамын.

Балалар қуыршақпен қоштасып, оны қонаққа тағы да шақырады.

**Күтілетін нәтиже.**

Ыдыс-аяқ түрлерін біледі.

Асхана және асүй ыдыстары туралы түсініктері болады.

«Екі» және «бес» сан есімдерін атау септігіндегі зат есімдермен үйлестіруді үйренеді; қатыстық сын есімдерді құрауды; көмектес септігінің жалғауын жалғауды меңгереді.



**Тақырыбы:Адамның дене мүшелері. Жеке бас тазалығына қажетті заттар.**

**Өтілетін күні:03-07.04.2023ж**

## **ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ**

Адамның дене мүшелері, олардың қызметі туралы білімдерін бекіту; зат есімдерді сан есімдермен үйлестіруді, зат есімдердің көпше түрін құрау дағдысын жаттықтыру. Зейін, еске сақтауды дамыту. Білімқұмарлыққа тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:**Білезік сүйек, шынтак, мұрын, жіліншік, табан, тобық, шүйде, сырғалық.

**1. Көрнекілік материалдар:** Қыз бен ұл бейнеленген сурет, адамның дене мүшелері бейнеленген суреттер, ғажайып дорба.

**2. Үлестірмелі материалдар:**Жеке бас тазалығына қажетті заттар: сүлгі, тіс щеткасы, сабын, тіс пастасының түтігі, жөке, сусабыны бар бөтелке, тарақ, бет орамал.

## **ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ**

### **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**1.1.** Балаларға секіруді, топылдатуды, шапалақтауды ұсынамын. Балалар нұсқауларды орындайды.

### **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

#### **2.1. Жұмбақ шешу.**

Көреді бәрін өзгенің,  
Көрмейді бірақ өздерін. (Көз.)

Дәу үңгірдің қақпасы,  
Жабылады, ашылып,  
Жоқ болса да топсасы. (Ауыз.)

Алқапта бар биік тау,  
Алды тік жар қиық тау.  
Қос үңгірі желдетіп,  
Ауа жұтар селдетіп. (Мұрын.)

Шыңда бар орман,  
Құсы жоқ қонатын.  
Тек қана қолмен,  
Шөбі көп оратын. (Шаш.)

Құрамалы сырық,  
Берсең ырық.  
Кетесің тұрып,  
Барасың жүріп,  
Қаласаң,  
Отырасың бүгіп. (Аяқ.)

**2.2.** - Қалай ойлайсындар, балалар, біз бүгін не туралы сөйлесеміз?

Адамның дене мүшелерін орыс тілінде атауды ұсынады.

- Барлық адамдарда ортақ не бар?

- Біз бір-бірімізге ұқсаймыз ба? Қай жеріміз ұқсайды?

Балаларға шаштың, көздің түстері мен ұзындығын атауды ұсынамын.

- Біз тағы немен ерекшеленеміз?

Ол ұлдарға көк жалаудың қасына, ал қыздарға қызыл жалаудың қасына тұруды ұсынады. Кімнің көп екенін айтуларын сұрайды. Қыздар көп пе, ұлдар көп пе?

- Біз адамға қарағанда бірінші кезекте нені байқаймыз? (Адам туралы.)

Балаларға суретке қарап, адамның беті мен дене мүшелерін атауды ұсынамын.

Нақтылайды: басының артқы жағында шүйде бар, жоғарыда – төбесі бар.

- Адамның басы қандай?

- Біз бір затқа немесе оқиғаға қатты таңырқағанда не істейміз? (Қолды екі жаққа созамыз және иығымызды көтереміз.)

Иықтарды көрсетуді ұсынады.

- Артымызда арқамыз бар, ал алдымызда не бар?

Аяқ бөліктерінің атауын нақтылайды.

**2.3.** Топта Карлсон пайда болады. Карлсон өзімен бірге ғажайып дорба алып келді.

Дорбада не бар екенін (сүлгі, тіс щеткасы, сабын, тіс пастасының түтігі, жуғыш зат, сусабын бар бөтелке, тарак, бет орамал) сыртынан ұстап айтуды ұсынады.

Карлсон әкелген заттарды жеке және басқа адамдар пайдалана алатын заттарға бөлуді ұсынады.

Карлсон қателіктері бар тапсырмаларды ұсынады.

**2.4. «Қатені тап» дидактикалық ойыны.**

- Қолмен секіреді, ал аяқты тигізеді.

- Олар көзімен жейді, аузымен тыңдайды.

- Аяқпен шапалақтайды, ал қолмен топылдатады.

- Тырнақпен алады, ал қолмен тырнап алады.

**2.5.** Карлсон балаларға сұрақтарына жауап беруді ұсынады:

- Сенде қанша аяқ, қанша қол бар? Сенің қолыңда неше саусақ бар, ал екі қолыңда неше саусағың бар? Аяғыңда неше саусақ бар? Екі аяғыңда неше саусақ?

- Сенде қанша көз, құлақ, мұрын, шаш бар?

- Тауықтың, иттің қанша табаны бар? (Осы сияқты сұрақтарды қоюды жалғастыруға болады.)

**2.6. Сергіту сәті.**

**Б. Бөрібаев «Дене шынықтыру».**

Қолдарыңды көтеріңдер – бір дейік.

Көп отырып, қатты шаршап жүрмейік.

Қолды создық, басты бұрдық – екі деп,

Қозғалыспен әрбір адам жетіледі.

Алға, артқа қарадық та – үш дедік.

Тағы жаңа жаттығулар істедік.

Түсірейік қолды төрт пен бесті айтып,

Отырайық көңілді енді марқайтып.

Балалар өлең мәтініне сәйкес қимылдар жасайды.

## **2.7. «Бір - көп» дидактикалық ойыны.**

Маңдай - маңдайлар, ауыз - ауыздар, шынтақ - шынтақтар, мұрын - мұрындар, көз - көздер, құлақ - құлақтар, шеке-шекелер, қас - қастар, бүйір - бүйірлер, саусақ - саусақтар.

## **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

Балаларға тақпақты мәнерлеп оқимын. Балалар мұқият тыңдап, тақпақта аталған дене мүшелерін көрсетуді ұсынамын

### **Көркемсөз.**

**Абдрахман Асылбек «Дене мүшелері».**

Екі аяғың сау болса,  
Асулардан асарсың.  
Екі қолың сау болса,  
Жақсы заттар жасарсың.  
Екі көзің – шырағың,  
Көру үшін жаралған.  
Естіп екі құлағың,  
Тәтті әуеннен нәр алған.  
Иістерді, ал, мұрын  
Сезу үшін жаралған.  
Көмейдегі бал тілің  
Сөзің үшін жаралған.  
Ең мықтысы басың ғой,  
Ақыл үшін жаралған.  
Ақтарса ол асыл ой,  
Орындалар бар арман.

### **Күтілетін нәтиже.**

Адамның дене мүшелерін біледі.

Адамның дене мүшелерінің қызметі туралы түсініктері болады.

Зат есімдерді сан есімдермен үйлестіруді, зат есімдердің көпше түрін құрауды меңгереді.

**Тақырыбы: Адамның дене мүшелері. Жеке бас тазалығына қажетті заттар. (Е. Пермяктің «Қолдар не үшін керек?» әңгімесін кейіпкерлердің жалпақ бейнесіне сүйеніп мазмұндау.)**

**Өтілетін күні: 10-14.04.2023ж**

## **ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ**

Адамның дене мүшелері туралы білімдерін бекіту. Көрнекілік түрінде әңгіме кейіпкерлерінің жалпақ бейнелерін қолдану арқылы әңгімені байланыстыра мазмұндауды үйрету. Балаларға оқылған шығарманың мазмұны бойынша толық және мәнерлі жауаптар құруды үйрету. Ойлау мен қиялды, эмоционалды ықыластылықты, көрнекілік түрінде әңгіме кейіпкерлерінің жалпақ бейнелерін таңдауда еске сақтауды дамыту. Ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықты тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Шынтақтар, тырнақтар, қолбасы, өкшелер, қызыл асық (щиколотка), жіліншік, табан, желке, төбесі.

**1. Көрнекілік материалдар:** Әңгіме кейіпкерлерінің жалпақ бейнесі.

**2. Үлестірмелі материалдар:** Әңгіме мәтіні, сәлемдеме, қуыршақ, хат.

## **ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ**

### **1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**

**1.1.** - Балалар, сендерге сәлемдеме жіберілді. Оның қайдан келгені түсініксіз болып тұр. Онда не бар екенін көрейік пе?

Балалар сәлемдемені ашады.

Сәлемдеменің ішінен хат пен қуыршақты алып шығады. Хатты оқиды. Хаттың мәтіні: «Балалар, сендер әртүрлі ойыншықтармен ойнағанды ұнататындарыңды білеміз. Біз сендерге Айгөлек қуыршағын жібердік. Ойнаған кезде бізді еске алыңдар. Кіші топ.» Логопед балаларға хатты оқып береді. Балалар мұқият тыңдайды.

### **2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**2.1. Балаларға қуыршақты қарастыруды ұсынамын.-** Балалар, қуыршақ қандай бөліктерден тұрады?

- Қуыршақтың басында не бар?

- Бетінде не бар?

- Бас денеге қалай қосылады?

- Қолдары, алақандары, шынтақтары мен қолбасының құрылысы қандай?

- Аяқтарының құрылысы қандай?

- Ал мынау не? (Арқа, кеуде, іш.)

- Айгөлек өте сұлу қуыршақ! Біздің қуыршақтардың бәрі әдемі! Олар кімге ұқсайды?

- Қуыршақтың адамға қай жері ұқсайды?

- Қуыршақтың адамнан қандай айырмашылығы бар?

- Біздің аяқ-қолдарымыз, басымыз не істейді?

**2.2. «Қатені тап» дидактикалық ойыны.**

- Қолмен секіреді, ал аяқты тигізеді.

- Олар көзімен жейді, аузымен тыңдайды.

- Аяқпен шапалақтайды, ал қолмен топылдатады.

- Тырнақпен алады, ал қолмен тырнап алады.

Балалар қате ұғымдарды түзетеді.

**2.3.** Логопед балаларға Е. Пермяктің «Қолдар не үшін керек?» әңгімесін мұқият тыңдап, әңгіме кейіпкерлерінің бейнесін тақтаға орналастыруға көмектесуді ұсынады.

- Атасы немересінен не туралы сұрады?

- Петя оған не деп жауап берді?

- Адамға қолдар тағы не үшін керек?

Логопед балаларға суреттерді қарастыруды және оларды әңгімедегі оқиғалардың ретімен қоюды ұсынады. Балалар кейіпкерлердің суреттерін әңгімедегі оқиғалардың реті бойынша орналастырады, мысалы: атасы, немересі, доп, қасық, мысық және тағы басқа.

## **2.4. Сергіту сәті.**

**Б. Бөрібаев «Дене шынықтыру».**

Қолдарыңды көтеріңдер – бір дейік.

Көп отырып, қатты шаршап жүрмейік.

Қолды создық, басты бұрдық – екі деп,

Қозғалыспен әрбір адам жетіледі.

Алға, артқа қарадық та – үш дедік.

Тағы жаңа жаттығулар істедік.

Түсірейік қолды төрт пен бесті айтып,

Отырайық көңілді енді марқайтып.

Балалар өлең мәтініне сәйкес қимылдарды орындайды.

**2.5.** Балаларға әңгімені тағы бір рет тыңдауды ұсынамын (қайталап айту үшін).

Модельдердің көмегімен оқиғаны қайталауды ұсынады. Балаға нұсқаушы сұрақтарды қоямын. Әңгімені мұқият тыңдайды.

Балалар кейіпкерлердің жалпақ бейнелеріне сүйене отырып, оқиғаны өз бетінше баяндайды.

**3. ҚОРЫТЫНДЫ:** Балаларға ең жақсы мазмұндауды таңдауды ұсынамын. Талдау кезінде мазмұндаудың толықтығы, мазмұнды беру дәйектілігі, мәтін мағынасына сәйкестігі сияқты қасиеттері атап өтіледі. Сөздер мен сөз тіркестерін қолданудағы жіберілген қателіктерді толықтырып, түзетіп отырған балаларды мақтайды. Балалар ең жақсы мазмұндауды таңдайды.

## **Күтілетін нәтиже.**

Адамның дене мүшелерін біледі.

Адамның дене мүшелерінің атқаратын қызметі туралы түсініктері болады.

Көрнекілік түрінде әңгіме кейіпкерлерінің жалпақ бейнелерін қолдану арқылы әңгімені байланыстыра мазмұндауды үйренеді. Оқылған шығарманың мазмұны бойынша толық және мәнерлі жауаптар құруды меңгереді.

## Тақырыбы: Жәндіктер.

Өтілетін күні: 17-21.04.2023ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Зат есімдерге жұрнақтар арқылы еркелету және кішірейту мағынасын беруді үйрету; балалардың сөйлеу тілінде жәндіктердің атауларын, олардың мекен ету ортасы, қоректенуі, олардың не үшін қажет екені туралы білімдерін бекіту. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Тірі табиғатқа сүйіспеншілік пен адамгершілікке тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Жәндіктер, суда жүзетіндер, оттегі, алтыаяқтылар.

**1. Көрнекілік материалдар:** Көктемгі орманның суреті.

**2. Үлестірмелі материалдар:** Жәндіктер бейнеленген суреттер.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

##### 1.1. Жақсылық шеңбері.

Кел, балалар, күлейік!

Кел, балалар, күлейік!

Күлкіменен түлейік!

Қабак түйген не керек,

Көңілді боп жүрейік!

Кел, балалар, күлейік!

Күлкіменен түлейік!

Күлкі көңіл ашады,

Күліп өмір сүрейік!

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**2.1.** Балаларға қазір жылдың қай мезгілі екенін айтуларын сұрайды

- Балалар, көктемге дейін жылдың қай мезгілі болды?

- Көктемнен кейін жылдың қай мезгілі келеді?

Көктемнің белгілерін атауды ұсынады.

Көктем сөзін орыс және ағылшын тілдерінде атауды ұсынады.

Логопед балаларға орман бейнеленген суретті көрсетеді және көктемгі орманға

баруды ұсынады. Көктемде орман алқабында көптеген ғажайыптар бар. Әдемі орман ұйқыдан оянады.

- Көктемде орманда қай аңдарды көруге болады?

- Қоян, тиін, түлкі, аю, кірпі көктемді қалай қарсы алады?

- Көктемде орманда тағы нені кездестіруге болады?

- Алғашқы көктемгі гүл қалай аталады?

- Көктем көптеген кереметтер әкелді. Біреу алғашқы жасыл шөпті байқады. Біреу шалғыннан көктемнің алғашқы гүлін тапты. Құстар жылы жақтан ұшып келіп жатыр.

- Қандай құстар ұшып келді?

- Құстар неге көктем мезгілінде қайтып оралады?

##### 2.2. Суретке қарауды ұсынады.

- Шөптің үстінен не жүгіріп өтті?  
Жәндіктер бейнеленген суреттерді көрсетеді.

- Балалар, олардың қайсын білесіңдер?  
- Олардың барлығын бір сөзбен қалай атауға болады?  
- Қыста жәндіктер қайда болды?

Гүлдердің үстінен не ұшып бара жатқанына көңіл аударуды ұсынады.

- Балалар, күн жылынғанда алғашқы көктемгі гүлдер, жәндіктер пайда болады.  
Жәндіктердің атауларын орыс тілінде қайталауды ұсынады.

### **2.3. Сергіту сәті.**

**«Жәндіктер».**

Жел соғады, соғады,  
Құстар жерге қонады.  
Көбелектер тығылып,  
Дір-дір етіп тоңады.  
Жел кенеттен тынады,  
Күн де бұлттан шығады.  
Шегірткелер секіріп,  
Аралар да ұшады.  
Өлең мәтініне сәйкес қимылдарды орындайды.

**2.4.** - Жәндіктер немен қоректенеді деп ойлайсыңдар? Шөптермен, ағаштардың жапырақтарымен. Жарайсыңдар!

Қоректік заттар тізбегі: ағаштың жапырақтары, жәндіктер, құстар.  
Логопед балаларға жәндіктердің құрылымын қарастыруды ұсынады.

Суреттегі жәндіктер: ара, құмырсқа, шыбын, көбелек, қоңыз, маса.

- Балалар, суретте қандай жәндіктер бейнеленген?

Балалардың жауаптары.

- Суреттегі жәндіктердің қандай ұқсастықтары бар?

- Барлық жәндіктердің алты аяғы бар. Біз оларды алты аяқтылар деп атаймыз.

### **2.5. «Еркелетіп ата» дидактикалық ойыны.**

Балаларға жәндіктерді еркелетіп атауды ұсынады: ара - аратайым, қоңыз-қоңызым және тағы басқа.

Балалар жәндіктердің атауларын еркелету мағынасында айтады.

## **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

Логопед балаларға өлеңді тыңдауды ұсынады. Балалар өлеңді тыңдайды.

**Көркемсөз.**

**Қадыр Мырза Әлі «Құмырсқа».**

Қаламайды құмырсқа

Қаңғыруды, билеуді.

Тыным алмай, ырысқа

Толтырады илеуді.

Тапқан заты ауыр боп,

Түссе бірі әлекке,  
Қауымдасқан бауыр кеп,  
Келеді тез көмекке.  
Ауыртпалық көрмедім  
Олар алып жықпайтын.  
Қиындық аз дер едім  
Түбі жеңіп шықпайтын.  
Неге?  
Айтсақ дұрысын:  
Демей ұсақ, ірісің,  
Бірі істейді бәрі үші,  
Бәрі істейді бірі үшін!

**Күтілетін нәтиже.**

Жәндіктердің атауларын біледі, бір-бірінен ажыратады.

Жәндіктердің мекен ету ортасы, қоректенуі, олардың не үшін қажет екені туралы түсініктері болады.

Зат есімдерге жұрнақтар арқылы еркелету және кішірейту мағынасын беруді меңгереді.



## Тақырыбы: Жәндіктер. (Жалғасы)

Өтілетін күні: 24-28.04.2023ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балалардың жәндіктер туралы түсініктерін кеңейту, демеуліктерді қолдану білігін бекіту; жұрнақтардың көмегімен сөздерді түрлендіруді, күрделі сөйлемдерді құрастыруға жаттықтыру. Етістіктер сөздігін кеңейту. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Тірі табиғатқа сүйіспеншілік пен адамгершілікке тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Ұя, құмырсқа, қамыс.

**1. Көрнекілік материалдар:** Көктемгі орманның суреті.

**2. Үлестірмелі материалдар:** Жәндіктер бейнеленген суреттер.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

**1.1.** Балаларға жәндікті атайтын балаға орнына отыруды ұсынамын. Балалар жәндіктерді атайды.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**2.1.** Балаларға «Дызылдақ шыбын» ертегісінен үзінді тыңдауды ұсынамын.

Ертегінің өлеңінен үзінді тыңдайды.

Қоңыздар, бәрі де шошынып,

Қуысқа, бұрышқа тығылып.

Біреуі де орынынан қозғалмай,

Қалды Шыбын құтқарылмай.

Ал Шегіртке, Шегіртке,

Скок-скок, скок-скок,

Тығылып қалды,

Үні жоқ.

- Жәндіктер неден қорықты?

Балаларға өрмекшіден қорқатын жәндіктерді еске түсіруді ұсынады. Өлеңде кездесетін жәндіктерді атайды.

- Қоңыздар қайда жасырынды?

- Өрмекшілер қайда жасырынды?

- Шегіртке қайда жасырынды?

**2.2.** «Жәндіктер қалай қозғалады?» дидактикалық ойыны.

Сурет бойынша сөйлем құрау. Жұлдызқұрт жыбырлайды, ал шегіртке ...

Көбелек ұшады, қоңыз ...

Ара ұшады, ал құрт ...

Шегіртке секіреді, ал шыбын...

**2.3.** «Бірінші және соңғы» дидактикалық ойыны.

Балаларға жәндіктердің атауларын атап ойнауды ұсынады. Бірінші бала жәндіктің атауын айтады. Келесі бала бірінші бала айтқан жәндіктің атауын қайталап, оған өзі тағы бір жәндіктің атауын қосады. Әр бала алдыңғы балалардың атаған жәндіктерін қайталап айтып, оған өздері тағы бір жәндіктің атауын қоса айтуы керек.

**2.4.** Сергіту сәті. «Жәндіктер».

Жел соғады, соғады,  
Құстар жерге қонады.  
Көбелектер тығылып,  
Дір-дір етіп тоңады.  
Жел кенеттен тынады,  
Күн де бұлттан шығады.  
Шегірткелер секіріп,  
Аралар да ұшады.  
Өлең мәтініне сәйкес қимылдарды орындайды.

### **2.5. «Сөзді таңда» дидактикалық ойыны.**

Жәндіктердің қимыл-қозғалыстарын білдіретін етістіктерді таңдайды.

Қоңыз - ұшады, жорғалайды, ызылдайды, жасырынады және тағы басқа.

Ара - ұшады, еңбектенеді, жинайды, ызылдайды, көмектеседі, шағады және тағы басқа.

(Етістіктер: ұшады, қанатын жаяды, пырылдап ұшады, жорғалайды, секіреді, сорады, шағады, жинайды, ызылдайды, шуылдайды, мазалайды, тістейді,

көмектеседі, жасырынады, ұйықтайды, оянады, шығады, еңбектенеді, тасиды.)

Жәндіктердің атауларын еркелетіп атайды.

Қоңыз - қоңызым.

Ара - аратайым.

Көбелек - көбелегім.

### **2.6. «Сымсыз телефон» дидактикалық ойыны.**

Балалар қатарға тізіліп отырады. Логопед қатардың басында отырған балаға бір сөзді сыбырлап айтады. Балалар сөзді бір-біріне сыбырлап қайталайды. Қатардың аяғында отырған бала есіткен сөзін дауыстап айтады. Егер ойын басында айтылған сөз өзгеріп кеткен болса, оны қатардағы қай бала өзгертіп алғаны анықталады. Барлық бала сөзді өздері қалай естігендерін айтады. Сөзді бұзып алған бала қатардың соңына отырады. Ойын осылай жалғасады. (2-3 рет қайталау.)

## **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

### **«Не жоқ?» дидактикалық ойыны.**

Балалардың алдына жәндіктердің суреттерін тізіп қоямын. Балалар суреттерді естеріне сақтайды. Балалардан теріс қарап тұруларын сұраймын. Сол кезде бір жәндіктің суретін алып тастайды. Балалар кері бұрылғанда қай жәндіктің суреті жетіспей тұрғанын табу керек.

### **Күтілетін нәтиже.**

Жәндіктердің атауларын біледі.

Жәндіктердің қайда мекендейтіні, немен қоректенетіні, не үшін қажет екені туралы түсініктері болады.

Демеуліктерді қолдану білігін бекітеді, жұрнақтардың көмегімен сөздерді түрлендіруді, күрделі сөйлемдерді құрастыруды меңгереді.

## Тақырыбы: Ауылшаруашылық еңбегі.

Өтілетін күні: 02-05.05.2023ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Адамның даладағы және фермадаға еңбегімен таныстыру. Сөйлемдерді бірыңғай бастауыштармен тарқату, сөздерге еркелету және кішірейту мағынасын беріп қолдануға жаттықтыру. Әңгімені құрастыру барысында балалардың сөз тіркесетерін қолданып сөйлеуін дамыту. Зейін, еске сақтауды дамыту. Әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарау сезімін тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Ферма, сиыр қора, ат қора, шошқа қора, құс қора.

1. **Көрнекілік материалдар:** Ферма және құс ауласы бейнеленген суреттер.
2. **Үлестірмелі материалдар:** Әже қуыршағы.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

##### 1.1. Жақсылық шеңбері.

Балаларға бір-біріне жақсы сөздерді айтуды ұсынамын.

Балалар шеңбер құрып тұрады. Балалар қол ұстасып тұрып, бір-біріне жылы сөздер айтады.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

##### 2.1. Балаларды ауылға саяхатқа шақырады.

Балалар ауылға қандай көлікпен баратындарын таңдайды.

- Балалар, бізге ұшақпен немесе тікұшақпен ұшуға, кемемен жүзуге, метромен баруға болмай ма?

- Ауылға автобуспен барамыз.

Балалар автобуспен ауылға кетіп бара жатқанда логопед көркемсөз оқиды.

##### **Көркемсөз.**

**Нұрсұлтан Әлімқұлов «Кең дала».**

Алақай-ау, алақай!

Дала қандай кең еді!

Бәрі өзіміздей балақай,

Қырдың гүлін тереді.

Жайнап өскен гүліндей,

Ұлымын кең даланың.

Өзім туған үйімдей,

Аунап-қунап аламын.

##### 2.2. Балаларға бір-бірінің есімдерін еркелетіп атап шығуды ұсынады. (Мысалы:

Арман - Армантай, Сәуле - Сәулем-ай, Әсет - Әсетжан, Бота - Боташым, Ботақан, Ерке - Еркетай, Еркеш, Есен - Есентай, Есенжан, Бақыт - Бақытжан.)

Балалар бір-бірінің есімдеріне еркелету және кішірейту мағынасын беру арқылы атап шығады.

##### 2.3. Балаларды әже қарсы алады. Ол балаларды фермаға шақырады. Балалар әжемен амандасады.

Балалар:

- Сәлеметсіз бе, әже!

Әже:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Балаларға ферма бейнеленген суретті көрсетеді. Суретті бірге - Балалар, ферма дегеніміз не?

- «Мал ауласы» атауы қайдан шыққан?

- Фермада қандай жануарлар тұрады?

- Адамдар сиырларды неге көп ұстайды?

- Фермадан кейін сүт қайда жеткізіледі?

- Фермада кім жұмыс істейді, жануарларға кім күтім жасайды?

- Жылқылар қайда тұрады?

- Жылқыларды кім қарайды?

- Көктемде, жаз мезгілінде сиырлар мен жылқыларды кім бағады?

- Ауылда құс ауласы бар.

Құс ауласының суретін көрсетеді.қарастырады.

- Құс ауласында қандай құстар бар?

- Құстарға кім қамқорлық жасайды?

- Құстарды орыс тілінде қалай атаймыз?

Суреттерді қарастырады.

## **2.4. Сергіту сәті.**

### **«Көктем».**

Көктем, көктем, көктемде

Құстар келіп жеткенде.

Қуанып бір қаламыз.

Әнмен қарсы аламыз

Көктем қандай көңілді,

Күміс жаңбыр төгілді.

Мөлдір аспан ашылып,

Күн пердесі сөгілді.

Көкке бояп өңірді,

Көктем келді көңілді.

Бау-бақшада, орманда

Құстар әні төгілді.

Өлең мәтініне сәйкес қимылдарды орындайды.

## **2.5. Логопед балаларға әжемен қоштасып, автобуспен балабақшаға оралуды ұсынады.**

- Балалар, фермада кімдерді көрдіңдер?

- Адам көп жануарларды не үшін бағады?

- Жануарларға кімдер күтім жасайды?

- Адамдар жануарларға қалай қарайды?

- Сиырлар тұратын жер қалай аталады? Шошқа тұратын жер? Жылқы тұратын жер?

Үй құстары тұратын жер?

Ауылға саяхат туралы әңгіме құрастыруды ұсынады.

## **2.6. Көркемсөз.**

### **Ел аузынан. «Малдың баласын сүйюі».**

Қой сүйеді баласын қоңырым деп,

Ештеңені білмеген момыным деп.

Сиыр сүйеді баласын торпағым деп,

Қараңғыда баспаған қорқағым деп.

Түйе сүйеді баласын тайлағым деп,

Жабу жапса жарасқан жайнағым деп.

Ешкі сүйеді баласын лағым деп,

Тастан-тасқа секірген шұнағым деп.

Жылқы сүйеді баласын шұбарым деп,

Жүгіруден жазбаған тұлпарым деп.

Логопед балаларға тақпақты мәнерлеп оқып береді. Балалар мұқият тыңдайды.

Логопед балалардан тақпақта айтылған үй жануарларының төлдерінің атауларын нақтылайды. Әр жануардың төлін қандай сөздермен еркелетіп атауға болатынын сұрайды.

### **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

Балаларға жаңылтпашты қайталантқызамын.

#### **Жаңылтпаш.**

Ағам талай ат тағалады

Ағам қалай ат тағалады?

Балалар жаңылтпашты алдымен баяу, содан кейін жылдам қайталайды.

#### **Күтілетін нәтиже.**

Фермада тұратын үй жануарларын біледі.

Адамның фермадағы еңбегі туралы түсініктері болады.

Сөйлемдерді бірыңғай бастауыштармен тарқатуды, сөздерге еркелету және кішірейту мағынасын беріп қолдануды меңгереді.

## Тақырыбы: Ауылшаруашылық еңбегі. (Жалғасы)

Өтілетін күні: 08-12.05.2023ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Адамның даладағы және фермадағы еңбегімен таныстыру. Егістіктердің шақтарын өзгертуді, егістіктерден зат есімді жасауды үйрету. Зейін, еске сақтауды дамыту. Өртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарау сезімін тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Ферма, трактор, сепкі (сеялка), соқа, тырма (борона), қара жер, тракторшы, агроном.

**1. Көрнекілік материалдар:** Көктемгі егістікте тракторлар бейнеленген сурет.

**2. Үлестірмелі материалдар:** Әже қуыршақ, жер контейнерлері, таяқшалар, су сепкіш, тұқымдар.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

##### 1.1. Жақсылық шеңбері.

Балалар үлкен шеңберде қол ұстасып тұрады. Балалар бір-біріне жақсы сөздер айтады.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

##### 2.1. Балаларды ауылға саяхатқа шақырады.

Балалар ауылға қандай көлікпен баратындарын таңдайды.

Балалар:

- Ауылға автобуспен барамыз.

Балалар автобуспен ауылға кетіп бара жатқанда логопед көркемсөз оқиды.

#### Көркемсөз.

**Ескен Елубаев «Туған дала».**

Мезгіл келіп жеткенде

Сыбызғылы, сырнайлы.

Күн мейірін төккенде

Бозторғайлар жырлайды.

Ақ жаңбырға шомылып

Туған жердің алабы,

Қызғалдаққа көміліп,

Көздің жауын алады.

Балаларды әже қарсы алады. Ол балаларды фермаға шақырады. Балалар әжемен амандасады.

Балалар:

- Сәлеметсіз бе, әже!

Әже:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар! - Балалар, көктемде ауылда адамдар не істейді?

Көктем сөзін орыс және ағылшын тілдерінде атауды ұсынады.

Көктемде далада жұмыс істейтін трактор бейнеленген суретті көрсетеді.

- Егістікте қар еріген бойда ауылда көктемгі жұмыстар басталады. Қысқа уақыт ішінде, топырақ толық құрғап кетпей тұрып, нан мен көгөніс өсімдіктерінің тұқымын сеуіп, картоп отырғызуды үлгеру керек.

Көгөністерді орыс тілінде атауды ұсынады.

- Көктемде далада қандай көліктер жұмыс істейді? (Тракторлар мен сепкілер.)

##### 2.2. Өлеңді тыңдауды ұсынады.

Тракторлар егістікке шығады,  
Соқаларды тіркемеде тартады.  
Қара жерді аянбай-ақ жыртады.

- Тракторшылар жерді егістікке қалай дайындайды? (Жерді соқамен жыртады.)
- Тракторда кім жұмыс істейді?
- Тракторшылар не істейді? (Жер жыртады.)
- Содан кейін алаңға тырма шығады. Ол не істейді?

Қара топырақтың кесектерін үгітіп шығады.  
Өлеңді тыңдайды.

Тырма жерді тырмалап,  
Үгітеді топырақты.

Барлық жерді аралап,

Тырмалайды тастақты.

- Тырма не істейді? (Жерді тырмалайды.)
- Топырақ кесектерін не үгітті? (Тырма.)
- Содан кейін агроном жерді тексереді.
- Жер қандай болуы керек деп ойлайсыңдар?
- Астық қандай көліктердің көмегімен себіледі?

Өлеңді тыңдайды.

Алтын дәнім, жата ғой,

Жер қойнына бата ғой.

- Сепкілер не істейді? (Астықты себеді.)
- Егіншілер не істейді? (Егін егеді.)

### **2.3. Сергіту сәті.**

**«Ақ бидай».**

Жайқалады ақ бидай

Ырғалады желменнен.

Трактор мен комбайн

Оруға дайындалып келген.

Өлең мәтініне сәйкес қимылдарды орындайды.

### **2.4. Әже балаларға қияр тұқымын құмыраларға егуді ұсынады.**

Логопед балаларға тұқымдарды қарастыруға береді.

Балалар сұрақтарға жауап береді.

- Себу үшін бізге не қажет?

Балаларға топырақтағы ойықтардың тереңдігіне және олардың арасындағы арақашықтыққа назарларын аудартады.

- Өсімдіктер мен тұқымдар өсу үшін не қажет?

Балалар сұрақтарға жауап береді.

Тұқымдар топыраққа себіледі. Балалар топырақты су сепкімен суғарады.

## **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

Балалар әжемен қоштасады. Балалар автобуспен балабақшаға қайтады.

**Күтілетін нәтиже.**

Көктемгі егістік жұмыстары туралы біледі.

Адамның көктемгі егіс даласындағы еңбегі туралы түсініктері болады.

Егістіктердің шақтарын өзгертуді, егістіктерден зат есімдерді жасауды меңгереді.

## Тақырыбы: Гүлдер

Өтілетін күні: 15-19.05.2023ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Балаларды көктемгі гүлдермен таныстыру, бақша мен дала гүлдерін ажыратуды үйрету. Зат есімдерді сан есімдер және сын есімдермен үйлестіру білігін бекіту. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Алтын доп, ақкекіре (астра), құлқайыр (мальва), ирис (жыланқияқ), ботакөз (незабудка).

**1. Көрнекілік материалдар:** Тақырып бойынша заттық суреттер.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

**1.1.** Балаларға көктемнің белгілерін атауды ұсынамын. Балалар көктемнің белгілерін атайды.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

##### 2.1. Жұмбақ шешу.

Өзіне шап-шақ,

Киген қалпағы аппақ.

Балалар тұр қаптап. (Бақбақ.)

Жасыл аяқта ақ бұршақ. (Инжугүл.)

Әппақ өңі тартымды,

Қасиетті гүл қашанғы,

Халық одан әртүрлі

Дәрі-дәрмек жасайды. (Түймедақ.)

Қар астында қыстады,

Жасылмен бөркін тыстады. (Бәйшешек.)

- Балалар, бүгін біз не туралы сөйлесеміз деп ойлайсыңдар?

- Гүлдерді орыс тілінде қалай атауға болады?

Балаларға көктемгі гүлдердің суреттерін көрсетемін.

- Сендер осы гүлдердің қайсын білесіңдер?

##### 2.2. Көркемсөз.

**Өтебай Тұрманжанов «Гүлдер».**

Балалар-ау, балалар!

Шақырады далалар.

Жаз келді гүл алып,

Құстар келді жыр алып.

Қос білекті сыбанып,

Жүгірейік қуанып.

Қыр басына шығайық,

Көктем тілін ұғайық.



Қызғалдақты терейік,  
Теріп үйге келейік.  
Көбелектей киінген,  
Гүлді көріп сүйінген,  
Алақайлап жүгірген,  
Қып-қызыл бет – бүлдірген,  
Қарындасқа қаршадай,  
Жас балапан аршадай,  
Гүлдің шоғын берейік,  
Қуанғанын көрейік.

Балалар тақпақты тыңдайды, сұрақтарға жауап береді.

- Балалар, далада қандай гүлдер өседі? Бақта қандай гүлдер өседі деп ойлайсыңдар?
- Далада, бақта өсетін гүлдерді қалай атауға болады?
- Олардың айырмашылығы неде деп ойлайсыңдар?

### **2.3. Сергіту сәті.**

#### **«Көңілді балапандар».**

Балапандар басады,  
Аяқтарын топ, топ!  
Топ топ! Топ топ!  
Аяқтары шаршаса,  
Қанаттарын қағады:  
Шарт! Шарт! Шарт! Шарт!  
Содан кейін отырып,  
Әсем биді билейді.  
Шиқ! Шиқ! Шиқ! Шиқ!  
Олар қашса, егер де,  
Ұстай алмас, ешкім де.  
Өлең мәтініне сәйкес қимылдарды орындайды.

### **2.4. «Біреу - көп» дидактикалық ойыны.**

Балалар гүл атаулары көпше түрде айтады.

Бәйшешек - бәйшешектер.

Інжугүл - ...

Бақбақ - ...

Қызғалдақ - ...

Нәркес

Раушан - ...

### **2.5. «Белгісін тап» дидактикалық ойыны.**

Бәйшешек қандай? - (нәзік, ақ, көк, кішкентай).

Інжугүл - ...

Бақбақ - ...

Қызғалдақ - ...

Нәркес

Раушан - ...

## **2.6. «Беске дейін сана» дидактикалық ойыны.**

Бір қызыл қызғалдақ - екі қызыл қызғалдақ, ...

Зат есімдерді, сын есімдермен және сан есімдермен үйлестіріп гүлдерді санайды.

## **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

**Саусақ гимнастикасы.**

**Көркемсөз.**

**Тілеуғазы Бейсембеков «Гүл».**

Өзім еккен былтырғы (екі қолдың саусақтарымен дән себуді көрсету)

Ауламызда гүл тұрды.

Мен күн сайын суардым, (гүл суару қимылын көрсету)

Ол күн сайын құлпырды. (екі қолды бастан жоғары көтеру)

Қайтқанда да ойыннан (бір орында жүру)

Гүл кетпеді ойымнан.

Тез өсті де бойы оның, (екі қолды төбеге көтеру)

Асып кетті бойымнан. (екі қолды бастан жоғары көтеру)

Логопед балаларға тақпақты мәнерлеп оқиды. Балалармен бірге қайталап оқып, мәтін мазмұны бойынша қимылдарды көрсетеді.

**Күтілетін нәтиже.**

Көктемгі гүлдерді біледі.

Дала және бақша гүлдері туралы түсініктері болады.

Зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдермен үйлестіруді меңгереді.

## Тақырыбы: Жаз

Өтілетін күні: 22-26.05.2023ж

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҚСАТЫ

Жаз, оның белгілері, жазғы ойын-сауық туралы білімді игеруге ықпал ету. «Ал» қарсылықты жалғаулық шылауы (противительный союз «а») арқылы күрделі сөйлемдерді құрастыру біліктерін бекіту. Зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Тірі табиғатқа сүйіспеншілік пен адамгершілік танытуға тәрбиелеу.

**СӨЗДІК ЖҰМЫС:** Шалғын, гүлтәж, жағалау.

**1. Көрнекілік материалдар:** Тақырып бойынша сюжеттік суреттер.

### ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ БАРЫСЫ

#### 1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

**1.1.** Сөздерге сәйкес келетін белгіні таңдаған балаға отыруды ұсынамын. «Күн (қандай?), Бұлттар (қандай?)», аспан, жел, жаңбыр және тағы басқа. Балалар анықтамаларды айтып отырады.

#### 2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**2.1.** Балаларға жаз айлары мен жаздың белгілерін атауды ұсынады.  
- Балалар, бүгін жылдың қай мезгілі туралы айтамыз?

**«Не дұрыс емес?» дидактикалық ойыны.**

Мақсаты: мәтіннің мағынасындағы сәйкессіздіктерді анықтау.

Шарты: логопед балаларға сөйлемдерді оқиды. Балалар мұқият тыңдайды. Балалар сөйлемнің мағынасындағы қателікті табады. Сөйлемнің мағынасындағы қателікті түзетеді.

1. Жаз - жылдың ең суық мезгілі.
2. Далада күн ыстық болғанда біз жылы киінеміз.
3. Жаңбырлы күндерде ғана далада жүру керек.

**2.2. Логопед балаларға әңгімені тыңдауды ұсынады.**

Айша мен Айна шалғында қыдырып жүрді. Гүлдерді жинады, гүлтәжін өрді. Ал, шалғынға жақын жерде өзен ағып жатты. Құмы бар жағалау, таза суы жып-жылы, ал бұндай жерге қалай суға түспейсің! Айша мен Айна өзенге қарай жүгірді. Киімдерін жағаға шешіп, суға шомылуға кетті.

- Айша мен Айна қайда жүрді?
- Олар орманда не істеді?
- Қыздар шомылғылары келген кезде қайда жүгірді?
- Өзендегі су қандай болды?
- Жағалау қандай?

**2.3. «Керісінше айт» дидактикалық ойыны.**

Айша сүт ішеді, ал Арман ...

Айша ойыншықтарын жинайды, ал Ержан ....

Болат мектепке барады, ал Маржан ...

Сөздерді аналогия бойынша таңдауды ұсынады.  
Айна шомылады, мен де ...  
Айна шешінеді, мен де ...  
Айна жуынады, мен де ...  
Айна киінеді, мен де ...  
Өлең мәтініне сәйкес қимылдарды орындайды.

#### **2.4. Сергіту сәті.**

##### **«Шегіртке».**

Ұзын мұртты шегіртке  
Келе жатыр жұмысқа  
Допты алып қолына  
Қойды оны жолына.  
О, шегіртке, шегіртке,  
Оң жағына қарады.  
Сол жағына қарады,  
Тау екен деп ойлады.

#### **2.5. «Сөйлемді аяқта» дидактикалық ойыны.**

Жазда суға түсеміз, ал қыста ...  
Балықтар жүзеді, ал құстар ...  
Мен бәліш жедім, ал Айнұр ...  
Қайық жүзеді, ал ұшақ ...  
Сөйлемді дұрыс грамматикалық түрде аяқтайды.

**2.6.** Әңгімені тағы бір рет қайталау үшін, балаларға оны қайта тыңдауға дағдыландырамын. Балаларға әңгімені қайталатып, әңгіме мәтінін өздігінен айтып береді.

### **3. ҚОРЫТЫНДЫ**

#### **«Саусақ гимнастикасы».**

Мына саусақ орманға барды,  
Мына саусақ саңырауқұлақ тапты,  
Мына саусақ оны қуырды,  
Мына саусақ қуырды,  
Мына саусақ барлығын жеп қойды.  
Балалар әр екпінді буында «шылдыр шүмек» саусақтан бастап, барлық саусақтарды бас бармаққа тигізіп шығады.

#### **Күтілетін нәтиже.**

Жаз мезгілін біледі.  
Жазғы ойын-сауық туралы түсініктері болады.